ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
«ШОҚАН ЖОЛДАРЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛІСТІГІ

# АДАМЗАТТА ҰЛ ТУМАС МЕНДЕЙ ҚҰМАЙ (Иманжүсіптің мәдени-тарихи портреті)

**ӘОЖ 821.512.122**
**КБЖ 84 (5каз) 7-5**
**А24**

**Редакция алқасы:**
Арын Е.М. (бас редактор),
Өмірбаев С.М. (бас редактордың орынбасары),
Көшенова Р.Н. (құрастырушы, жауапты редактор),
Қадысова Р.Ж., Ержанов Н.Т., Ақышев А.А., Сүлейменова Г.Н., Тлеулинова Г.Қ., Садриденов А.М.
Бектемирова А.Т. (техникалық редактор)

**АДАМЗАТТА ҰЛ ТУМАС МЕНДЕЙ ҚҰМАЙ (Иманжүсіптің мәдени-тарихи портреті)**

ISBN 978-601-238-312-6

Бұл жинаққа Иманжүсіптің 150-жылдығына арналған Иманжүсіптің өз әндері және ол туралы әр кездері жазылған мақалалар, ой-толғамдар және арнаулар қамтылған.

Жинақ ғылыми қызметкерлерге, аспиранттарға, жоғары оқу орындары мен мектеп оқытушыларына, студенттерге, сондай-ақ Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығы жайлы мағлұмат алғысы келетін жалпы көпшілік қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5каз) 7-5

ISBN 978-601-238-312-6
©С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013



## ИМАНЖҮСІП ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫНДА

**Раушан ИМАНЖҮСІП, Айсәуле ҚАЙРАТ**

Қазақ халқы з тарихында ұлы оқиғалар мен әйгілі есімдерді, тарихи тұлғаларды ешқашан естен шығарған емес. Олар жайлы ел аузында аңыз-әңгімелер, көптеген деректер қалып отырған.

1960-90 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі проза мен поэзия жанрында тарихи тұлғаларды, олардың тағдыры мен есте қаларлықтай бейнесін, өмір тіршілігі сол кезеңдердегі әлеуметтік ортамен, қоғамдық-саяси шындықпен астастыра, сабақтастыра бірлікте бейнелеген көркем шығармалар дүниеге келіп жатты. Тарихи тұлғалар бейнесін көркем әдебиетте кескіндей отырып, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдырған ақын-жазушылар шығармалары төл әдебиетімізді жаңа бір белеске көтерді.

Әдебиетте халықтың ардақты перзенттері өмірінен шығарма жазып, көркемдік бейнесін туынды өзегіне айналдыру - барша халыққа тән дәстүр. Қазақ әдебиетінде осы дәстүрді жаңғыртып, жаңа қырынан танытқан көрнекті жазушыларымыз аз емес. Тарихи тақырыптарды шығармаларына арқау еткен, әсіресе өнер тақырыбын, яғни сол өнерді дүниеге әкелетін өнерпаздар тағдырын сол кезеңдердегі тарихи, әлеуметтік-қоғамдық шындықпен сабақтастыра бейнелеу мақсатындағы айтулы, салмақты көркем туындыларымен оқырмандар жүрегіне жол таба алды. Олар: Т. Әлімқұлов «Қара қобыз», С. Бақбергенов «Қайран шешем», Ә.Әлімжанов «Махамбеттің жебесі», Ә. Кекілбаев «Күй», І. Жақанов «Ықылас», Ә. Тәжібаев «Құрманғазы», Ж. Мусин «Балқадиша», З. Ақышев «Шынардың шыбығы», «Иманжүсіп», С. Жүнісов «Ақан сері», т. б.

Қазақ қаламгерлерінің осынау қазақ тарихындағы белгілі тұлғалардың бейнесін, яғни көркемдік болмысын сомдау мақсатындағы жүзеге асыра алған көркемдік әдіс-тәсілдерінің ең бір құнарлы, өнімді арнасы прототип, көркем образбен терең байланысып жатқандығын аңғарамыз.

Өмір шындығын, қоғам шындығын айқын танытуда көркем әдебиеттің орны айрықша. Тарихи тақырыпта ой қозғап, қазақ елінің, қазақ ұлтының әр ғасырда әрқилы тағдыр кешкен ақтаңдақ, біртуар тұлғаларының ел тарихындағы орнына баға берген, олардың күрделі бейнесін көркемдік тұрғыдан жинақтаған қаламгерлер қазақ прозасы мен поэзиясын жаңа қырынан танытты. Қазақ қаламгерлері мен ақын-жазушылары тарихи тұлғалар, соның ішінде өнер адамдарының, ел бүтіндігі мен бостандығы үшін құрбан болған азаматтардың көркем әдебиеттегі бейнесін шебер сомдай білді. Балуан Шолақ, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Иманжүсіп сынды сегіз қырлы, бір сырлы, өнерпаз, күрескер тұлғалар, өнер тарландарының күрделі бейнесін көркем шығармаларының өзегіне айналдырған Сәбит Мұқанов, Сопы Сматаев, Сәкен Жүнісов, Әнуарбек Бақбергенов, Зейтін Ақышев сияқты жазушылар кейіпкер болмысының оқшаулығын, даралығын танытты. Аталған тұлғалардың өмірі мен тағдырынан сыр шерткен қаламгерлер өз шығармаларында тарихи кезең шындығын, өнер болмысы мен өмір табиғатын терең түсінетінін көрсетті. Жазушылар

осы аталған өнер саңлақтарының өмір кешкен заманының әлеуметтік ортасын нақты, тарихи оқиғалар арнасында ашып көрсетететіндігі көзге түседі. Бұл туындылар арқылы өмірдегі тұлға мен өнердегі бейне арасындағы айырмашылық пен ұқсастық қаншалықты екенін танытты. Қазақ жүрегіне соншама жақын, тарихымызда өз орны бар Иманжүсіп, Балуан Шолақ, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса сынды тұлғалар көркем шығармаларда текті, өр мінезді, қайсар, ақын-сазгер, езілген елге қамқоршы, отарлау саясатына мойымаған, қайраткер, әділет жоқтаушысы, мейірімді сері мінездің иелері ретінде суреттеледі. Өнер қайраткерлерінің көркем бейнесін сомдау арқылы сол заман шындығы мен шырғалаңын ақын-жазушылар көркем бейне арқылы аша білді.

Көркем шығармаларға өзек болған сондай тұлғалардың бірегейі – Иманжүсіп Құтпанұлы (1863-1931). Көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаев: «Иманжүсіп – көз жетер жердегі аса бір әйгілі де асқақ тұлға. Ол бүтін болмысымен аса зерделі суреткер, композитор, ұлы әнші-сазгер. Өзінің бітім табиғаты бойынша – нағыз дала көкжалы. Ол мүлде қайталанбас, қатардағы екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлікке барып, адамдардың жүрегінен орын алып, аты аңызға айналды. Ол өзінің айбынымен, кез келген астамшылық, үстемдікке бас ұрмайтын мінезімен, қалың әлеуметке тізесі батқан кесір-кесапат атаулының қандайына да қасқайып қарсы шығатын қасиетімен әлі талай келер ұрпақтың өкілдерін тамсантатын болады», - деп баға берген батыр есімінің қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихында орны айтулы ерекше.

Ақ балдақ алмасымның сынығысың,
Шынардың шыңға біткен шыбығысың.
Бәйгі аттай жұрттан озған заманында,
Арда емген арғымақтың сынығысың, -

деп, атақты жырау Мәнсұр Бекежанов жыр төккендей, Иманжүсіп Құтпанұлы – сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі, әнші-композитор, сазгер, батыр, күрескер тұлға. Батыр есімі көркем шығармаларға азық болды.

Тамыры терең тарихқа үңілетін болсақ, ел тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрес жолында небір ұлт қайраткерлері құрбан болды. Қиын да қилы жылдары ұлттың ұлт болып қалыптасу жолындағы күрестерде елдік пен өрліктің, тірлік пен болашақтың символындай болған асыл ерлер қазақтың жер бетінен жойылып кетпей тілін, мәдениетін, өнерін сақтап қалуға барынша атсалысты. Сондай тұлғалардың бірі – Иманжүсіп Құтпанұлы. Ел бүтіндігін, халық бірлігін қызғыштай қорыды, ақылы мен жүрегін бір арнаға тоғыстырып, елі үшін қызмет етті. Өткен ғасырдың нәубеті талай жандардың тамырына балта шауып, солақай саясаттың қан тамған қылышына іліктірді. Ендігі міндет – сол сұмдықтың шындығын ашып, бүгінгі жас буынға асыл азаматтардың өмір жолы, артына қалдырған мол мұраларының мәнісін түсіндіру.

Ел болашағы – білімді ұрпақ. Бүгінгі ұрпақ ел ұлдарының тарихтағы орнын түсініп, аттарын ардақтап, төбесіне көтерсе, әспеттесе – ақтаңдақ тұлғалардың армандарының орындалғаны. Айтулы азаматтардың тарихи рөлін бағалау – бүгінгі күнгі жауапты іс, өзекті мәселе.



Батыр туралы мұрағат деректерін, Иманжүсіп Құтпанұлының өмірі мен шығармашылығы, түп тамырына қатысты жазылған ғылыми мақалаларды, оның ұрпақтарының, замандастарының естеліктерін саралап, серінің өмірі арқау болған көркем шығармаларға талдау жасап, сол арқылы Иманжүсіптің тарихи келбеті мен көркем бейнесін жасау, өмірде болған тұлғамен байланыстыру, өмірдегі Иманжүсіп пен өнердегі Иманжүсіп арасындағы айырмашылық пен ұқсастықтарды батыр өмірі мен шығармашылығы, ол өмір сүрген әлеуметтік-қоғамдық жағдай шындығына қатысты жарық көрген көркем шығармалар (өлең, поэма, дастан, әңгіме, естелік, роман), еңбектер мен энциклопедиялық мәліметтерге сүйене отырып, Иманжүсіптің көркем әдебиеттегі бейнесі мен мәдени-тарихи портретін ашуды мақсат тұттық.

Иманжүсіп Құтпанұлының тікелей ұрпағы, немересі, ғалым, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі - Раушан Нұрханқызы. Ақтаңдақ тұлға Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығын зерттеуде, насихаттауда Раушан апайымыздың еңбегі зор. Раушан Нұрханқызы «Иманжүсіп» еңбегінде мынандай бір естелік жазады: «Балалық шақтардан естеліктерді Ақылбек ағаймен кездесуден бастайын. Кенет маған қарап отырып былай деді: «Міне, мынаның көзінен от көріп тұрмын». Бала кездегі ең маңызды көріністердің бірі – бұл Ақылбек ағаймен бірге ол бастық болып істейтін Волковское бөлімшесіне барғанымыз. Тарантасқа қос қара ат жегілді, орындыққа делбеші жайғасты. Мен тарантаста жылқыларды бақылап отырғанмын. Кенет, неден екені белгісіз, жылқылар ыта жөнелді. Қорыққаннан делбеге жармасып, оны өзіме тартып «тпру» деп айғайлаудың орнына, бар күшіммен делбені сілкіп, «но, но» деп өкіріп жыладым. Артыма бұрылып қарағанда бірнәрсе деп айғайлап, тарантастың соңынан ағайым мен делбешінің жүгіріп келе жатқанын көрдім, сәлден кейін оларды шаңның қалың шымылдығы менің көзімнен жасырып тастады.

Жел құлағыма ысқырып, шаң аузымды, көзімді жауып қалды, қорқынышты болды, маған аттар ешқашан тоқтамайтын сияқты болып көрінді. Кенет біздің жолымызға тосқауыл болып тұрған, алысыта жатқан көлді көрдім. Аттардың тоқтайтын түрі көрінбейді, басқа амал жоқ деп шештім де, делбені тастап, бар күшіммен тарантастан секіріп кеттім...

Ең таңқаларлығы, сары топырақтың жұмсақ, терең қабатына топ ете түскен мен ешқандай зақымданған жоқпын. Өздеріне өздері ие болған жылқылар өзенге дейін шауып барып, жағалауға тоқтады. Осы кезде ағайым жүгіріп келіп, қолын аспанға жайып, менің кереметпен аман қалғаным үшін бабалар мен әруақтарға алғысын жаудырды. Содан кейін мені көтеріп алып, толқи тұрып былай деді: «Мен айттым ғой, бұл – нағыз қасқыр! Бүгін сенің құрметіңе той жасаймын.

... – Дұрыс, басқаша қалай болады, ол – қасқыр ғой, дейтін менің жетістіктерім туралы естігенде Ақылбек ағай. – Ол нағыз өз атасының немересі».

Арқаны мекен етіп, Ерейменді қоныс қылған бабасының мұрасын Арқада туып-өсіп, Алматыда көп жыл еңбектенген, бүгінде Көкшенің тұрғыны ғалым Раушан Көшенова Иманжүсіп Құтпанұлының өмір тарихы мен шығармашылығын 1992 жылдан бастап зерттеу үстінде. Аяулы апамыз өз әкесі Нұрханның соңғы

аманатын бүгінде орындағандай. Қайтар алдында ол кісі Иманжүсіп әкесінің суреті мен жатқан жерін тауып бер деп тапсырған екен қызына. Өнер саңлағы Жәнібек Кәрменов Ленинград қаласынан алып келген Иманжүсіптің суретін тауып, оны Раушан Нұрханқызы қалың жұртшылыққа таныстырады. Ал атасының жатқан жері Тараз қаласының іргесінде екенін анықтайды. Раушан апайдың әкесі Нұрхан – текті әулеттің тұқымы. Өзі де өлең жазып, ән-жырға құмар болған:

Ер жігіт тіршілікте не көрмейді,
Бұл басқа аз өмірде не келмейді.
Жақсылық жамандықпен екеуі - егіз,
Соқтырмай жазылғанға жібермейді.

«Ат аунаған жерде түк қалады» дегендей, арғы атасы Тұрғанбай датқа сынды текті тұлға ұрпағымен көгеріп, мәңгілік жасай беретіндігіне сеніміміз кәміл.

Ғасырлар қойнауымен ұштасып жатқан қазақ мәдениетінің тарихында халық ауыз әдебиеті мен өнерінің, әнші-сазгерлердің, сал-серілердің орны ерекше екені мәлім. XIX ғасырдың екінші жартысы сол кездегі қазақ музыка өнерінің шырқау шыңына жеткен кезі болатын. Халық арасынан шыққан өнер саңлақтары Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сарымалай, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Мәди және тағы басқалары қазақ музыкасының классикалық туындыларын дүниеге әкелді. Осы бір алыптар шоғырының дәстүрін жалғастырған жарқын жұлдыздар қатарында Иманжүсіп Құтпанұлы да бар. Иманжүсіптің кім екенін, шығармашылық мұрасын, дүниетанымын түсіну үшін оның өмір жолына, заманының хал-ахуалына, жүрген ортасына назар аударған жөн. Халық композиторы, әнші, ақын, ел бүтіндігі мен бостандығы үшін арпалысып өткен ер – Иманжүсіп Құтпанұлы (1863-1931).

Жүз қатыны қазақтың ұл тапса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды! –

деп, өзін-өзі танып, қайрат пен дарынды бір бойына сіңірген Иманжүсіп Құтпанұлының есімі – тарих беттерінде алтын әріппен жазылуға лайық дара тұлға. Ұлттың азаттығы мен бостандығы жолында күрескен батыр, ақтаңгер ақын, дәулескер композитор. Ғалым Берік Жүсіпов: «Иманжүсіп – қазақ мәдениетіндегі шынар тұлға, бағасын білген өнерпаз. Оның серілік салтанат-сейілді паш еткен бостан ойлы өлең-жырлары мен «Сарыарқа», «Сармойын», «Әкем Құтпан», «Сарыбел», «Бұғылы-Тағылы», «Ерейментау», «Сейфіл мәлік» сияқты сом алтыннан құйылған інжу-маржан әндері ұлт руханиятының керегесін кеңейткен кемел дүниелер. Иманжүсіптей текті тұлғаның талассыз тағдыры, бұғауға бағынбаған бұлалығы бүгінгі ұрпақ үшін өлмес өнеге»,- деп көрсетеді.

Ал әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібай: «Иманжүсіп туралы сөзді оның «өзінен» емес, ата-тегінен бастаудың қажеттігі бар. Ел мүддесіне адалдық, озбырлыққа өшпенділік Иманжүсіпке ата-бабасынан дарыған дәстүр екенін айтқымыз келеді. Тым әрігебармағандабұлтарихтыңбіржарымғасырғажуықуақыттықамтитынынкөреміз»,- дей келе, «Ерлік пен намыс жыршысы» деген мақаласында Иманжүсіп Құтпанұлының арғы атасы Тұрғанбай датқа және оның заманы туралы ой қозғайды. Сонымен бірге,



Тұрғанбай датқа туралы тарихи деректер «Шежірелі Шиелі» (энциклопедиялық тарихнама), «Шаштылар» (шежіре), Оразбек Сәрсенбайдың «Иманжүсіп» атты ғылыми мақаласында, Тынысбек Қоңыратбаевтың «Ертедегі ескерткіштер» деген зерттеу еңбегінде кеңінен баяндалып, түсінік беріледі. «Иманжүсіп – елінің азаттығы үшін арпалысып өткен ежелгі әулеттің асыл нәсілі болатын»,- дейді «Шаштылар» атты шежіре кітабында. Сыр елі қашан да, қай кезеңде де, қай ғасырда болсын ірі-ірі тұлғалардан кенде қалмаған. Соның ішінде XIX ғасырдың алғашқы жартысын алсақ, көш бастар кемел кемеңгерлігімен, алқалы топта алдына жан салмас ділмәр шешендігімен, екіталай күн туғанда елге қалқан болар хас батырлығымен даңқы шыққан дүлдүлдердің ерен есімдерін тарихқа алтын әріптермен жазып қалдырғаны да ақиқат. Сондай тарихи тұлғалардың бірі – Тұрғанбай Сіргебайұлы Кеншімбай. Тұрғанбай - Сыр бойын мекендеген қыпшақтар ішіндегі жетіру-шаштыдан шыққан атақты датқа. Иманжүсіптің атасы Тұрғанбай датқа (1794-1850) Қоқан хандығына қарсы азаттық қозғалысты бастап шығып, Түркістан шаһарында қапияда қазаға ұшырайды. Ол Қоқан қарауындағы Түркістанның Шілік деген жерінде беделді датқа болған. Қоқан ұлықтарына қызмет еткен Тұрғанбай кезінде парасаттылығымен үлкен бедел иеленіп, тұстастарынан иығы асып тұрған. Бірақ Тұрғанбай өкімет адамдарының айтқанына көніп, айдауына жүре бермеген, қандай мәселені де әділдік таразысына салып шешуге ұмтылған. Датқаның бұл мінезі Қоқан билеушілеріне жақпай әрі екі арада шағыстырушылар көбейіп, ақырында тыюсыз кеткен Қоқан үкімдары Тұрғанбайдың аулын шауып, қолға түскен адамның бәрін набыт етіп, малдарын айдап әкетеді. Профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың аңыз-әңгімелерге сүйеніп анықтауы бойынша, Тұрғанбайға қарасты қыпшақтарды қокандықтар көгенге байлап бауыздаған, датқаның үстіне ыстық су құйып өлтірген. Тұрғанбай аулын Қоқан әскерлері қырғанда оның әйелі үш жасар баласы Баймырза мен бес жасар қайнысы Басығараны алапат аласапыраннан аман алып шығып, ұлын жасырып қалады. Сол баланы Арқаға бара жатқан керуеншілер еліне әкетеді, оған Құтпан деп ат қояды. Иманжүсіптің әкесі Құтпан (Баймырза) Тұрғанбайұлы (1817-1914) бастан-аяқ Кенесарының ұлт-азаттық соғысына қатысқан. «Шаштылар» деп аталатын энциклопедиялық тарихнамада Баймырза (Құтпан) Тұрғанбайұлы туралы архив деректері мардымсыз екені, оның аты баласы Иманжүсіпке қатысты қағаздардың әр тұсында кездесетіндігі айтылады. «Оның Жетісуда, Лепсі уезінде (Қапалда) айдауда жүріп, 1914 жылы қайтыс болғаны белгілі. Құтпанның сүйегі Қарасу маңындағы Сыйқымбай қажы қорымында жатса керек»,- деп берілген. Текті әулеттің тағдыры міне осындай. Тарих ғылымдарының кандидаты Қайдар Алдажұманов: «Иманжүсіп Жетіру ішіндегі Малай-Құтым ұрпағынан тарайды. Бұл әулеттен кезінде Мұстафа Шоқай, Әлібек Әуелбек, Қалжан Қоңыратбаевтар сияқты атақты қайраткерлер мен әдебиетші-ғалымдар, Бұтабай Қабылұлы сияқты атақты ақын шыққан»,- деп көрсетеді.

Текті әулеттен тараған Иманжүсіп – асылдың сынығы. Иманжүсіп Құтпанұлының өмірге келіп, кеткен жылдары, кіндік қаны тамған туған жері жайлы түрлі деректер айтылып келеді.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының 4-томының 248-249-беттерінде: Иманжүсіп Құтпанұлы (1863, Павлодар облысы, Ақсу ауданы – 1931, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы) – халық композиторы, әнші, ақын. Атасы Тұрғанбай датқа (1804-1850) Түркістан қаласы маңындағы Шілік өңірінің биі болған. Әкесі Құтпан Кенесары Қасымұлы көтерілісіне қатысқан. Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар болып, сал-серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, палуан атанады. Суырып салма ақын, әнші, сазгер Иманжүсіп Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди секілді дала өнерпаздарымен үзеңгілес болып, өзі де солардай сан қырлы талант иесі болады. Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, оған ақыл-кеңес берген, жеке өлең де арнаған. Патшалық Ресей өкіметінің қысымына шыдамаған Иманжүсіп XIX ғасырдың аяқ шенінде Ақмолаға келеді. Мұнда да әкімдердің зорлығына, әділетсіздігіне шыдамай, оларға шығарған өткір өлеңдерін айтады. Жалған жаламен тағы да қуғынға түседі. 1905 – 1912 жылдары Өскеменге, 1914 жылы Жетісуға жер аударылады. Иманжүсіп 1913 жылы атамекеніне оралып, Сырдария губерниясының Шиелі болысына қоныстанған. Батыр Кеңес дәуірінде тағы да қуғындалу көрген. Осы қиын-қыстау күндерде Иманжүсіп Сарысуға көшіп, 1930 жылдың 20-желтоқсан күні тұтқындалған. 1931 жылдың 2 наурызында ОГПУ жанындағы үштіктің шешімімен атылып, 1990 жылы толық ақталған.

Иманжүсіп – Жаяу Мұса, Мәди сияқты әділет, теңдікті жырлаған күрескер әнші. Оның кең ауқымды әндері Арқада, Жетісуда кең таралған. «Сарымойын», «Бұғылы мен Тағылы», «Ішім өлген дүние-ай, құр сыртым сау», «Әкем Құтпан болғанда, ағам Шоңай», «Қысырақтың үйірі жирен ала», «Мен қалайша жалғанда тұрақтайын», т.б. әндері әншінің азаматтығын танытады. Оның әндерін А.В. Затаевичке Қ. Байжанов, Қ.Байсейітов, И.Байзақовтар нотаға түсірткен. Затаевич Иманжүсіптің бірнеше әндерін жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» атты жинағына енгізген. Соңғы жылдары Иманжүсіптің жаңа әндері де табылып отыр. «Сейфүл – мәлік», «Сарыарқа» (4 нұсқасы), «Сарыбел», «Ерейментау» (2 нұсқасы) әндері әр жылдарғы фольклорлық экспедициялар кезінде жазылып алынған. «Сарымойын» әні Е.Г.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында (Бекежан ариясы) пайдаланылды. 2001 жылы жарық көрген «Иманжүсіп» (авторы Р.Көшенова) атты кітапқа Иманжүсіп әндері енген»,- деп жазылған.

Иманжүсіп Құтпанұлының өміртарихына қатысты дәл осындай дерек «Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығында берілген.

Ал енді «Бес ғасыр жырлайды» атты кітапта: «Иманжүсіп Құтпанұлы (1863-1931), белгілі балуан-сері, әнші-ақын, қазіргі Павлодар облысы, Ақсу ауданына қарасты «Алтыбай» деген жерде туған. Жасынан балуан, әрі сері ретінде аты шығып, ескі қазақ ауылындағы бай-болыстармен арпалысып, алысып өткен. Солардың жаласымен әлденеше рет абақтыға жабылып, айдауда жүрген. Иманжүсіп Совет өкіметінің жеңісін қуана қарсы алып, бұқара бостандығын шабыттана жырлайды. А.В. Затаевич кезінде оның бес әнін жазып та алады («Қазақ халқының 1000 әні»). Бірақ жеке адамға табыну кезінде Иманжүсіп жалаға ұшырап, 1931 жылы 2-мартта Жамбыл қаласында мерт болады»,-деп жазылған. Және осы еңбекте Иманжүсіптің «Ерейментау» деген жалпы атпен 31 шумақ өлеңі беріліп, соңында «1898 жыл» деген уақыт жазылған екен.



Ал «Халық әндері мен халық композиторларының әндері» атты еңбекте Иманжүсіп Құтпанұлының туған жылы 1863 жылы деп, ал дүниеден озған уақыты 1929 жыл деп көрсетіледі де, қысқаша былай деп мәлімет беріледі: «Иманжүсіп қазіргі Павлодар облысы, Ермак ауданында дүниеге келген. Композитор, әнші, ақын. Әкесі Құтпан Кенесары жасағында болған, ол жеңілген соң Сыр бойынан Ертіс өңіріне қоныс аударған. Иманжүсіп жастайынан үстем таптың зорлық-зомбылығына қарсы шығады. Ақыры, солардың жаласымен Өскеменге жер аударылады. Талас-тартыста туған әндерінен бізге жеткені «Иманжүсіптің әні», «Сарыарқа» ғана.

Сонымен бірге, «Қазақ өнері» деген энциклопедияда Иманжүсіп Құтпанұлының қайтыс болған уақытын 1929 жыл деп көрсетіп, өмірінен мынандай деректер келтіріледі: «Иманжүсіп Құтпанұлы (1863 ж, қазіргі Павлодар облысы, Ақсу – 1929, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы) – қазақтың халық композиторы, әнші, ақын. Иманжүсіп жас кезінен-ақ жырға, шешендік сөзге құмар боп, сал-серілер дәстүрін ұстап, саятшылық құрып, балуан атанады. Ол суырып салма ақын болған. Өмірден көрген, білгендерін әнге қосып айтқан. Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Мәди әндерін тамылжыта шырқаған. Жарылғапберді, Естай, тағы да басқа әншілермен дос, сырлас болған. Ал Жаяу Мұса Иманжүсіппен талай рет жүздесіп, ақыл-кеңес берген, оған өлең де арнаған. Ертіс бойының ұлықтары қуғындай берген соң ол Ақмолаға келеді. Мұнда да әкімдердің зорлығына, әділетсіздігіне шыдамай, оларға шығарған өткір өлеңдерін айтады. Жалған жаламен тағы қуғынға түседі.

Ғалым Б. Көшімбеков зерттеу мақаласында Иманжүсіп Құтпанұлының өмірінен жаңа деректер бере отырып, 1993 жылы Жамбыл облысының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде Созақ көтерілісіне қатысқандардың П-699 атты іс-қағазынан дерек келтіреді. Ақынды екі рет тергепті. «Бұл тергеуде Иманжүсіп қойылған сұрақтарға төмендегідей жауап беріпті (1931 жыл, 17 ақпан): Алпыс алты жастамын. Туған жерім Ақмола округінің Жаңа-Арқа ауданының №4 ауылы. ... Енді бұл тергеуден қорытынды шығаратын болсақ, онда Иманжүсіп өзінің жауабында екі рет те Ақмола округінің Жаңа-Арқа ауданының № 4 ауылында тудым дейді. Яғни, қазіргі Жезқазған облысының Жаңа-Арқа ауданы. Сонымен қатар, ақынның туған жылын да есептеп шығаруға болады. 1930-1931 жылдары алпыс алты жастамын десе, яғни 1864-1865 жылдары туған болып шығады. Ал тергеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Иманжүсіпке: банда-шайканың басшыларының бірі, көтеріліске жан-жақты мәліметтер жинады, шайқастарға қатысты, банда-шайкаға мылтығын сатты – деген төрт үлкен айып тағылып, ату жазасына бұйырылыпты. Арада 29 жыл өткен соң, 1960 жылы 25 ақпанда Жамбыл облыстық соты шешімімен Иманжүсіп ақталған болатын. «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған «Иманжүсіп «тұнығы» ылайланбайды» (Раушан Көшенова) атты мақалада батырдың туған жылы, туған жеріне қатысты мәселелердің басын ашып көрсетеді («Личное дело Иманжусупа Кутпанова № П-699» іс-құжаттары негізінде).

Мақала Қ. Ахметовтің Иманжүсіп өміріне қатысты қате келтірген деректеріне түзету ретінде жазылған. Бұл мақалада: «Жалпы тергеу құжаттарын шынайы тарихи дерек көзі ретінде пайдалана беруге болмайды»,- дей келе автор: ... Иманжүсіп № П-699 істегі жауабын әдейі бұрмалаған. Ондағы мақсаты - өзі дүниеге келген Павлодар облысының Ақсу ауданынан тергеушілер назарын басқа жаққа аудару. Себебі, онда өзінің Шоңай, Ақшабай сынды аға-бауырларының ұрпақтары бар еді. ... Енді Иманжүсіптің тергеуде берген жауабында туған жылын 1865 деп екі жылға шегеруіне келелік, мұның да өзіндік сыры бар. Батырдың әкесі Құтпан 1865 жылы өз үйелменімен Павлодар өңіріндегі Алтыбай елді-мекенінен Ақмолаға Ереймен ауданына көшеді. Екі жасында Ақмолаға келген Иманжүсіптің ес біліп, етек жапқаннан бері көргені осы жер. Туған жылын 1865 жыл деу арқылы Иманжүсіп өзінің Жаңа-Арқа ауданының № 4 ауылында дүниеге келгендігіне тергеушілердің күдіктенбеуін көздеген. «Иманжүсіп 1939 жылы Мойынқұмда қайтыс болды» деу - өрескел қателік. Иманжүсіп Құтпанұлының тергеуде берген жауабының жоғарыдағыдай себептерінің бар екенін қайталай отырып, оның 1863 жылы Павлодар облысы, Ақсу ауданының Алтыбай елді-мекенінде дүниеге келгенін ескертеміз»,-деп көрсетеді.

«Шаштылар» шежірелі кітабында батырдың дүниеден қайтқанын төмендегідей көрсеткен: «Сөйтіп, саналы өмірінің көпшілігін арпалыста өткізген Иманжүсіп Құтпанұлы ақыр соңында қызыл империяның қанды қылышы – ОГПУ (Біріккен Саяси Бас басқарма) органдарының қолына түседі. Артынша № 4256 қылмысты іс қозғалып, Мойынқұм даласында 1929-30 жылдарда болған шаруалар көтерілісінің басшысы Орынбай Әуесбековтің сенімді серігі, батыр мергені болған «банда» ретінде қатал жауапқа тартылады. Өзге серіктерімен бірге Иманжүсіп Құтпанұлы РСФСР қылмыстық кодексінің 58-2 статьясы бойынша айыпталады да, 1931 жылдың 2-наурызында ату жазасына бұйырылады». Елі мен жерінің еркіндігі үшін шыбын жандарын шүберекке түйіп аттанысқа шыққан үш ұрпақтың соңғы өкілі Иманжүсіп сол жылы 68 жаста екен.

Сонда жоғарыдағы деректерді, тарихи мағлұматтарды қорытындылай отырып, Иманжүсіп Құтпанұлы 1863 жылы Павлодар облысы, Ақсу ауданының Алтыбай елді-мекенінде туып, 1931 жылдың 2-наурызында ОГПУ жанындағы «үштіктің» шешімімен атылған деп тұжырымдаймыз. Осындай қилы да қиын тағдыр кешкен дара тұлғаның өмірі талай көркем туындыларға арқау болды. Тарихи шындық көркем шындыққа айнала отырып, көркем әдебиеттегі Иманжүсіп Құтпанұлының бейнесі жасалды. Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығы ғылыми зерттеу мақалаларының тақырыбына айналды.

Халқым деп өмір сүрген, ел-жұртын рухани бесікте тербету үшін жаралған сегіз қырлы, бір сырлы сері, дарын иесі Иманжүсіп Құтпанұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуде игі жұмыстар атқарылуда. Тарихтың тарау бетіне салып кеткен асыл ердің сара жолы, қиын да қилы өмірі, тарихи келбеті мен адами ізгі қасиеттері бүгінгі таңда әдебиетші, тарихшы, өнер зерттеушілерінің назарынан тыс қалмай, әркез сөз етіліп келеді. Өйткені, ол – уақыт сұранысы, тәуелсіз рухта



ұрпақ тәрбиелеп жатқан заманымыздың талабы. Десе де, халқымыздың көрнекті жазушысы Әбіш Кекілбаев Иманжүсіптің талантына бас ие отырып: «... Бір өкінішті жай сол, осындай айрықша бітімді ерекше тұлға біздің әдебиетімізде, өнерде өзінің лайықты, көркем бейнесін тауып, тарихшыларымыздың әділ бағасын ала алмай келеді»,-десе, академик Ахмет Жұбанов: «Иманжүсіптің бар тарихы архивте жатыр. Әлбетте, көп сөз ел ішінде әлі бар. Соларды жинау керек. Иманжүсіптің де күні туады әлі»,-деген пікір білдіріп, батыр тарихын әлі де зерттей түсу керектігін ескертеді.

Академик Манаш Қозыбаев: «Тарихи құбылыстарға XXI ғасырдың биігінен қарайтын мүмкіндігіміз бар. Кешегі Абай, Шоқан, Ыбырай бабаларымыз еліміздің Сахара жерін жыртып, бір тұқым сеуіп кеткен сияқты. Ол тұқым XX ғасырдың басында алаш зиялылары болып өсті. Алаш зиялыларының ықпалымен қазақ елінде бір екпінді қозғалыс болды. Сол қозғалысқа қатысқан талай адамдардың есімі осы уақытқа дейін толығымен аталмайды. Сондай есімнің бірі – Иманжүсіп Құтпанұлы. Оның әрекеттерінің негізі – отаршылдыққа қарсы екпін. Шынында, қай салада болмасын өзінің өрендігін, ерендігін таныта білген, қазақ өнерінің, ұлт-азаттық қозғалысының, қазақ мәдениетінің ірі тұлғасы екендігі күмән тудырмайды»,-дейді. Қазақстанның егемендігін алуымен бірге ел бірлігі жолында бастарын бәйгеге тіккен асыл ерлердің тарихи келбеті мен рөлін бағалау, әрі әділ бағасын беру уақыты да туды. «Алмас қылыш жатпайды қын түбінде». Солақай саясаттың қан тамған қылышына іліккен, жазықсыз жапа шеккен ұлт қайраткерлері ақталып, уақыты келгенде біразы әділ бағаларын алды. Архив деректерін ақтарып, тарихи шындықтың мәнін ашуға мүмкіндік туды. Көрнекті әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібай «Ерлік пен намыс жыршысы» мақаласында Иманжүсіп Құтпанұлының тарихымыздағы алар орнын, ақындық, әншілік, композиторлық мұрасының көркемдігін айта келіп: «Міне, осы бір шын мәнінде халық қаһарманы дәрежесіне көтерілген қайраткердің тарихымыздан алатын орнын түсініп, біліп болмағанымыз өкінішті-ақ. Бірақ халықтың жүрек түкпірінен орын алған арыстардың есімі мен еңбегін мүлде ұмыттырып жібере алатын күш жоқ екен. Бұған халқымыздың қалаулы ұлы, ерлік пен өнер туын қатар ұстаған, қауымның санасында өшпес із қалдырған Иманжүсіп Құтпанұлының мұрасын талдау мен бағалауда жаңа серпін туғанын мысалға келтіре аламыз һәм мұндай күнге жеткенімізге шүкіршілік етеміз»,-деп пікір білдіреді. Ғалымның пікірі Әбіш Кекілбаевтың пікірімен бір жерге түйіскен секілді. Тарихымыздың әлеуметтік төңкерістер, ұлы өзгерістер заманында өмір сүрген Иманжүсіп Құтпанұлының ақындық, әншілік, композиторлық мұралары, батыр туралы жазылған көркем туындылардағы оның көркемдік бейнесі мен келбеті халқымыздың әлденеше буын ұрпағының рухани қазығына айналатыны ақиқат. Өйткені Иманжүсіп жайында жазылған әр шығарма, әр көркем туынды оның басына түскен ауыртпалықтар себебін жан-жақты көрсете алғандығымен, әрі иманжүсіптану мәселесіндегі дәстүр жалғастығымен құнды.

«Қазақ жерінде аты аңызға айналған азаматтардың біреуі – Иманжүсіп. Ол кешегі балуан Шолақ, Мәди секілді дала кезіп, серілік құрған, балуандығымен, әншілігімен, шешендігімен атағын асырған өнерпаздардың қатарында. Тіпті осы

үшеуінің өмірбаянының ұқсастығын аңғаруға болады. Үшеуі де Сарыарқада туған, үшеуі де – балуан-батыр болған, үшеуі де – композитор, үшеуі де бай-болыстардың қуғындауымен талай мәрте абақтыда жатқан, үшеуі де жаңа заманды қуана қарсы алған. Ең арғысы – үшеуі де өз ажалдарымен өлмеген. Алдыңғы екеуі – Балуан Шолақ пен Мәди жөнінде аз жазылған жоқ. Жеке зерттеу мақалаларды айтпағанда, Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ», Әлжаппар Әбішевтің «Найзағай» романдары тарихи тақырыптағы көрнекті көркем шығармалар ретінде бағаланды»,-деп көрсетеді белгілі жазушы, иманжүсіптанушы ғалым Оразбек Сәрсенбай. Сал-серілер дәстүрін жалғастырушылардың бірегейі Иманжүсіп Құтпанұлының өміртарихы мен шығармашылығына қатысты зерттеу-мақалалары, өміріне, заманына байланысты баспа беттерінде басылған еңбектер, көркем шығармалар бар. Саналы ғұмырында ақтаңдақ тұлға патшалық, империялық саясатқа қарсы күресіп өтті. Өткен ғасырда қазақ халқының басынан өткен зорлық-зобалаң, әлеуметтік қақтығыстар, қазақ ауылындағы тағдыр-талайы, ұлт-азаттық көтеріліс сырлары сол кезде өмір кешкен ұлт қайраткерлерінің, соның ішінде Иманжүсіп Құтпанұлының болмысына да ортақ болатын. Қазақтың зиялы қауымы Иманжүсіп сынды асыл ұлын, оның халқына еткен қызметін, күрескерлік бейнесі мен жарқын жүзін, көркемдік келбеті мен тарихи маңызын тың терең зерттеулерге, көркем туындыларға арқау етті.

Ұлтымыздың тарихи тұлғалығын таныта отырып Иманжүсіп жайында сыр ақтарған абзалдарымыз Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов, Жүсіпбек Елебеков, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Александр Затаевич, Әбділда Тәжібаев, Евгений Брусиловский, Әуелбек Қоңыратбаев, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қасым Аманжолов, Ғабдол Сланов, Қалижан Беккожин, Оралхан Бөкеев, Мұзафар Әлімбаев, Шерхан Мұртаза, Төлен Әбдіков, Ілия Жақанов, Зейтін Ақышев, Оразбек Сәрсенбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Ақселеу Сейдімбеков, Қалихан Ысқақ және тағы басқалары. Қазіргі қазақ поэзиясының көшін бастап келе жатқан Қасымхан Бегіманов, Ғалым Жайлыбай, Серік Тұрғынбековтердің өлең өрнегіне, соны тақырыбына айналған тұлғаның бірегейі осы – Иманжүсіп.

Тар заманның нар тұлғасы И. Құтпанұлының өміртарихы, заманы мен шығармашылығына қатысты зерттеу еңбектері мен көркем туынды, зерттеу мақалалары **3 кезеңге** бөліп қарастырылады. Бұл кезеңді қамтитын уақыт төмендегідей:

I **Бірінші кезең** XX ғасырдың басынан бастап 30-жылдарына дейінгі уақытты қамтиды.

II **Екінші кезең** - 1960 жылдардан кейінгі уақыт.

III **Үшінші кезең** еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытты қамтиды. И.Құтпанұлы 1992 жылдың маусым айында толық ақталды.

Иманжүсіп Құтпанұлы туралы архив деректері де, естелік материалдар да едәуір. Мәселен, Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архивінде Омбы дала губернаторлығының іс қағаздары ішінде Иманжүсіпке қатысты біраз документтер (276 бет) жатыр. Қазақ ССР Ғылым Академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорында Иманжүсіптің өлеңдері сақталған.



Батырдың өміртарихы мен шығармашылығын зерттеудегі **бірінші кезең** өткен ғасырдың басынан бастап 30-жылдарына дейінгі уақытты қамтиды. Оған Ә. Қоңыратбаевтың, М. Әуезовтің, А. Затаевичтің, А. Жұбановтың жазғандары айғақ болып табылады. Бұл қатарға академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін де атағанымыз ләзім.

Фольклорист-ғалым Әуелбек Қоңыратбаев «Шиелінің халық ақындары» атты зерттеу мақаласында, «Керуен» деген атпен жарық көрген деректі әңгімелер мен естеліктер кітабында Иманжүсіп Құтпанұлының әншілік, серілік, ақындық қасиеттерін аша отырып, әңгіме желісіне айналдырады. Ал Қ.Сәтбаевтың Иманжүсіпке қатысты құнды пікірлері «Иманжүсіп» (құрастырған – Раушан Көшенова) атты кітапқа енген. Аталған кітапта ақтаңдақ тұлғаның қилы тағдыры, батырдың көзін көрген көнекөз қариялардың айтқан естеліктері, сырлы да өр үнді әндері жинақталған. Раушан апайымыз ғылыми-шығармашылық жолын атасының рухына арнаған. Бұл еңбектің құндылығы, оның авторы жайлы Бағдат Ілиясова былай деп ілтипат білдіреді: «Ақындар, қолбасшылар мен батырлардың, даналар, ғалымдар, жер жинаушылар мен қазақ мемлекеттігін құрғандардың ұлы есімдері оралуда. Халайықты жинап, олардың Отанға деген рухы мен сүйіспеншілігін нығайтқандар туралы Даланың әрбір шөбінің сабағы естіді, біз үшін тым қастерлі ата-баба есімдерінің сақталғаны да сондықтан, ал біздерге, олардың ұрпақтарына Иманжүсіптің немересі Раушан Нұрханқызы сияқты желдің не туралы ән салғанына, шөптің не жайында сыбдырлағанына құлақ түріп, уақыт пен кеңістіктің аңызын буындап, түйірлеп жинау ғана керек. Мұндай еңбек кез келгенге дес бермейді, бұл адами ерлікті жасауға кез келгеннің күші жетпейді, бірақ оның қолынан келеді, оған сөз жоқ. Атасының руластарының, елдестері мен отандастарының ізімен елге жасалған дүниелерді оқыңыз және ашыңыз. Халықтың батыр жайлы естелігі сезімге де, Ақылға да, қатыгез әрі қатал Тарихтың логикасына да арқа сүйеуі үшін бұл кітаптың негізіне толық айқындалған сезімдер ғана емес, дәл, шынайы, нақты білім де тұнған. Бұл кітап – қазақ тарихының іргетасына қаланған тағы да бір берік тас». Бұл еңбектегі естеліктердің бірінде академик Қаныш Сәтбаев Иманжүсіптің әндерін жоғары бағалағаны, халқының классикалық музыкасы деп санағандығы жөнінде айтылады. Бұл жайлы Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, профессор Хайдар Арыстанбековтың мақаласында жазылған. Мақаланың аты - «Ол көп іс тындыратын еді». «Иманжүсіп» атты кітапта Хайдар Арыстанбекұлының мақаласынан үзінді келтірілген. Мақалада академик Қаныш Имантайұлының Иманжүсіп әндерін ерекше бағалайтыны, өзінің батырмен жерлес екендігін мақтаныш ететіні де айтылады. Иманжүсіптану мәселесінің алғашқы кезеңінде ән, өнер зерттеушілерінің орны ерекше. Ең әуелі А.В.Затаевич Иманжүсіптің көзі тірісінде «Қазақ халқының 1000 әні» (1925, 1963 ж) еңбегіне оның 6 әнін кіргізді. Қазақ тілін білмеген зерттеуші бұл әндердің нотасын жазған да, ән мәтінін келтірмеген. Иманжүсіп әндерін орындаушылардың ішінде ең атақтылары Қ. Байжанов, И. Байзақов, Қ. Байсейітов болды. Қазақ радиосының «Алтын қорынан» Иманжүсіп

Құтпанұлының 13 әні табылған. Орындаушылар: Рамазан Баймағанбетов, Ғалымбек Нұрғазинов, Қайрат Байбосынов, Жүсіпбек Елебеков, Мейіргүл Нұрмағанбетова, Жаппас Қаламбаев, Әмина Нұғыманова, Сматай Үмбетбаев, Айтбек Нығызбаев, Ербол Айтбаев.

Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығын зерттеудің **екінші кезеңі** 1960 жылдардан кейінгі уақытты қамтиды. Батырды ату жазасына бұйырғанда оған төрт түрлі айып тағылады. Олар: банда-шайкасының басшыларының бірі, көтеріліске жан-жақты мәліметтер жинақтаған, шайқастарға қатысқан және банда-шайкаға мылтығын сатты деген айыптар. Ешқандай кінәсі дәлелденбеген ақын осы айыптар бойынша атылған. Арада жиырма тоғыз жыл өткен соң, 1960 жылғы 25-ақпанда Жамбыл облыстық сотының шешімімен Иманжүсіп ақталған. Бірақ оның ісімен танысуға отыз жылдан кейін ғана рұқсат берілген. Иманжүсіптің аты-жөнін, артына қалдырған әндерін айту осы уақыттан кейін басталады.

Жұмабай Орманбаев – Иманжүсіптің көзін көрген, дәмдес-тұздас болған. Қаламгердің «Жұлдыз» журналында «Бір сапарға шыққанымда» деп аталатын Иманжүсіп пен Сәкен Сейфуллиннің достық қарым-қатынасы жайында мақаласы, 1972 жылы «Тұзақталған шортан» атты жинақта «Үлкен аға аузынан» деген атпен әңгімелері жарық көрді. Кейін «Бір сапарға шыққанымда» деген әңгімесі «Тұғыры биік тұлға» кітабында «Аяулы аға шылауында» деген атпен басылып шықты. Бұл әңгімелерде Иманжүсіптің көпқырлылығы, адами ізгі қасиеттері суреттеледі. Сонымен бірге, Раушан Нұрханқызы Жұмабай Орманбаевтың «Дала перзенттері» атты құнды қолжазба тапты. Жанры жағынан – роман, көлемі – 500 бет. Романға Иманжүсіптің қилы да қиын тағдыры өзек болған. Роман баспа бетін көрмеген, Раушан Нұрханқызы қолжазбаны болашақта жарыққа шығармақшы.

Іле-шала жазушы Зейтін Ақышевтің Иманжүсіптің өмірі мен өнері жайлы жазылған романы оқырмандарға жол тартуға тиісті еді, бірақ саясаттың кедергісінен 1987 жылы ғана баспадан шығады. Бұған М. Әлімбаев, Р. Бердібаев, О. Сәрсенбаев сынды қаламгерлердің игі ықпалы болды. Кезінде Ә. Тәжібаев Иманжүсіп пен Қажымұқанның достығы жайында жазған болса, Ақселеу Сейдімбек 1986 жылы атам турасында тың деректерді жариялады. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжолов өз өмірінде Иманжүсіп пен Құрманғазыны пір тұтып өткен. 1998 жылы «Парасат» журналында осы жайында Оразбек Сәрсенбаев көлемді мақаласын жариялады. Иманжүсіп Құтпанұлының өлеңдері ең бірінші рет «Бес ғасыр жырлайды» атты қазақ поэзиясының антологиясына енді. Осында белгілі журналист Керімбай Боранбаевтың да сіңірген еңбегін айт кету ләзім. Міне, осыдан бастап Иманжүсіпті зерттеу басталды деп айтуға толық негіз бар.

Өнердегі Иманжүсіп бейнесі мен өмірдегі Иманжүсіп өмірін сабақтастыра бейнелеуге ден қойылған мақалалар көптеп дүниеге келді. Жалпы алғанда, бұл мақалаларда Иманжүсіптің даралық келбетін нақты талдау басшылыққа алынған. Кейіпкердің түр-пішінін, адами ізгі қасиеттері мен талантын сипаттау түрлі үлгіде беріледі. Кейде мақала авторлары Иманжүсіптің сырт кескін-келбетін, мінез



ерекшеліктерін толық келтіреді, енді бір тұста оның бойындағы қасиеттерді екінші бір адамның көзімен бағалату – жазушы шеберлігінің бір қыры. Иманжүсіпке қатысты жазылған поэзиялық көркем шығармаларда батыр ерлік пен бостандықтың нышаны, жазықсыз жапа шеккен күрескер тұлға, бойындағы дарынын туған еліне бағыштаған сері ретінде сипатталып, суреттелсе, мақалаларда ел перзенті, кемелденген жастағы асқақ тұлға, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркітті серік еткен адам ретінде баяндалады. Журналист Ж.Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан», «Аяулы аға шылауында», Ә.Тәжібаевтың «Палуан аға», Ғ.Слановтың «Сезімі өрен ақын дос», Ә.Қоңыратбаевтың «Иманжүсіп» мақала, әңгіме, естеліктері Иманжүсіпке арналады.

Жазушы **Жұмабай Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан»** және **«Аяулы аға шылауында»** атты мақалаларында сөз болған мәселе – Сәкен Сейфуллин мен Иманжүсіп Құтпанұлының достық қарым-қатынасы. Оқиға 1927 жылы болған. Республика астанасы Қызылорда қаласына Ұлы Октябрьдің он жылдық мерекесіне Сәкенді іздеп Иманжүсіп келеді. Әңгімелердің мақсаты – рухы биік, ел жадындағы елеулі азаматтардың достығы мен сыйластығын көрсету. Иманжүсіптің түр-тұлғасы мен мінез қырлары авторлық баяндау арқылы беріледі. Осы тұста оның келбеті даралана елестейді: «Иманжүсіп зор, асқақ денелі кісі екен, сонан ғой дедім, шар тартқан нағыз тұлғасы кесек, жуантық емес сидалау, қапсағай көрінді. Қолмен қойғандай иегіне ғана біткен селдірлеу ұзынша сақалы, жебелі мұрты көк бурыл тартыпты. Жанары таймаған үлкен көзді, сәл шолақтау қыр мұрынды, ат жақты ашаң қара сұр жүзді байсалды да ойлы тәрізді. Жырта қарыс салалы саусақтары жуан да сүйрік. Үстінде қара көк масатыдан сұлу тігілген бешпент, шалбар, аяғында әміркен кебіс-мәсі, басында қара барқыт топы. Қоңыр күрең жібек барқыт шапаны мен баспа құндыз бөркі ілулі тұр. Ел аузында аңыз болып жүретін шежіре адамның алғашқы байқауда көзге түскен сырт көрінісі осы іспетті еді». Сол жылы Иманжүсіп алпыс жеті жаста екен. Бұл уақыттағы батырдың ермегі мен өмір серігі - ән, домбыра, жақсы ат, жүйрік ит, қыран құс. Осы сапарында олар жиналып, «Телкөл сапарына» шығады. «Үлкен аға аузынан» атты әңгімеде осы жәйт сөз болады. Екі ағаның қасына Мұқажан, Әшірбек, Жұмабай деген жігіттер еріп шығады. Думанға толы сапар болады. Бірақ Иманжүсіп Қараөткелден кеткен соң өлеңді де өр мінезді де тастағанын айтады: «-Ұмытылып еді ғой бұл қызық, көңіл шіркін тоқырап, басылып еді ғой,- деді сүртініп тұрып. –Сәкенжан, сол көңілді сен көтердің, басқа мәнде көтердің, семірдім, көңілім толды саған, шаршауды ұмыттым. Денеме тың күш, сезім кірген тәрізді.

-Жүрген-тұрғандай емес, мен де қуанып қалдым,- деп Сәкен де серги сөйледі». Иманжүсіп өмірінде кездескен жандардың ішінде ұнағаны да – Сәкен. «Иманжүсіпке Сәкен де ұнады. Жасым үлкен, өткендігім бар, ел-жұрт біледіні бұл қарттан естіп байқамайсыз. Көне қазақ Имекеңнің осы мінездерін Сәкен де қымбат бағалады. Бұл да өзіне тән осы қасиеттерімен Сәкенге ұшырасқан бір ғана кексе қазақ». Осы сапардан кейінгі кездесу, той-думандарда Сәкен мен Иманжүсіп кездесіп тұрады. Иманжүсіп көп кешікпей дүние салады. «Бұдан соң да Сәкен Иманжүсіппен болған жерлерден, оны білетін адамдардан, архивтен Имекең жөнінде көп материалдар жинаған еді.

Бірақ нәсіп болмады. Сәкен Иманжүсіп жөнінде жазбақ үлкен еңбегін жарық көрсете алмай кетті». 1927 жылы С. Сейфуллин И.Құтпанұлын Қызылорда қаласында өтетін кеңес үкіметінің он жылдық мерейтойына шақырғаны – тарихта бар оқиға.

Осы заманғы қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі драматург және белгілі әдебиет зерттеушісі **Әбділда Тәжібаев «Палуан аға»** естелігінде Қажымұқан мен Иманжүсіп жайын сөз етеді. Ә.Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды. «Палуан аға» әңгімесі 1977 жылы «Жұлдыз» журналының 12-санында жарияланған болатын. Әңгімеде Қажымұқанның Иманжүсіпті жоғары бағалап, құрмет тұтқаны туралы айтылады. Автор батырға былай деп баға береді: «Мәдиді айтамыз батыр деп, Иманжүсіпті де де сол сапқа қосамыз. «Екі метр бойы бар, ат шыдамайды екен астына. Қырық кісімен жалғыз өзі қамшымен ғана төбелесіпті» десеміз. Бірақ бұлар да ең алдымен ақындық, әншілікпен тарихқа кірген кемеңгер жандар. Барлық махаббаттарын, отты жүректерін, ақ тілектерін, алып қайраттарын туған халқына арнаған жандар».

Қалың бет, бура түсті, қара нардай,
Жұп-жұмыр жуан діңгек, бойшаң нардай.
Өзге жұрт ергежейлі ол келгенде,
Айбынды жолбарысқа болар пардай ,-

деп Сәкен Сейфуллин баға берген Қажымұқан «Имекеңнің қамшысын да жеген». Әңгімеде ол оқиға былай суреттеледі: «Қояндының базары қызып жатқанда бір кесір шалға тілім тиіп кетіпті. Шал маған қамшы сілтемек болғанда, мен оны аттан жұлып алып, боз үйдің үстіне атып жіберіппін. Күлген жұрт зәресі ұшқан шалды үйден түсіріп алып, қайта аттандырып жіберіпті. Ызалы қарт сол бетімен Иманжүсіпке барыпты... Үйдей кері атының үстінде найзадай тіп-тік қадалған Имекең маған шын-ақ ашулы сияқты көрінді. Содан соң тепсіңкіреп кеп қамшымен тартып өтті. Ту сыртым сөгіліп кеткен шығар деп ем, әйтеуір аман екем. Көзім қарауытып барып әрең жығылмай құладым. Әзірейіл Имекеңнің қамшысының ұшында десетін онда жұрт. Қайда ондай ағалар, бөлек жандар еді ғой олар». Ә.Тәжібаев қаламынан туған «Палуан аға» әңгімесі сыршылдық, ойшылдығымен, оттылығымен ерекшеленсе, жазушы **Ғабдол Слановтың «Сезімі өрен ақын дос»** естелігі терең нәзіктігімен тәнті етеді. Қасым Аманжоловтың Иманжүсіп әндеріне жоғары баға беріп, ұйып тыңдайтыны - естелікке арқау. «Иманжүсіптің белгілі әні мен Құрманғазының «Аш бөрі» секілді сөздері ірі әнін ұйып тыңдап, ерекше бір дарқан шыққан өлең шумақтарына келгенде мәз болып, қозғалақтап күлімдеп кететін. Әсіресе, Иманжүсіп пен Құрманғазының үндестігі Қасымды мейлінше риза қылатын. Иманжүсіп патшаның айдауында жүргенде:

«Сарыарқаны жайлаушы ем қаздай көшіп,
Сол бір күндер отыр ғой еске түсіп.
Қазақтың бар қатыны ұл туса да,
Барлығы бола бермес Иманжүсіп»,-

депті. Осыны естіген Қасым Құрманғазының «Аш бөрі» әнінде айтылатын:



«Бастан өтті жан шошыр талай майдан,
Шыққан жоқ атқан серкем терең сайдан.
Өзіммен ұлы дауға бір түсетін,
Ұл туар мендей жігіт қатын қайда!»-

деген бір сөздерін ең алғаш білгенде, ағасы базардан келген баладан артық қуанып, мәз болғанын көзіммен көргем»,- дейді жазушы Ғ. Сланов.

Ал **Әуелбек Қоңыратбаевтың «Иманжүсіп»** атты естелігінде Сыр өлкесінде болған той арқау етілген. М.Бекежановтың «Иманжүсіпке хат» дастаны негізінде жазылған. Иманжүсіптің Ерейменнен Сырдағы туғандарына келіп қосылған тойы. Бұл тарихи оқиғаны «Дара тұлға» атты мақаласында Айғали Аманжолұлы былай береді: «Негізі Иманжүсіптің Сыр еліне 1913 жылдың көктемінде келген. Оның аты Сыр еліне ғайыптан туған ер, ел қысылғанда көрінген бір күшті бары болып танылады. Қобыланды қыстағында отырған оны ел ақсақалдары Сыр өлкесімен таныстыру үшін сол жылғы мамыр айында ұзақ сейілге алып шығады. Мұны сол кездегі ел «Батырдың ағайынымен көрісуі» деп те атаған. Шиеліден Ақмешітке дейін барған бұл танысу төрт айға созылып, өзінше бір той-топырға айналған. Бұл тойға бүкіл Сыр өңірі шақырылып, мыңдаған адамдар қатысқан. Сөйтіп елі атақты батыры Иманжүсіппен солай танысқан». Иманжүсіптің өміртарихына қатысты осы дерек көркемдік сипатқа ие болып, айрықша суреттеледі. «Иманжүсіп» әңгімесінде «сұңғақ бойы екі кездей, кейкі маңдай, ұзын саусақты» батырдың «...алыстап кетіп, қайта сағына қосылған өзінің өскен тауы, ұшқан ұясына қанат жайып шүйілген сұңқар бейнесі еріксіз елестейді». «Той үстінде қалың елді таңырқатқан жай – Иманжүсіп жайы болды. Ол жөніндегі түрлі аңыздар, оның ерекше тұлғасы, Ақмола абақтысынан қашуы, сонда салған сағынышты сазы, атасы Тұрғанбай мен әжесі Малбике жайындағы әңгімелер аңыздай өрбіді». Мәнсүр жыраудың шежіреге толы «Иманжүсіпке хат» дастаны да оқылады. Иманжүсіптанудың екінші кезеңі осындай оқиғалармен айшықталды.

Иманжүсіптанудың **үшінші кезеңі** еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі уақытты қамтиды. И.Құтпанұлы 1990 жылдың маусым айында заңды жолмен ақталды. Батырдың атылып кетуінің ешқандай себепсіз екені де анықталды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ерейментауға келгенде Иманжүсіптің өлеңін жатқа оқып тұрып, бір әнін басқалардың білмейтініне реніш білдірген екен. Оны жазған Алтайдың мұзбалағы О.Бөкей еді. Қалай айтсаңыз да, «алтын пышақ қап түбінде жатпайды». Тарихи құндылықтың үлкен үлесі біздер әлі қазып, қопара алмаған уақыттың еншісінде жатыр. Ел мен жерге деген ұлы махаббаттың үлгісі бола білген «Феникс» құс секілді ұлылардың рухы бізді әрдайым жебей беретіні сөзсіз.

Дара тұлға жайлы, өмірі мен шығармашылық жолы туралы тың зерттеу мақалалары, ғылыми еңбектер тарихшылар, әдебиетшілер, өнер зерттеушілері тарапынан жазылды. Ақындар өз өлең жолдарын, жазушылар таңдаулы шығармаларын, режиссерлер кинофильмдерін, фототілшілер альбомдары мен альманахтарын арнаса, ғалымдар ғылыми еңбектерді қосты. 1992 жылдан кейін түрлі

дәрежедегі ғылыми-практикалық конференцияларда, әдеби кештерде баяндамалар жасалды, зерттеу еңбектері Иманжүсіпке арналып жатты.

«Иманжүсіп өнері, Иманжүсіп мұрасы, Иманжүсіп дүниетанымы мен көкжиегі зерттеуді, терең талдауды қажет етеді»,-деген тарих ғылымдарының кандидаты Қайдар Алдажұмановтың пікіріне сүйенер болсақ, ел-жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін өмірін қиған «нағыз дала көкжалы» (Әбіш Кекілбаев) Иманжүсіп Құтпанұлына қатысты телегей-теңіз мәселені зерттеп, игеру, жас буын өкілдеріне насихаттау – алдағы күннің еншісінде.

Иманжүсіп Құтпанұлының қазақ әдебиетінде сомдалған көркемдік бейнесі мен болмысы, қазақ тарихындағы қоғамдық, саяси-әлеуметтік орны қандай болды деген сұрақтарға жауапты Иманжүсіптің өміртарихы мен заманына қатысты жазылған өлең, поэма, әңгіме, естелік, романдардан іздегеніміз абзал. Тарихи тұлға образын жасауда әр уақыттың ақын-жазушысы мен зерттеушісі мұрағат деректеріне, ел аузында сақталған аңыз-әңгімелердің желісіне сүйене отырып, шоқтығы биік көркем туындыларды, құнды әдеби шығармаларды дүниеге әкелді. Солай белгілі тұлғаның өмір шежіресін көркем туынды ретінде жинақтады. Өр мінезді, күрескер ақын, нар тұлғалы Иманжүсіп Құтпанұлының тарихи тұлғасы, көркемдік және күрескерлік бейнесін сомдауда ақиық ақындар, қара сөз шеберлері, көрнекті жазушылар образ төңірегіндегі уақиғалар, заман шындығы мен шырғалаңын өз шығармаларына, көркем туындыларына арқау етті.

Қазақ тарихы мен өнерінің бастау қайнарында тұрған сал-серілердің, ірі талант иелерінің бәріне ортақ қасиет – көп қырлылық. Балуан Шолақ, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай сынды өр мінезді өнер саңлақтарының Иманжүсіп өмірі мен өнерінде сабақтастық, үндестік байқалады. Осы тұлғаларға қатысты жазылған шығармалар соның айғағы.

Қазақ жерінде аты аңызға айналған тұлға – Иманжүсіп Құтпанұлы. Иманжүсіпке қатысты тың пікір айтқан сыншы-ғалым – Тұрсынбек Кәкішев. Көрнекті ғалымның Иманжүсіпке қатысты айтылған құнды пікірін толық келтіруді жөн санадық: «Тарихта бағы жанған, бағы жанбаған тұлғалар бар. Солардың бірі – Иманжүсіп. Иманжүсіп сияқты азаматтар жалғыз ғана патша үкіметіне қарсы шыққандықтан емес, жалпы, ел азаматы, қазақтың біртуар батыр ержүрек ұлы. Оған қоса, атақты әнші, сазгер, сері. Иманжүсіптің әндерін айтпайтын, жадында сақтамаған қазақ болмаған. Ол әндерінің ар жағында туатын сұрақтар: қалай, қай кезде айтылған, кімге арналған, қай күйде шығарған, осындай әндерді жазған адам қандай болған – жауап іздемеу – бұл біздің елдігіміздің, мәдениетіміздің, дәстүріміздің дұрыстап қалыптаспағанының бір көрінісі деп ойлаймын. Иманжүсіп сияқты адамның қазақ әдебиетінің, өнерінің тарихында рөлін жарқыратып көрсету – біздің парызымыз. Баяғыда Сәкен Сейфуллин 1927 жылы арнайы іздеу салып, Иманжүсіпті тауып, кездесіп, аса құрметтепті. Ал егер Сәкен Сейфуллин іздеп жатса, кейінгі біздер қолымызға шам алып іздеп жүруге тиістіміз ғой».



Ал Иманжүсіпке қатысты көптеген ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектерінің авторы Оразбек Сәрсенбай былай дейді: «Саналы ғұмырында тағдырдың теперішін көп көрген Иманжүсіп күрескерлік өр үнін әндерінде танытады. Еркін жарық дүниені көруге зар болған Иманжүсіп сонда:

Күнім қайда баяғы таңдай атқан,
Қараөткелдің көшесін дабырлатқан.
Бидайықтай ілуші ем аққу, қазды,
Жарғанат болғаным ба бұғып жатқан?-

деп өлеңдетеді. Иманжүсіптің даңқы, әндері қазақ даласына кеңінен тарай бастайды. Қалың көпшілік халық оны әділетті ісі үшін күрескер жеке батыр ретінде бағалайды. Қиянатшыл заманның жаласына ұшыраған Иманжүсіп Өскемен уезіне бес жылға жер аударылады. Өскеменде бес жыл айдауда болып, Есіл бойына қайтып оралған Иманжүсіпке Жайықбай әулеті бәрібір тыныштық бермейді. Тағы да алыс-жұлыс басталады... Сұрапыл қайрат иесі Иманжүсіп зорлықшылардың өзіне күш көрсетуден тайынбаған. Мұрағат деректерінде оны жөнге салуға келгендердің талайы оңбай таяқ жеп, жарақаттанғаны айтылады. Оны ноян серінің өзі де жасырмайды.

Тумай жатып өш болды маған болыс,
Аударылды сол үшін талай қоныс.
Сатырлатып сабаушы ем, шеттерінен,
Мынау ояз демеуші ем, мынау болыс!...».

Осындай өмір кешкен Иманжүсіп тағдыры көптеген көркем шығармаларға арқау болды. Қазақ радиосынан Иманжүсіп Құтпанұлына арналған «Дауылпаз ақын: ерлік пен намыс жыршысы» атты радио-бағдарламада батыр туралы: «Иманжүсіп – тарих беттерінен өшіруге мүмкін емес қазақ халқының алпауыты. Ол біздің кешегі, бүгінгі және келешектегі рухымыз іспетті. Әрине, кеңес үкіметі саясатына қабыспайтын ақын жүректі азамттың алуан түрлі әрекеті болды. Дала перзенті құйтұрқы заманды қабылдаған жоқ. Ақиқатында, әмбе қазақтың табиғаты солай еді. Көз көрген және көп білетін игі қазақтың кешегі жақсылары Иманжүсіп есімінен имандай ұйыды»,- дегендей, Иманжүсіптің есімі – ерліктің, бостандықтың, батырлықтың символы. Ол бар бітім-болмысымен, бойына біткен табиғи дарынымен күллі қазақ даласына ортақ болатын. Уақыт өте келе нар тұлға өзін мойындатты. Қазақ еліне даңқы жайылған атақты батыр, палуан, ақын, әнші-сазгер, сері Иманжүсіп Құтпанұлының тарихтағы орны, қазақ елінің бостандық алу жолындағы күрестердегі даралығы, артына қалдырған ән-өлеңдерінің мән-маңызын бағалай отырып, төл әдебиетіміздің көрнекті ақын-жазушылары мұрағат деректері, батырдың көзін көрген көнекөз қариялардың аузында сақталған аңыз-әңгімелердің желісімен Иманжүсіптің көркем әдебиеттегі бейнесін сөзбен сомдады.

Отаршылдық езгіге қарсы күресіп өткен Иманжүсіп болса - талантын туған елге бағыштап өткен нар тұлға. Тарихта болған және тарихи оқиғаларға қатысып, бел ортасында жүрген батыр тағдырын қарымды қаламгерлер, ақындар өз көркем туындыларына арқау етті. Иманжүсіп Құтпанұлының өмірі мен шығармашылығы,

онының өзі өмір сүрген заманымен астастыра суреттеген шығармалардың қай-қайсысын алып қарасақ та, ел-жұртының болашағына алаңдаған қайсар ердің ерлігі мен азаматтығын танытады.

Иманжүсіп өмірінің, қайсар ерлігі мен тума талантының ең тартымды да тағылымды тобы **поэзиялық жанрдағы көркем шығармаларда** жасалған. Өлең, арнау, поэма үлгісінде жазылған шығармаларда Иманжүсіп Құтпанұлының алуан түрлі қасиеттері, ол өмір сүрген заман шындығы қамтылады. Оларды тұтастай алғанда, Иманжүсіп өмірінің көркем шежіресі деп сипаттауға болады. Батырға арналған, өнерпаз өмірінің шежіресін тарататын, серілігі мен тектілігін дәріптейтін терең идеялы, көркем мүсінді, кең тынысты шығармалардың танымдық, тәрбиелік мәні зор. Олар оқырман қауымның ойына ой, танымына дерек қосып, адамгершілік, батырлық, бостандық идеяларын толғайды. Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Керекудің күрең топырағына кіндік қаны тамған сері Иманжүсіптің ғұмырынан сыр шертер көркем сөз үлгілері батырдың көркемдік бейнесін, тарихтағы орнын сөзбен сомдады. Бұл поэзиялық шығармалардан сері, әнші-композитор, батырдың дара тұлғасы айқындалады, тарихы тереңге тартқан Иманжүсіптің өмір сүрген заманындағы көрген қорлық-зорлықтарын айтудағы мақсат батыр болмысының кесек екенін нысана етіп ұстайды. Иманжүсіп Құтпанұлының өміртарихы, тегі, өнеріне қатысты жазылған шығармалар шежіреге толы. Батырдың шежіресін тарататтатын сондай шығармалардың бірі – **Мәнсүр Бекежановтың «Иманжүсіпке хат» дастаны.** 1912 жылы Жетісуда айдауда жүрген Иманжүсіпке Досбол шешеннің баласы Әуездің тапсыруымен Мәнсүр ақын өлең-хат жазған екен. Бұл өлең шежіре түрінде жазылған. Дастанның авторы Мәнсүр Бекежанов 1875 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, «Коммунизм» атындағы колхоздың жерінде дүниеге келіп, 1933 жылы Өзбекстанның Наманган қаласында қайтыс болған [14]. Шығыс қиссаларын жатқа біліп, Сыр бойы ақындарының (Бұдабай, Кете Жүсіп, Майлықожа, Шәді) шығармашылығының насихатшысы ретінде кеңінен танылған. Мәнсүр ақынның артында қалған мұраларының ішіндегі өзіндік тарихы бар бір өлеңі «Иманжүсіпке хат» деп аталады. Ал жазушы Оразбек Сәрсенбай Мәнсүрдің туындысын шағын дастан деп көрсетсе, Тынысбек Қоңыратбаев бұл шығарманы тарихи өлең деп көрсетеді. Бұл дастанда Иманжүсіп Құтпанұлының ата-бабасының тарихы көркем кестеленеді. Сәрсенбай Оразбек «Иманжүсіп атымды хатқа жаздым» атты зерттеу мақаласында бұл дастанның көлемін 49 шумақ деп көрсетеді. Белгілі Сыр сүлейі, атақты жырау Мәнсүр Бекежановтың «Иманжүсіпке хат» шығармасы дастан үлгісінде жазылған. Сондықтан дастанды көркем шығарма деп қабылдаймыз.

Иманжүсіптің атағы, әндері қазақ даласына кеңінен тарай бастайды. Қалың көпшілік әділет ісі үшін күресуші жеке батыр ретінде бағалайды. Иманжүсіптің осы дабысы ата-бабасының қонысы Сыр бойына да жетеді. Иманжүсіпке арнайы хат жаздырып оны Сыр өңіріне шақыруды ұйымдастырушы атақты Досбол шешеннің баласы Әуез деген кісі екен. Ол қыпшақ тайпасының Шиелі өңірін мекен ететін руларының шежіресін Тұрғанбайға дейін таратқызып, төрт ақынға жаздырған. Соның ішінде Әуез ұнатқан шығарма ақын Мәнсүр Бекежановтікі (Нартай Бекежановтың ағасы) болады. Бұл дастанды ел аузынан жинап-сақтаушы – Нұрмахан Қасымұлы.



Қыпшақтың игі жақсылары Шиеліде бас қосып, Досбол шешеннің бел баласы Әуезге: «Иманжүсіптің артынан адам жіберу керек» деген тапсырма береді. Әуез қасына Мәнсүр ақынды алып, «Иманжүсіпке хат» жаздырады. Шиеліден шыққан ағайындары айлап жол жүріп, айдаудағы Иманжүсіпке осы хатты апарып тапсырғанда нар жігіт еңіреп тұрып жылаған еді деседі. Хатты алған соң Иманжүсіп Шиелідегі туған-туыстарына келіп, бірсыпыра уақыт қонақ боп, өскен жеріне қайтып кетеді. Бұл жөнінде «Шаштылар» атты шежіре кітабында төмендегідей дерек берілген: «Шиелі қыпшақтары сол тұста Иманжүсіптің Өскемен маңынан айдаудан қайтқанын естіп, 1911 жылы Қобыланды, Жүсіп атты аталас туысқанын Арқаға аттандырады. Қобыланды Қараөткелде Иманжүсіппен, оның ағалары Ақшабай, Шоңаймен кездесіп, елдегі туысқандарының сәлемін жеткізеді. 1850 жылы Шілік қырғынынан кейін Шашты қыпшақ әулетінің Шиеліге қарай ауа көшіп, бүгіндері Сырдарияның жағасындағы Домалақ Тоғай, Ошақты көл, Әулие Тораңғыл деген жерлерді мекен етіп жатқанын, бәрінің Тұрғанбай датқаның артында қалған тұяқтарды көруге ынтызар екендіктерін құлақтарына құйып кетеді. Содан 1913 жылдың күзінде Сырдағы ағайын-жұртымен танысып қайту үшін Иманжүсіп Шиеліге келеді. «Қазақ» газетінің жазуы бойынша: «Жұрт оны айрықша ардақтап, зор құрметпен қарсы алады. Басында салт атты, сабау қамшылы болып келген адам қайтарында елдей көшіп» мол олжаға кенеліп аттанса керек-ті». «Иманжүсіпке хат» дастанының жазылу тарихы міне осындай.

Тынысбек Қоңыратбаевтың «Ертедегі ескерткіштер» атты зерттеу монографиясында Сыр бойы қыпшақтарының өмірінде болған елеулі оқиғалар, дарихи деректер жинақталған. Автор: «Солардың қатарында Сыр елінің белгілі ағартушысы, «Қазақ» газетінің Сырдария губерниясы бойынша тілшісі Қалжан Қоңыратбайұлының Иманжүсіптің ата-тегіне қатысты көлемді мақаласын атап өтуге болар еді. Бүгінде табыла бермейтін, оның үстіне Сыр елінің Қоқан билігі тұсындағы хал-ахуалына жарық сәуле түсіретін бұл мәліметті толық келтіруді жөн санадық»,- дейді де, «Шілік оқиғасы» («Тұрғанбай датқа һәм оның жоғалған баласы». Иманжүсіп туралы) деген атпен көлемді зерттеу-еңбегі берілген. «Иманжүсіпке хат» дастаны осы уақиғаларды суреттейді. Мақала авторы былай деп көрсетеді: «Осы Тұрғанбай хақында сөзінің жақсылығы мен ақындығы танылған Мәнсүрдің өлең кітабы бар [«Қазақ» газеті, 1916 жыл, 24(№170), 29(№171) ақпан]. Қалжан Қоңыратбайұлы айтып отырған Мәнсүр ақынның «Сыр сәлемі» ел арасына кең тараған. Сыр бойы жырауларына «Төрт датқа» деген атаумен мәлім бұл тарихи өлеңнің үзіндісін Ә.Қоңыратбаев өзінің «Иманжүсіп» атты деректі әңгімесінде келтірген (Керуен, 1989) болса, төменде біз «Сыр сәлемінің» толдық нұсқасын беріп отырмыз», - деп дерек келтіре отырып, «Иманжүсіпке хат» дастынының толық нұсқасын келтіреді.

«Иманжүсіпке хат» дастанында айтылатын деректер, Малбикенің балаларға қатысты әрекеті жазушы Зейтін Ақышевтің «Иманжүсіп» романында да көркем бейнеленген. Мәнсүр жырау Иманжүсіптің ата-тегін тарата жырлай отырып, үлкен шежіре жасайды. Дастанның көркемдік қуаты мол. Дастандағы жолдардың басы – шежіре, ортасы – тарих, аяғы – Сыр елінің Иманжүсіппен табыс оқиғасы. Мәнсүр Бекежанов қаламынан туған туындының ел аузында ұзақ сақталуының сыры да өлеңнің осы сипатында болуға тиіс.

Сегіз қырлы, бір сырлы өнер тарланы **Жаяу Мұса** Иманжүсіппен дос болған, оған өз өлеңін де арнаған екен. Иманжүсіптің ұлы Сейітхан Жаяу Мұса жазған екі шумақ өлең қалдырған:

Туыпты Иманжүсіп Құтпанбайдан,
Ер болсаң медет тіле бір құдайдан.
Ешкімнің төбесіне құй қазған жоқ,
Сонда да қайда кетті Сейтек Тайжан.

Ал ақиық ақын **Мұзафар Әлімбаев «Қайсар» атты поэмасын** Иманжүсіпке арнаған. Поэма 1961 жылы жазылған. Бірақ әлі жарық көрмеген.

Мәнсүр жыраудың «Иманжүсіпке хат» дастаны Иманжүсіп Құтпанұлының шежіресін, ата-бабасының тарихын тарата отырып, «бекзаттың нәсілі», «гауһардың асылы», «ақ болат алмастың асылы», «шынардың көлеңкелі шыбығы», «ардақты арғымақтың құлыны» ретінде суреттесе, ақын **Кеңшілік Мырзабеков «Иманжүсіп» поэмасында** оны батырлық қырынан танытады. К.Мырзабеков - өлең, баллада, поэма жанрына қалам тартқан қарымды қаламгер. Олардың ішінен шоқтығы биік туындысы өнер адамының бейнесін жасаған «Иманжүсіп» поэмасы десек, артық айтпаған болар едік. «Иманжүсіп» поэмасы ақынның бірнеше жинақтарына енген. Поэмада қиын да қилы тағдыр кешкен қайталанбас дара тұлға, күрескер тұлға Иманжүсіптің көркемдік бейнесі сомдалады. Өмірінде тағдыр тепкісін көп көріп, зорлық-зомбылықтың ащы зардабын тартқан, атқамінерлердің қиянатынан қажыған нар тұлғалы Иманжүсіптің күйі ақын поэмасына арқау етілген. «Көз жетер жердегі аса бір әйгілі де асқақ тұлға» Иманжүсіптің ел есінде, халық жадында тұрған өр тұлғасы мен адами ізгі қасиеттерін енді әдеби кейіпкер ретінде жаңа қырынан, бар болмыс-бітімімен бейнелеп беруге қаламгер бар шығармашылық күш-қуатын жұмсайды.

Жырда Иманжүсіптің болыстардың зорлығына, өктемдігіне қарсы күресінің ақиқаты елестейді. Бойындағы ары мен намысын табанға таптатпай, қайсар ердің ерлігі мен азаматтығын, серілігін танытатын поэмада Иманжүсіптің өмірінде болған Жайықбаев әулетінің астамшылығы, зорлығы әрі толық, әрі нақтылы тізілген. Оған қарсы халықпен біте қайнасқан, халық қадірлейтін Иманжүсіп батырды ақын Кеңшілік Мырзабеков әділет жоқтаушысы ретінде суреттейді:

Тік қарап, тура қарап, тік сөйлеген,
Жан емес бүгежектеп, бүкшеңдеген.
Даланың серісі еді білмейтұғын,
Не нәрсе басына іс түсті деген.



Сал-серілердің сүрген өмірі бір-бірімен үндес келеді. Қазақ поэзиясының құлагері саналатын Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Ақан бейнесі мен Кеңшілік Мырзабековтің «Иманжүсіп» поэмасындағы батыр образын суреттеуде ұқсастық байқаймыз. І.Жансүгіровтің жазушылық кемелденуінің сапалы бір белгісі қазақ халқының өмірін, өткен оқиғаларды бейнелегенде даму, өзгеріс үдерістеріне тарихи тұрғыдан қарап, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді жеке адамдардың тағдыры, нақты, реалистік көркем образдар арқылы бейнеленуінен көрінеді. Осындай туындыларының бірі «Құлагер» (1936) поэмасында Ақан сері тағдырын арқау етеді. Автор өз кейіпкеріне деген сүйіспеншілігін: «Тұсында сері болсын, пері болсын, ұнайды өмірімен Ақан маған»,-деп ашық айтады. Ақан серінің жапан далада жалғыз қалу себебінің әлеуметтік, қоғамдық сырын ашады. Ақан сері мен Иманжүсіп – екеуі де сері, екеуі де зорлықшыл заманның зардабын шегушілер. «Құлагер» поэмасында Ақан образын І. Жансүгіров:

Кісі емес Ақан төрде билік айтқан,
Ұры емес ауыл торып, ел шулатқан.
Молда емес, мешіт салып, зекет алып,
Нәжісін дүниенің бойға жиған.
Төренің тұсындағы қасына ерген,
Өзін ел құрмет қылған көрген жерден.
Жерлерді тоқты сойған топыр қылып,
Сал сүрей, саңлақ мініп, сұлу сүйген,-

деп суреттесе, «Иманжүсіп» поэмасында К.Мырзабеков серінің болмысын былай деп көркемдейді:

Болмысы – мінездегі кесектігі,
Ептіні ұнатпайды, есептіні.
Болмысы – тимей жүрмес бір адамға,
Не көмек, не себесін не септігі.
Болмысы - ән мен жыры, сөз бен сыры,
Таусылмас таусылғанша көзден нұры.
Бір өмір – жұтқан ауа, біреуі өнер,
Соңғысы артта қалар өзге өмірі.

Асау мінез, өр талант иелері Ақан мен Иманжүсіп сұм заманда, отаршылдар билеп-төстеп тұрған кері кеткен дәуірде жалғыздық азабын тартады. «Алмас қылышын қын түбіне жасырған» тар заманның нар тұлғалы құрбандары ақын, сері, әнші дарынын жер қылған қара күш, қаңку сөз, көреалмастық қана емес, ең басты дерті – атқамінерлердің ата қоныс, туған жерлерінен жырақтатып, жер аударуы еді.

Арманды ел ақ патшаға арыз қылған,
Арыздан борыш басып, қарыз қуған.
Жер мұңын, елдің шерін өлең қылып,
Ақан да жанның бірі жаны ауырған,-

деген Ақан болса, Иманжүсіпке де қаңқу сөз, жапқан жала да аз болмайды. Иманжүсіптің көркем бейнесін жасауға ақынның өз өлеңдерінің көп көмегі тиген. Мәселен,

- Сол, - деді,- өлең айтып ел адақтап,
Талайды білеп, сыбап, балағаттап.
Талайды іреп-сойып, ұрып жығып,
Жайына жүре берер жаланы аттап.
«Мен елімде жүргенде елден астым,
Менменсіген талайдың көңілін бастым».
- Сөзінің кеудемсоғын көрдіңіз бе:
«Жаныма ерген жігітке олжа салып,
Бір түнде сегіз қызды алып қаштым».

Поеманың қысқаша мазмұны «даланың серісі» Иманжүсіптің атқамінерлердің зорлық-зомбылығынан Ақмоланың тас түрмесіне қамалуы, оған «бүлікшіл», «ойраншыл» деп жала жабылуы, нар тұлға билер сотының талқысына түскенде әділдіктің серінің жағында болуы, сөйткенше «даланың бунтары» деген айыппен Қараөткелден оны қайтадан абақтыға алмақ болған хабардың келуі, туыстарының өтінішімен жасақшылардан бой тасалауы, жақындарын ұлардай шулатқан жасауылдың қорлығына шыдамай, Күйгенжарға оралуы, ақыры қол-аяғына шынжыр кісен салынып, абақтыға кеткеніне құрылған поемада батырдың, ел перзентінің бақытты, тыныш өмір кешуге ерікті мәселесі көтерілген. Басына түскен қаншама тауқыметті ол қайсарлықпен көтереді. Поеманың өн бойында Иманжүсіптің бостандық, шындық, әділдік үшін күресі желі болып тартылған. К.Мырзабеков батырды бостандықтың, ерліктің символы етіп суреттейді.

«Құлагер» мен «Иманжүсіп» поэмаларындағы тағы бір ортақтық – серілердің тұлпарлары. Ілиястың «Құлагер» поэмасында Ақан серінің тұлпары Құлагерге қызығушылар көп. Солардың бірі – Батыраш. Өр көңіл, жуан кеуде, даңқой Батыраш – сұлу әйел, жүйрік ат, атақ-даңқ өзімде ғана болсын деп үйренген жан. Арқаға даңқы шыққан Құлагерге қызығып, Ақанға кісі арқылы сөз салып, «Құда, тамыр болам, - деп, алтын жамбы, жесір әйел, үйірлі жылқыға жүйрігін берсін», - деп сәлем жолдайды. Бұл сұрауға иілікпеген Ақанға кек сақтап, ақыр аяғында Құлагерді мерт қылады. Бұл – Ақан өмірінің трагедиялық бір бөлігі.

Жары да, жолдасы да тек біреу-ақ,
Онысы астындағы жалғыз аты,-

Құлагерден айрылады. Ал «Иманжүсіп» поэмасында Иманжүсіп пен болыс Рақымжан Жайықбаев арасындағы өшпенділіктің бір сипаты Иманжүсіптің жүйрік атына да байланысты өрілген. Халық арасында өнерпаз серінің таланты кемелденіп, ел арасында беделі халыққа кең тараған сайын, Қараөткелдің орыс-қазағы «жанардың ішіндегі қарамықтай» сыйлаған сайын оған ор қазушы дұшпандар қатары да көбейеді. Иманжүсіптің аяғына сондай тұсау салушылардың бірі – болыс Рақымжан Жайықбаев. Жас батырды қалың қазақ болыстыққа ұсынып, сөйтіп ол Жайықбаевпен қатар дауысқа түседі. Ал Иманжүсіптің жасы жетпегенін сылтау қылып, Жайықбаев



өзі тамыр-таныстың тікелей қолдауымен сайлауда жеңіп шығады. Бірақ осыдан кейін екеуінің арасы шиеленісе түседі:

Жасаған Жайықбаев ала шапқын,
Арада бәрін жасап аласаттың.
Сайланып болыстыққа алғаннан соң,
Өштескен «жауларына» және шапты.

Тарихи деректердің бағыты дұрыс көрсетілуі шығарманың реалистік ажарын арттырады. Поэмада нақты тарихи деректер келтіріледі. Иманжүсіптің бәйбішесі Зейнеп Бұланбайқызының мұрағатта сақталған арыздарына назар аударайық (Арыздар түпнұсқада орыс тіліне аудырылып тіркелгендіктен, сол күйінде келтіріп отырмыз): « В 1895 году по просьбе народа мой муж Иманжусуп Кутпанов захотел баллотироваться на управителя, но уездный начальник не допустил ему баллотироваться за недостижением совершеннолетия, а потому был избран управителем Жаикбаев. По окончании выборов Жаикбаев просил у моего мужа Кутпанова серого иноходца, стоящего 120 рублей, якобы за убытки, понесенные Жаикбаевым во время выборов. Но иноходец не был ему дан. Рассердившись на это, Жаикбаев начал делать всякие притеснения моему мужу... После того Жаикбаев научил других предъявлять на моего мужа ложные иски, что было и исполнено». Ал поэмада бұл тарихи шындық көркемдік сипатқа ие болып, былай суреттеледі:

«Сый болсын, - депті маған Сейілторы,
Артық па ағайындық қадірінен?»
Арада бір қылқұйрық жүрмей ме екен,
Жылқы затын бұл қазақ бәрі мінген,
Бермесе өзі білсін...
Құтылмайды
Ақ патшаның әділ заң-әлібінен».

Мұрағат деректерінде көрсетілгендей, Зейнептің арызы да поэмаға азық болған. Оны мына шумақтардан аңғаруға болады:

...-Әйелім губірнаторға арыз жазды,
Басымнан ығыстырды бар ызғарды,-

деп Иманжүсіп билер сотында жауап береді. Тарихи шындықтар мен деректер көркемдік сипатқа ие болып, нанымды да тартымды поэма құрылған. Бұл тарихи деректер З.Ақышевтің «Иманжүсіп» романына да енгізілген.

Маңдайын тауға да ұрып, тасқа да ұрып,
Талай сын өткелектен өткен амал.
Өмірге налыған да кезі болды,
Жалтақтап жолаушыдай жоқ қараған,-

деп суреттегендей, нар жігіт тас қамалдан ауыр қайғы мен үлкен мұң арқалап шыққандай болады. Бірақ ол төбесіне тік көтерген хылқының мұң-наласын олардың биліктен көрген зәбірін тереңінен түсініп, басын тасқа да ұрады, тауға да

соғады. Ақын К.Мырзабеков Иманжүсіп аузына нағыз халық перзентінің, қайсар қайраткердің сөзін салады:

-Азаттық, азаттық,-деп күбірлеген,
-Азатпын! – деді ол іштей,-тірімде мен.
«Азатпын, мен азатпын деген іштей,
Ер жігіт өмір сүрмес ерегіспей».

Тас қамалдан шыққаннан кейін оның ізінен шам алып түскендер Иманжүсіпке қысым көрсетуін доғармайды. Батырға деген өшпенділік Рақымжан Жайықбаев, Жантасов сынды батырдың «даланың бунтары», «бүлікшіл», «қарақшы» деп, Иманжүсіпке жала жабудан тайындырмайды. Серіні қолға түсірмекші болған топ оның ауылын шауып, қартайған әке-шешесін, бала-шағасын таяққа жығып кетеді. Иманжүсіп жанашырларының көрген зәбіріне дейін шығармада дәл баяндалған. Өнерпаз дарын иесініңән шығарып, өлең жазуы болыс, атқамінерлердің оған деген өштігін өршітеді. Иманжүсіпті жер аудару керек деген үкім шығарады. Сондықтан оның аяғынан шалып, сүріндіруді алдына мақсат еткен болыстардың ызасы қалыңдай түседі. Поеманың ең әсерлі тұсы – Иманжүсіпті өнерпаз, дарын иесі ретінде көркем бейнелей алуында. Үстем таптың астамшылығы «Қараөткелдің мұзбалағын» мұқалтқысы келсе де, оның өнерін қолдап, жанашырлық танытып, әділдігін таразылайтын қалың топ халқы бар. Халық жүрегінде өз орны бар сегіз қырлы, бір сырлы дарынмен ел мақтанышына айналған Иманжүсіп жайлы К. Мырзабеков былай деп толғайды:

Ұйыды ел. Әнші неден алаңдайды,
Еліндей ешкім қорған бола алмайды.
«Қазақтың бар қатыны ұл тапса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмай жүр».

Қарапайым халықтың Иманжүсіптей ұлының жанынан табылуы, үміт-арманын артып болыстыққа ұсынуы, әнімен сусындап, өнерін қолпаштауы – поеманың жарқын бір сипаты. Поема Иманжүсіптің жазықсыз тұтқындалуымен шешім табады. «Абылай аспас арқаның сары-ай белі...» деген жыр жолдары ойына оралып, көкірегі қарс айырылған батыр туған жерімен қоштасып кете барады. Әділдік пен теңсіздіктің айқасы осындай жат қылықтарға жетеді.

Көркем шығармада Иманжүсіптің болмысы сөзі мен ісі нақты, үстем тап өкілдерімен шындық үшін күрескен, ұлы өнерпаз сипатында көрінеді. Батыр халық пайымдауы мен көкейінде қаншалықты биік сатыда тұрса, ақын Кеңшілік Мырзабеков «Иманжүсіп» поэмасында оның көркем бейнесін соншалықты жоғары дәрежеде суреттеп, көрсете алған. «Иманжүсіп» поэмасының негізгі идеялық қазығы да қайсар, өнерпаз тұлғалардың халық жадында мәңгі жасайтындығын айта алғанында. И.Құтпанұлының азаматтығын танытатын, өмірі мен өнер жолына арналып жазылған көркем шығармалардың ішінде К.Мырзабековтің «Иманжүсіп» поэмасының шоқтығы биік.



Иманжүсіп – қазақ халқының тарихындағы ерекше құбылыс, биік белес. Ұлт азаттығы жолында күрескен сайыпқыран, ақтаңгер ақын, дәулескер композитор, Арқада Біржан, Ақан, үкілі Ыбырайлар қалыптастырған салдық дәстүр мен салтанаттың заңды жалғасы. Абат далада Иманжүсіптің екі ауыз өлеңін жатқа айтпайтын қазақ баласы кемде-кем. Есімінің ерекше мәшһүр болатыны да сондықтан шығар. Сондықтан да Иманжүсіп есімі ел жадында өшпестей орын алып, уақыты жеткенде біраз көркем шығармаларға, соның ішінде поэзиялық жанрдағы туындыларға арқау болды. Қазаргі қазақ әдебиетінде үздік шығармалар беріп келе жатқан ақындар өлеңдерін Иманжүсіпке арнады, Иманжүсіпше жырлады. Күрескер тұлғаға **арнау** өлеңдерінің де шоқтығы биік. Бұл сөзімізге дәлел – **Ғалым Жайлыбайдың «Қараөткелдің бауырында қалың шұбар»** атты өлеңі. Иманжүсіптің ән-өлеңдері оның өзіне арналған жырларға да арқау болды. Қазірге қазақ поэзиясының көшін бастап келе жатқан көрнекті ақын Ғалым Жайлыбай Иманжүсіптің:

Қараөткелдің бауырында қалың шұбар,
Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар,-

деп басталатын әнін өлеңіне өзек етеді. Қазақ өлеңіндегі шертпе күйдің шебері Ғалым Жайлыбай Иманжүсіпке «Қараөткелдің бауырында қалың шұбар» атты өлеңін арнады. Ақын бұл өлеңінде Иманжүсіптің даралығын («Талай қатын қазақта ұл тапса да, бәрібір Иманжүсіп бола алмай жүр») танытa отырып, серіге жүгінеді, мұңын шағады.

Ал қазақ поэзиясына өршіл үнімен, сыршыл жырларымен келіп қосылған ақын **Қасымхан Бегімановтың «Ақын ағаға сыр»** өлеңі – Иманжүсіпке арнау. Иманжүсіп рухымен тілдесу, ақын Иманжүсіпке сыр ақтаруы, замана шындығын, ырғағын толғау - өлеңнің негізгі мазмұны мен жарқын сипаты.

Сарыарқасына сыймай бір өткен,
Иманжүсіптей қайраттым,
Арыстанбабтай айбаттым,
Қызыл заманда жалтақтамаған қоғамға,
Сендей ағаны ана дүниеден табам ба?
Өттік біз қанша қаһарлы есік, қақпадан,
Алдыңда сенің несіне бүгін ақталам,-

деп басталатын арнау өлеңде ақын Қ.Бегіманов замана лебі, қоғамдық жайлардың келеңсіз қылықтарын ақын ағасына сыр қылып ақтарады. Иманжүсіптің әншілік, композиторлық секілді асыл қасиеттерін, табиғат берген қымбат дарынына бас ие отырып, жыр төгеді:

Аққан бір судай сабырлым, жеранадайын төзімдім,
Жастарын көрем жырыңнан жасаурап тұрған көзіңнің.

Ішкі тебіреніс, көңіл-күй ырғақтарын, жеке бастың мұң-шерін, әлеумет күресінің оқшау күйлерін өлеңіне арқау ете отырып, Қасымхан Бегіманов өзінің ой иірімдерін арнау ретінде жырлайды. Осы сәтте ақын жүрегіне жинақталған тебіреніс өлең

өрімі болып сыртқа ақтарылады. Халқының, жұртының жай-күйін шерте отырып, Иманжүсіп рухына жүгінеді:

Таза еді арым, сеніңіз, бұл сөзге кәміл иманым,
Кеш білдім кеше жақыным қиянаттарға қиғанын.
Сыйғанмен, аға, қайтейін көкірегіме бар ғалам,
Алматы менен ауылға ес жиған шақта сыймадым.

Бірақ бұл күйіне ақын мойымайды. Ақының рухымен тілдесе отырып, жарқын болашағына кәміл сенеді. Иманжүсіп – халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған қайраткер. Ақын ағасына сыр ақтару арқылы замана лебін танытады, өз мұңын тарқатады:

Келеді күндер арайлы, әлі де талай бақ сынар,
Ұлы Абай айтқан кешегі қайрат пен намыс ап шығар.
Еліміз сеніп бізге де күрделі істер тапсырар,
Бағамды беріп мінбеден мен жайлы айтар пікірлер,
Қасқалар менен жайсаңдар, лебізі уәлі жақсылар,
Осылай дейді түсімде ауылда көрген бақсылар.

Бұл өлеңінде Қасымхан Бегіманов өршіл мұңын ақтарып тастап, өзінің кім екенін танытады. Иманжүсіптей асыл тұлғадан медет тілейді. Себебі, Иманжүсіп өз заманында халқының қамқоры болды, қысылтаяң сәттерде аянып қалмады. Еркіндіктің нышаны бола отырып, елінің ардақты азаматы ретінде танылды. Ақын тебіренісі өлеңде жалындап, өр үнмен шығады, ақынның қиял ауқымы кең, қоғам шындығы, жеке бастың мұң-шері, философиялық категорияларды тереңінен қамтиды. Ішкі тебіреніс пен көңіл-күйінен туған сезімді өр кеудесіне сыйғызған ақынның толғанысы өршіл пафос пен өкініш арқылы жырланады.

«Ақын ағаға сыр» өлеңі – ақынның өз өмір жолын ой елегінен өткізуі, өз табиғатын тануға және танытуға деген талпынысы, Иманжүсіпке сыр ақтара отырып, заманы, қоғамы мен келешекті шолуы және таразылауы, алдағы болашақ күнге деген үміті, арман-сенімі. Иманжүсіп батыр рухымен сырласу, медет тілеу арқылы терең мәселелерді көркемдік тұрғыдан байыптайды, парасат-зердесін байқатады. Өкпе-ренішін де осы өлеңге сыйғызғанын байқауымызға болады:

Арғымақ аттай алшаңдап бәйгеге бірге барамыз,
Арманда қалған, ауылдар, әжетіңе де жарармыз.
Ұмытса-дағы Астана, Хандармен қатар-қатар боп,
Түркістанымда мәңгілік, қос көше болып қалармыз.

Өлеңнің өршіл, өр дауысындай саңқылдаған ақынның жүрегі, асқақ жаны Иманжүсіп үнімен үндес, сарындас. Қасымхан Бегіманов Иманжүсіп Құтпанұлының рухани ағасы ғана емес, қандас та туысқаны («Солай да солай, ағажан, біз туған жерді еске алдым, Ұрпағы едік кешегі сыйласып өткен бес шалдың»). Ал Нүркей Қалжанов «Қазақтың бұлбұлысың асыл туған», Мұрат Күлімбет «Заманынан оза туған», қарт ақын Кәкен Жаманбаев арнау өлеңдерімен И.Құтпанұлының күрескерлік бейнесін, сегіз қырлы, бір сырлы жігерлі тұлғасын өлең өрнегіне сыйғызды. Егер



Мұрат Күлімбет өлеңдері алмас қылыштай жарқ еткен бейненің тұлғасын танытса, Кәкен Сақыпұлының арнау өлеңі Иманжүсіптің шежіресін тарата отырып, талант табиғатын аңғартады. **Нүркей Қалжанов** өз өлеңінде Иманжүсіпті өнерпаз сері ретінде суреттесе, ақын **Мұрат Күлімбеттің «Заманынан оза туған»** атты арнау өлеңі Қ. Бегімановтың «Ақын ағаға сыр» өлеңімен үндес, батырды асқақтата жырлай отырып, Иманжүсіп рухымен тілдеседі:

Өтті қанша кезеңдер, нөпір ағын,
Қайдасың сен мұңлығым, о пір-әнім?!
Тәніңді әлде тіл-көз бен тексіздіктен,
Жатыр ма екен жасырып топырағың?!

«Заманынан оза туған» атты арнау өлеңіндегі Иманжүсіптің дараланып, оқшау көрінуі – шыққан тегі, намысты қолдан бермейтін өр мінезі, серілік салтанат құруы, заманында талас-тартыс көріп, күрескер тұлға ретінде ел есінде орын тепкенімен байланысып жатыр:

Жазираңа жеткенде қиырдағы ән,
Құлазыған көңілді күй ырғаған.
Бірақ, бірақ шара не, ізгілердің,
Маңдайына жайлы өмір бұйырмаған.

Иманжүсіптің қазақ мәдениеті мен тарихындағы орнын көрсету, заманымен арпалысып өткен қайраткерлік бейнесін таныту - өлеңнің негізгі идеялық бағыты. Мұрат Күлімбет өлеңінен мысал келтірсек, «Сүйінді елің көргендей нұсқа алыптан, // Шырқағанда әніңді құстар ұққан», «Зор тұтқанмен аймағың таңданып кең, // Жолын кесіп жақсының жан дәніккен», «Тірлігіңде ту етіп арды ұстадың, // Зомбылығы пенденің – тартысқаның», «Оза туған жазығың заманыңнан», «Дүр сілкініп еңсеңді басқанда мұң, // Дүлейінен дүбірдің жасқанбадың», «Дайырларын даланың дүрліктіріп, // Айбынына айналдың әділеттің», «Сахараңа сыйдырмай сан соқтырып, // Теперішін тартқызған «теңдігің» де», «Дал күйінде дағдарып далаң қалған, // Тауларың да бола алмай таянышың», «Күйінгеннен не қайыр, қаралы елге, // Мүрдеңді де қимаған мұңсыздардан». Өлеңнің негізгі идеялық қазығы мен мазмұнынын мына шумақтардан байқаймыз:

... Шара қанша құй ашын, құй ашынба,
Налаңа енді халқыңды қиясың ба?!
Рухыңмен табысып кеткендейсің,
Қырандайын мерт болған қиясында.

Ал қарт ақын **Кәкен Сақыпұлының «Иманжүсіп»** өлеңі батырдың жүз қырық жылдығына арналып жазылған. Ақынды толғандырған мәселе – батырдың тағдыры, бар бітім-болмысы мен ерлігі:

... Үш ұлдың кейінгісі Иманжүсіп,
Жасынан қайтпас-қайсар болған пысық.
Алып күштің иесі, сылқым сері,
Атанған туыс палуан топқа түсіп.

Ақын назарынан өз дәуірінің қилы-қилы құбылыстарын бастан өткерген Иманжүсіптің күрескерлік тұлғасы тыс қалмаған. Батырдың өз заманында әділдік үшін күресіп, атқамінерлердің жүргізген күрестерін:

Жәбірі ақ патшаның жұта алмаған,
Көрсе де қанша қамау мұқалмаған.
Теңдікті, әділдікті қуғанменен,
Дүниеден өткенінше жете алмаған,-

деген сөздерімен мінездейді. Бұл өлең Кәкен Сақыпұлының өтінішімен шешім табады. Батыр есімін мейлінше асқақтытып, насихаттау керек. Өлең батыр есімімен көше, мекеме атауы берілсе екен деген үндеу тәрізді.

Қазіргі қазақ поэзиясының көшін бастап келе жатқан ақындардың бірі, қоғам қайраткері – **Серік Тұрғынбек.** Иманжүсіп Құтпанұлының ақындық, әншілік, композиторлық қасиеттері мен ерен күш иесі екендігін танытатын шығармалары - **«Иманжүсіптің монологы», «Сәкен мен Иманжүсіп».** Серік Тұрғынбектің «Иманжүсіптің монологы» - Иманжүсіпке арналған өлеңдердің ішіндегі бірегейі. Монолог үлгісінде жазылған. «Орысша-қазақша түсіндірмелі сөздікте» монолог терминіне былай деп анықтама берілген: «Монолог (грекше – бір сөз) – драмалық шығармадағы, сондай-ақ басқа шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл-күйін білдіретін толғау сөзі: кейіпкерді сөйлету тәсілі». Сонда ақын С.Тұрғынбек батыр, әнші-серінің ішкі көңіл-күйін өлеңмен жеткізіп тұр. Бұл өлеңде Иманжүсіпті туған жерінде армансыз сайран құрған асыл ер деп танимыз. Монологтың негізгі идеясы – Иманжүсіптің абақтыға әділетсіз қамалғанын әшкерелеу, ел Иманжүсібінің ардақты тұлға екендігін тағы бір мәрте дәлелдеу. И.Құтпанұлының тарихи тұлғасы, көркемдік және күрескерлік бейнесін сомдауда ақын-жазушылар образ төңірегіндегі уақиғалар, батырмен аралас-құралас болған өнерпаздар мен қайраткерлерді өз шығармаларына арқау еткен. Иманжүсіппен үзеңгілес болған тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар, күні бүгінге дейін ел аузында сақталып келе жатқан аңыз-әңгіме, тарихи деректердің жүйесін ақын Серік Тұрғынбек өлең өрнегіне сыйдырады. Асыл сөзбен Иманжүсіптің қазақ тарихындағы шоқтығы биік бейнесін сөзбен сомдады. Бұған дәлел – «Сәкен мен Иманжүсіп» өлеңі. Бұл жайында әңгіме-естеліктер де жазылған. 1969 жылы «Жұлдыз» журналында Жұмабай Орманбаевтың И.Құтпанұлы мен С.Сейфуллиннің достық қарым-қатынасы хақында қызықты мақаласы жарық көрген. Бұл туралы Айғали Аманжолұлы «Дара тұлға» атты мақаласында былай деп дерек келтіреді: «...кезінде оның шығармашылығын Сәкен Сейфуллин мен Балуан Шолақ жоғары бағалаған. Өздерін аға және жолдас деп таныған. Соның айғағы болса керек, 1927 жылы Сәкен оны Қызылорда қаласында өтетін кеңес үкіметінің он жылдық мерейтойына шақырады. Ал «Жұлдыз» журналында жарияланған естелігінде журналист Жұмағали Орманов Сәкен мен Иманжүсіптің бірге жүргенін айтады. Иманжүсіптің баласы бала кезінде әкесінің Сәкен Сейфуллинмен және басқалармен түскен суреттерін көрген. Бірақ әзірге сол суреттердің бірде-біреуі табылмаған». Осы тарихи оқиға жазушы Зейтін Ақышевтің «Иманжүсіп» романының ІІІ бөлім,



«Жақсыдан шарапат» атты тарауында айтылады. «Жасы алпыстан асып, қартаң тартқанмен, бүкіл өмірі талас-тартыс, байлау, айдау көргенмен, жүрісі әлі тың» Иманжүсіп сол он жылдық тойға барғанда жасы алпыстан асқан ақсақал болыпты. Кейін ел аузында қалған аңыз-әңгімелерге сүйене отырып, Серік Тұрғынбек «Сәкен мен Иманжүсіп» атты өлеңін дүниеге әкелді. Өлеңнің негізгі идеясы – Иманжүсіптің ерен күш иесі, артына қалдырған ән-өлеңдері халықтың ілтипатына ие екенін таныту, ұлт қайраткері Сәкен Сейфуллин мен Иманжүсіп Құтпанұлының арасында болған достық, сыйластықты көрсету. Өнерпаз серінің әуелеген «Қалқатайға», «Сүйген жарға» секілді ән мен жыры, ел аузында тараған батырлығы жайлы аңыздар, Балуан Шолақ, Қажымұқанмен дос болғаны жайлы айта келе:

Түп-түгел ауылының мал мен басы,
Бар ептеп баяғыдан қалған кәсіп.
Дүниені дүрліктірген
Сол Имекең
Бұл күнде Сейфолланың жан жолдасы,-

деп ой өрбітеді. Иманжүсіптің қонған ауылы Күйгенжарға ат басын тіреген Сәкен ағасы арнайы іздеп келіп, қонақ болады. Ауылдың жақсылары мен жайсаңдары жиналған үйде ән салынып, күй тартылып, қызықты әңгімелер айтылады («Бір түнде сегіз қыздың қойнын ашқан», // «Кәпірдің аузы түкті талайларын, бақыртып бауыздаушы ем лақтайын!»). Қос тұлғаның іс-әрекетін, ортақ үміт-арманын, сыйлас екенін көрсету - өлеңде жетекші сарындардың бірі. Өлеңнің негізгі сюжеті Иманжүсіп пен Сәкеннің аңға шығуымен байланысып жатыр:

... Қос атты ерттеулі дайындатып,
Ертесін қайтамыз деп аңға шығып.
Сәкеннің байқап қалды жан құштарын,
Аралап ен жайлауын,
бар қыстауын
Бұғылы-Тағылының бұғып жатқан,
Қайтпаққа дүрліктіріп аң-құстарын.

Иманжүсіптің көркем әдебиеттегі бейнесін сомдауда, мәнін жинақтай айтқанда кейбір қорытындыларға келуге болады. Соның бірі – батырдың ел аузында сақталған әңгімелерде ел перзенті, алып күш иесі болып қалыптасуы. Сәкен Сейфуллинмен, Балуан Шолақпен, Қажымұқанмен үзеңгілес болуы кейін ақын-жазушылардың қаламынан туған көркем шығармаларға себепкер болды. Сол аңызды жүйелеп, өлеңге айналдырған ақындардың қатарында көкшелік ақын, манасшы-жыршы **Баянғали Әлімжанов** бар. Өзінің мазмұны мен көркемдік кестесі жағынан **«Балуан Шолақ пен Иманжүсіп»** өлеңі К.Мырзабековтің «Иманжүсіп» поэмасы, С.Тұрғынбектің «Сәкен мен Иманжүсіп» атты өлеңдер сарынына үндес шығарма. Манасшы-жыршы Б.Әлімжанов Иманжүсіптің асқан күш-қуат пен өнер иесі екенін танытуды алдына мақсат етіп қояды. «Азаттығын алтынға айырбастамайтын Ерейменнің еренінің» батырлығы жайлы ой толғай отырып, «жақсылықты жақтырған, жамандықты жат қылған», ерлігі асқан Балуан Шолақ пен

«бетпе-бет келгенді аттан жұлып алып, жыраға бүктеп-бүктеп бір-ақ тыққан» Иманжүсіп батырдың кездесуі жайлы сөз етеді. Еременнің ерені мен Қыпшақтың ерінің қара күш иелері екенін манасшы асқақта суреттейді. Екі арыстан алысса біреуі қалып, біреуі өледі деген жауларының жобасы іске аспайды. Иманжүсіп Балуан Шолақты «Алаштың арда ұлы» деп қадір тұтады. Біріне-бірін қайрап сап, қазақтың екі қылышын мұқалтпақ болған теріс пиғылды олар түсінеді.

«Бәсеке қуып қастасып,
Қырқысып жатсақ өзара.
Не боларын еліңнің,
Білетін жанның бірісің»,-

деп бойларындағы өр мінездерін танытa отырып, бұл жалғандағы достықтарының беріктігін мақтан тұтады. Балуан Шолақ пен Иманжүсіпті арандату үшін тараған лақап сөздер екеуінің араларына сызат түсірмейді, олар жан аяспас дос боп өтеді. Осындай ұлылар арасында болған достық сыры ел аузында сақталған аңыз-әңгімелердің желісімен бүгінге жетіп, атадан қалған асыл мұраға айналып отыр. Арыстар жайлы аталы сөздер әлі талай заманға азық болары сөзсіз. «Балуан Шолақ пен Иманжүсіп» өлеңінен өр дауысты манасшы-ақынның жүрегі мен асқақ жаны туған елінің перзенттеріне деген бөлекше кішіпейіл мен өзгеше ілтипат сезімі байқалады.

Тақырыптық жағынан сараланып, толыққанды бейне жасауда мол ізденіс танытқан Иманжүсіптің көркемдік бейнесін танытуда поэзиялық жанрда жазылған көркем шығармалардың маңызы ерекше. Өмірдегі Иманжүсіп пен өнердегі Иманжүсіп бейнесін сомдауда поэзия жанры жетекшілік қызмет атқарды. Иманжүсіп Құтпанұлының терең рухын, теңдік, бостандық ұранын халыққа бірінші жеткізген – қазақтың ұшқыр өлеңі. Мәселен, Мәнсұр Бекежановтың «Иманжүсіпке хат» дастаны, К. Мырзабековтің «Иманжүсіп» поэмасы, Ғ. Жайлыбайдың «Қараөткелдің бауырында қалың шұбар», Қ.Бегімановтың «Ақын ағаға сыр», Н. Қалжановтың «Қазақтың бұлбұлысың асыл туған», М.Күлімбеттің «Заманынан оза туған», С. Тұрғынбектің «Иманжүсіптің монологы» мен «Сәкен мен Иманжүсіп», Б. Әлімжановтың «Балуан Шолақ пен Иманжүсіп» өлеңі өнерпаз серінің көркемдік бейнесін, тарихи келбетін жасауда шоқтығы биік туындылар болды.

Көркем поэзия саласында жазылған шығармаларда И.Құтпанұлының әнші, серілігі, елден асқан ерен күш иесі екендігіне зер салынып, батырдың Қажымұқан, Сәкен Сейфуллин сынды ел ұлдарымен кездесуіндегі жарқын сәттер секілді тағылымы мен тәрбиелік мәні зор сарындарға баса назар аударылды. Өзек болған тақырыптар – тарихи шындықтар.

Өнер тақырыбына қалам тартқан жазушылардың **прозалық жанрдағы** көркем шығармаларында кейіпкер өмірінің тарихи шындығы көркемдік сипатқа ие болып, шеберлікпен суреттеледі. Бейнелеп отырған басты тұлғасын, асқақтата түсті. Өнерпаздардың қилы тағдырын әр қилы өмірлік кезеңдерде бейнелеп жеткізуге төселген қаламгерлер өз кейіпкерінің бейнесін жинақтық деңгейге көтерді. Қазақстан жазушыларының VIII съезінде (Ә.Нарымбетов «Әдеби өмір шежіресі») Жұбан Молдағалиев өз баяндамасында: «С. Жүнісовтың «Ақан сері», З. Ақышевтің «Жаяу Мұса» романдары да қазақ халқының таңдаулы өкілдерінің – қолында билігі барларға, әлеуметтік және рухани езгіге қарсы бітіспес күресіне арналған. Зейтін Ақышев, керісінше, екінші бір халық композиторы, әрі әнші Жаяу Мұсаның өмірбаянына қатысты детальдардың бәрін мұқият зерттеп, зерделей отырып, тарихи тұлғаның нақты бейнесін жасаған. З. Ақышев өз шығармасының танымдық, нақтылық қасиеттеріне көбірек ден қояды», - деп баға берген жазушы **Зейтін Ақышев** отаршылдық езгіге қарсы күресіп өткен Иманжүсіптің өмірін арқау ете отырып, **«Иманжүсіп» романын** дүниеге әкелді. Қаламгер тарихи тұлғаның айшықты образын өзінің шығармасында сәтті жасап шығарды. «Иманжүсіп» романы (алғаш «Шынардың шыбығы» деген атпен жарық көрді) – батыр өмірі мен шығармашылығына қатысты жазылған тұңғыш роман.



З. Ақышев ұзақ жылдар бойы деректер жинап, ақын өмірінен сыр шертетін «Шынардың шыбығы» атты роман жазды. Бұл роман қайта өңделіп, 2003 жылы «Жібек жолы» баспасынан «Иманжүсіп» деген атпен жарық көрді. Оның өзіндік себептері бар. Гүлжанат Шонабай «Иманжүсіп: айтылмаған ақиқат» атты мақаласында бұл туралы тың деректер береді: «...Оған ақын өмірінен роман жазған жазушы З. Ақышевтің төмендегі естелігі куә. Қаламгер оны кітаптың екінші басылымына енгізгісі келмек болып арманда кеткен. Еш жерде жарияланбаған қолжазбаны Иманжүсіптің немересі Раушан Нұрханқызынан алдық. «Бұл роман 1987 жылы «Жазушы» баспасынан «Шынардың шыбығы» деген атпен жарық көрген. Романның қолжазбасы баспаға 1982 жылдың ақпанында тапсырылып еді. Екі адамға рецензия жасатқан екен. Екеуі де «шығарманың көркемдік, идеялық, тарихи шындық жағынан міні жоқ» деп пікір айтыпты. Осыған сүйене отырып баспа 1983 жылы басып шығаруды жоспарлаған кезде, Баспасөз комитетінің басшылары «бұл кітапты шығаруға болмайды» деп тоқтаттырып тастапты. Оғын мынадай сылтаулар айтылыпты:

- Иманжүсіп XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Арқа өңірінде аты шулы баукеспе ұры болған;
- Ол ел тонаған. «Бір түнде сегіз қызды алып қашқан»;
- Ресей жерінен келген орыстарға күн көрсетпеген. Оларды сабаған, малын айдап алған, үйлерін өртеген;
- Осындай және бұлардан басқа да қылмыстары үшін патша заманында екі рет жер аударылған;
- Ауыл шаруашылығын коллективтендіру кезінде банда ұйымдастырып, колхозға қарсы соғыс ашқан;
- Осындай қылмыстары үшін оны советтік правоқорғау орындары атып өлтірген, т.б.

«Мұндай адам туралы кітап шығарта алмаймын, менің партбилетім екеу емес»,-деді Баспасөз комитетінің басшысы. Бұл сталиндік репрессияның сілемі әлі басылмаған, Хрущев, Брежневтер тұсындағы үстемдік (диктатура) тәртібі бойынша мәселенің түйіні басшының «айтты-біттісімен» шешіліп жүрген кез еді. Осы

себептерден романның қолжазбасы төрт рет сергелдеңге түсті. Ақырында қолжазба идеология жөніндегі хатшысына өтініш жазуға мәжбүр болды. Оның негізгі себебі – ол жолдас республика Мемлекеттік қауіпсіздігі жүйесінде көп жыл басшы қызмет атқарған адам болатын. Иманжүсіп советтік құрылысқа қарсы әрекет жасаған болса, тиісті жолымен тексеру мүмкіндігі мол. Көп ұзаған жоқ, Иманжүсіп бойынан теріс мінез табылмаса керек, «ол туралы кітап шығаруға болады» деген хабар келеді. Содан кейін ғана баспа қолжазбаны редакциялауға кірісті. Сонда да Баспасөз Комитетінің басшысы «Кітаптың аты өзгертілсін, сыртында Иманжүсіп аты болмасын» деп ауызша нұсқау беріпті. Бұл нұсқауды орындамауға батылы бармаған баспа басшылары кітапқа «Шынардың шыбығы» деген ат қояды...» («Автордан», З. Ақышев, 1985).

Жазушы Қалихан Ысқақ кеңестік идеологияның, қызыл цензураның күйіп тұрған шағында Иманжүсіпке қатысты үзік-үзік шығармалар жарияланғандығын айта келе, жазушының кейбір шындықтарды жасқана отырып жазғанын айтады да, жүрегімен жылап отырып жазғанына ризашылығын білдіреді. Ғалым Раушан Көшенованың құрастыруымен шыққан «Иманжүсіп» атты кітапта «Шынардың шыбығы» романы, жазуылуы туралы әңгіме енгізілген. Ол кісі мұрағат деректерін қарап отырып, З.Ақышевтің жеке архивіне кезігеді. Жазушылар Одағының көркемдік кеңесінде Иманжүсіп туралы романды талқылаған жиналыстың стенограммалық парағынан дерек келтіреді. Ол төмендегідей: «Кеңестің мәжілісіне Ғ. Қайырбеков, Р. Бердібаев, Д. Досжанов, С. Бақбергенов, М. Әлімбаев, Б. Нұржекеев, А. Жақсыбаев, Ш. Құмарова, Қ. Жұмаділов, О. Сәрсенбаев сияқты белгілі жазушылар қатысыпты. Жазушылар бірінен соң бірі мәжіліс төрағасының столына барып, Иманжүсіптің атына байланысты өздерінің пікірлерін айтты. М.Әлімбаев былай деді: «Мен бала күнімде Иманжүсіп жөнінде көп естігем. Тіпті бір кезде ол туралы жазғым да келді. Иманжүсіп жөнінде роман жазылғанын естіп, сол романды оқитын күнді асыға күтіп едім. Міне, бүгін ол туралы тыңдайын деп әдейі келдім». Р.Бердібаев Иманжүсіптің өлеңдерін оқып, оның «Сарыарқа» әні туралы шабыттана әңгімеледі. Ол әннің табиғатына, өзіндік үніне ерекше тоқталып, халқының жанына, рухына жақын екенін айтты. О.Сәрсенбаев өз сөзін: «Иманжүсіпті қазақтың Дубровскийі деп атайды. Бұл тауып айтылған теңеу: ол әлсіздер мен момындардың қорғаны, қамқоршысы болған. Ол адал да үлкен жүректі адам болды. Ашаршылық жылдары қаншама адамдардың өмірін сақтап қалды. Ол халықтың жүрегінде мәңгі жасай бермек!» - деп қорытты. Кітап теруге көп қысқартылып жіберіледі. Алғашқы басылымы солай «Шынардың шыбығы» деген атпен шығады. Бұл роман Иманжүсіп туралы жазылған тұңғыш шежіре. Өкінішке орай, Зейтін аға ол кезде көп нәрсені ашық жаза алған жоқ. Кейіпкердің өміріне байланысты деректер де оған белгісіз болатын. Оның үстіне кеңестік заманның болмысы жазушының аяқ-қолын байлап-матап тырп етуге шамасын келтірмей тастаған-ды. Сондықтан Иманжүсіптің көркем әдебиеттегі бейнесі әлсіздеу, солғындау шықты.

З. Ақышевтің «Иманжүсіп» романы бойындағы ары мен намысын табанға таптатпай, тән азабы мен жан азабын қатар шеккен, ел-жұртының болашағына алаңдаған қайсар ер Иманжүсіптің ерлігі мен азаматтығын танытады. Автор сегіз



қырлы, бір сырлы азаматтың қилы тағдыры мен бейбіт күн үшін күресін әсерлі етіп суреттейді. Тарихи тұлғаны көркем образға айналдыру – жазушы шеберлігінің белгісі. «Иманжүсіп» романын жазу арқылы қаламгер З.Ақышев қайраткердің өмір шындықтарын көркем көрініске айналдырды. Бұл И.Құтпанұлының көркем әдебиеттегі бейнесін таныту үшін үлкен жаңалық, ірі қадам болған еді. Шығарманың көркемдік-эстетикалық қуаты мол, Иманжүсіп өмірінің өзекті мәселелерін алға тартып, оның алуан қырлы тағдырын кең ауқымда суреттейді. «Иманжүсіп» романының ерекшелігі де осында.

Романның негізгі идеясы – дәуірдің қоғамдық-әлеуметтік көрінісін бейнелей отырып, соған лайық Иманжүсіп Құтпанұлының қилы тағдырын суреттеу, қайраткер тұлғаның күрескерлік бейнесін, өнерпаздық қасиетін тарихи оқиғалар негізінде таныту. Өнерпаз сері тағдырына қалам тартқан жазушының «Иманжүсіп» («Шынардың шыбығы») романында суреткерлік шеберлік үлгілері, тарихи деректердің шынайылығы батырдың жан-дүниесін терең, әр қырынан, жан-жақты ашып көрсетеді. Өнер туындысы мен соны жасаған өнерпаз туралы тарихи деректерді, ел аузындағы аңыз-әңгімелерді көркемдікпен бейнелегенде қаламгер өзінің шеберлігін танытады. Көрнекті жазушы З.Ақышев өнерпаз, күрескер серінің өмір-тағдырына кездейсоқ бармаған. Иманжүсіп бейнесін көркем әдебиетте сомдамастан бұрын қайраткердің өмірі мен өнер тарихын терең зерттеп біліп, мұрағат деректеріне сүйене отырып, үлкен шежіре-роман жазғаны ақиқат. Мәселен, қайраткердің әкесі Құтпанның тағдыры (Тұрғанбай датқа және оның жоғалған баласы), Иманжүсіптің болыс сайлауына түсіп, өтпей қалуы, артынан Рақымжан Жайықбаевтың қолына шам алып, артынан түсуі, тағдырдың тәлкегін тарта отырып, жер аударылуы, Зейнептің арызы сынды уақиғалар – тарихи шындықтар. Бұл мәліметтерді дәлелдейтін құжат – архив мұрағатында сақталған И.Құтпанұлының жеке ісі. Қайраткердің ішкі жан-дүниесі, қиын да қилы тағдырын қаламгер сатылап, бірте-бірте ашады. Көркем образды ашқан сайын Иманжүсіп тұлғасы ірілене түседі.

Романдағы оқиғалардың шиеленісуі, шарықтау шегі – батырдың болыс сайлауына түсуі. Оқиғалар осы сюжеттерден бастап өрбиді. Иманжүсіп әндерін зерттеуші, белгілі өнертанушы Ілия Жақанов серінің ғұмырын алақұйын тынымсыз дүниеге теңей келіп, былай деп ой қорытады: «Қыран көз Иманжүсіп замана сұрқын Шортанбай ақын секілді жазғырып, оның болашағынан түңілді. Өз ортасы, өз кезіне көңілі толмады. Кер заманды жөндегісі келіп, Шоқан мен Абайдың билікке араласпақ болған қарекетін жөн көріп, Рақымжан есімді жырыңды пысықаймен болыстық сайлауға түсті. Төңірегіндегі опасыздық пен сатқындық, ұлықтарға жарамсақтанып күн кешкен күйдіргі жағымпаздардың жымысқы әрекеттері оны ол мұратына жеткізбеді. Дүйім жұрт алдында Рақымжанды мақтап, жанын жалдаған дүмше ақынсымақтардың сайрағанын да көріп, жағасын ұстап, қаны қарайды. Еркіндікті, ізгілікті, әділдікті тіледі. Сол үшін әкім, ұлық атаулыға жақпады. Ояз алдында да ықпады. Осы мінезімен жел қуған қаңбақтай жылыстап жер ауды, түрменің тар қапасын көрді». Бұл сюжеттер «Иманжүсіп» романының екінші бөлімінде «Старшын

сайлауы» деген тақырыбында айтылады. Ел билеуші Райымхан болыс Иманжүсіпке қиянат жасап, жасы толмаған деген сылтаумен жас жігітті сайлауға қатыстырмай қояды. Әрине, егер батыр сайлауға түссе, ел арасында үлкен беделге ие болып, халық қамын ойлаушы еді. Алайда Райымхан бұл сайлауда таныстың көмегімен жеңіп шығады. Артынша Құтпан әулеті мен Жылқыбаевтар әулеті арасында ұзақ жылға созылған тартыс басталады. Болыс Иманжүсіптен тұлпарын сұратады. Тұлпар қолына тимеген соң батырды торға түсіру үшін болыс тарапынан жалған айыптар, жала жабылып, «бүлікші» деген айдар тағылады. Бұл оқиғалар романның екінші бөлімінің «Қаны сорғалаған құрмет», «Айғырдың ажалы», «Маса талағандар», «Жарымханның сапары», «Қарашекпендер», «Зейнептің арызы», үшінші бөлімнің «Жер ауған», «Дос боп жүріп» тақырыптарында қамтылған. Талай рет тас түрмеге қамалады, өзінің туып-өскен жерін тастап, жат жерге жер аударылады. Әншілігі мен серілігі, бойына біткен дарыны әрқашан өзіне серік болады.

Патшаның жергілікті жандайшаптарының құрығына ілінген Иманжүсіп ақыры жалған айыппен Өскемен уезіне бес жылға жер аударылады. Батырдың аяқ-қолына кісен салып, өзін этаппен жер аудармақшы болады. Бірақ оның жары Зейнептің арызынан кейін Иманжүсіпті отбасымен бірге жер аударады («Зейнептің арызы», «Дос боп жүріп»). Зар заманның наласына іліккен асыл ер осылайша Өскеменге жер аударылады. Ал «Жақсыдан шарапат» тақырыбында С.Сейфуллин мен Иманжүсіп батырдың 1927 жылы Қызылорда қаласында болған кездесуі жайы сөз болады. Бұл да – тарихи шындық. Иманжүсіптің ОГПУ жанындағы «үштіктің» шешімімен ату жазасына кесілгені тарихи шындық болса, ал романда Мойынқұм бойында жасақшылардың қолынан қаза табуы – көркемдік шешім.

Сал-серілердің дәстүрін жалғастырушы Иманжүсіптің тағдыры атақты Балуан Шолақ өмірімен астасып жатқанын байқаймыз. Серінің образы Сәбит Мұқановтың «Балуан Шолақ» повесінде көркем суреттеледі. С.Мұқанов – қаламгер ретінде тарихи тұлғалар өміріне көбірек қалам тартқан жазушыларымыздың бірі. Қазақ тарихы мен мәдениетіндегі қайталанбас тұлға Балуан Шолақ бейнесі де көрнекті жазушы назарына ілікті. Қос өнерпаз қайратты, қиын да қилы өмір кешсе де өнерге деген құштарлықтарын жоймайды. Бұл жайттардың барлығы тұтаса келіп, Иманжүсіп пен Балуан Шолақтың өнерпаздық тұлғасы мен күрескерлік бітім-болмысын толығымен ашады. Жазушылар осы аталған өнер саңлақтарының өмір кешкен заманының әлеуметтік ортасын накты, тарихи оқиғалар арнасында ашып көрсететіндігі байқалады.

«Балуан Шолақ» повесінде сері сияқты атақты, дарынды өнерпаздың бастан кешкен қиын өмір-тағдыры, мінез ерекшелігі, қажыр-қайраты, өнердегі өзіндік өрнегі, әншілік шеберлігі айшықталып, дараланады. «Иманжүсіп» пен «Балуан Шолақ» шығармаларымен танысқанда өнерпаздар тағдырының күнгейі мен көлеңкесі, серілік салтанаты мен өмірінің өкінішті шақтары көз алдымыздан өтеді. Қаламгер С. Мұқанов Балуан Шолақ тұлғасын тарихи оқиғалар арнасында ашып көрсете отырып, оның күрескерлік образын танытады. Екеуі де зорлықшылардан жапа шекті, жер аударылды, халық қамқоры бола жүріп, таланттарын туған елге бағыштады. Серісін сергелдеңге салған тар заманның нар тұлғалы тумалары отаршылдыққа қарсы болып, әлеуметтік қақтығыстардың құрбаны болды. Зейтін Ақышев Иманжүсіпті: «Ол әрі өнерлі, әрі батыр, әрі жүректі, ешкімнен тайынбайды, тайсалмайды»,-десе, Сәбит Мұқанов Балуан Шолаққа былай деп баға береді: «бір сырлы, сегіз қырлы» деп аңыз қылады, ақындық, әншілік, серілік, балуандық, күлдіргіштік, шешендік, өткірлік, тапқырлық – осы сегіз сипат бір бойынан табылады». Қос сері сол заманның орыс-қазағына ортақ белгілі тұлғалар ретінде де танылды. Кесек мінез Иманжүсіп:

Жел сөзге болып өстім аузым епті,
Ел кезіп, жас басымнан көрдім көпті.
Маған дұшпан көбейді табалаған,
Соңымнан ит қалмады абалаған,-

десе, Балуан Шолақ өз өлеңінде былай дейді:

Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан,
Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан.
Анталаған сан дұшпан қамаса да,
Сырдың суы келмейді жұлығымнан.

Серілердің соқтықпалы-соқпақсыз жолдан өткен өмір жолы сол кезеңнің, сол тұстағы заман қойып отырған мәселелерден аңғарылады. Иманжүсіп - әділдік үшін, бостандық пен еркін өмір үшін күрескен тұлға. Халық санасында Балуан Шолақ пен Иманжүсіп, ең алдымен, батырлығымен, ерен күшке ие болуымен жатталды. Бұл екі көркем шығарма екі серінің, қазақ даласының қос перзентінің бір-бірін іштей ұққан, рухани туыстық тапқан, қайшылыққа, күрес-тартысқа толы ортақ тағдырын арқау етті. Тіпті олардың күштілігі сол, қамшымен ұрған ат өліп қалады. «Иманжүсіп» романында ауылына ойран сала келген Пересыпкиннің атын батыр дойыр қамшысымен тартып қалғанда, сұр айғыр ажал құшады. Сол сияқты «Балуан Шолақ» повесінде палуанның күштілігі: «...Балуан Шолақ атынан қарғып түсіп, жығылған атқа қараса, соққан қамшы маңдай сүйегін айырып түскен екен. Ат өліп қалыпты»,-деген жолдардан танылады. «Иманжүсіп» романында батырдың Қараөткелге барып, Балуан Шолақпен жолығу сәтін З.Ақышев жазады («Дос боп жүріп» тақырыбында).

Қос батырдың әншілігі мен серілігі, өнерді жан-тәнімен түсінуі шығарма қуатын арттырған. Иманжүсіп пен Балуан Шолақтың өмірінің есте қалатын негізгі көрінісі – қос перзенттің абақтыға айдалуы, атқамінерлердің тарапынан көрген зорлық-зомбылығы. Өз заманынан тепеpiш көрген, ерлік пен әділдік, бостандықты жақтаған, қайсарлығы үшін қуғын-сүргіннің ащы дәмін татқан серілердің бейнесін З.Ақышев пен С.Мұқанов шеберлікпен бейнелейді. «Иманжүсіп» романынан үзінді келтірсек: «...Күңіреніп, өлеңдетіп барады. Даусы алдындағы Ботақара, Шешенқара, оң жақтағы Наршөккен, Қосағаш, сол жақтағы Қанқашты, Қызылтауға жетіп, естіген құлақты елең еткізеді:

Сарыарқа, қош аман бол, өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.

Тартысып ертеңді-кеш ұлықтармен,
Шұбырып маңдайымнан аққан терім».

З. Ақышев «Иманжүсіп» романы, ал С.Мұқанов «Балуан Шолақ» повесі арқылы қазақ тарихындағы өзіндік орны бар серілердің өмірінің соңында болған оқиғалардың шешімін көркемдікпен жеткізеді. «Орманды жаңғырта «Ғалия» әнін шырқаған ол тастың тар кезеңді жолынан желіп өте бергенде, артынан мылтық гүрс етті. Жүрегі өрекпіп, көзі қарауытқан ол «аттан жығылам ба» деген қорқынышпен, оң қолындағы қаршығаны ұшырып жіберіп, ердің қасына кеудесін тіреді, аттың жалын құшты. Балуан Шолақ көзін қатты жұмды да, жарқырата ашып қайта жұмды. Бұл – көзін дүниеден біржола жұмуы еді». Иманжүсіп те жасақшылардың қолынан қаза табады: «...Сол сәтте атынан түсе қалып, мылтығын ердің қасына сүйеп қойып атқан біреудің оғы Иманжүсіптің сол жақ емшегінен төменірек сарт етті. Иманжүсіп атының жалын құшып еңкейіп қалды да, арқан бойы бармай жығылып кетті». Осылайша қапыда қаза тауып, өмірімен қоштасады.

Кейіпкер тағдырын тереңнен бейнелеуде, өмір-тағдырын шынайы жеткізуде З.Ақышев пен С.Мұқанов шебер суреткерлігін танытты. «Иманжүсіп» романының бас кейіпкері батырдың жан-дүниесі өнерімен сабақтастықта ашылды. Көрнекті жазушы Зейтін Ақышев тарихи тұлғаны шынайылықпен бейнелей отырып, көркем образ дәрежесіне көтерді. Бүкіл өмірін талас-тартыспен, зорлық-зомбылықпен өткізген, сол жолда оққа ұшқан Иманжүсіптің өмірі мен өнері туралы сыр шерту – жазушы Зейтін Ақышевтің басты мақсаты. Қаламгер осы мақсаттарына орай Иманжүсіп батырдың өмір тарихын шежіре іспетті суреттеп берді. Жазушының шығармашылық жетістігі – тарихи тұлға мен көркем бейне арасындағы ұқсастықты, сабақтастықты аша отыра бейнелеп, өнердің тылсым құдіреті мен сол өнерді жасаушы қайраткердің болмысын, табиғатын ашып бере алғанында.

Романның тіл кестесі айрықша бай, жазушы көркем бейнені ашуда тілдік құралдарды молынан пайдаланған. «Иманжүсіп» романынының көркемдігін талдау барысында әдебиет теориясын зерттеуші, академик З.Қабдоловтың «Сөз өнері» монографиясын басшылыққа алдық. З.Ақышев И.Құтпанұлының өнерін, өмірдегі ерекшелігін, романтикалық, трагедиялық тағдырын дәл детальдар, метафора, эпитет, сюжет арқылы даралап, образды түрде бейнелеп берген. Иманжүсіп өмірінің өзекті тартыстары мен күрестерін, басынан өткерген ізгілік пен зұлымдықтың шайқасын, көркем образдың бітім-болмысы мен іс-әрекеттерін зор шеберлікпен бейнелейді.

Қазақ халқы өз тарихында ұлы оқиғалар мен тарихи тұлғалар есімін естен шығармай, ұрпақ жадында мәңгілік жаңғыртып отырған. Ақтаңдақ тұлғалар мен есімдері ел есіндегі ерлердің өмірі мен қилы тағдыры көркем шығармаларға өзек болып, олардың күрделі бейнесін көркемдік тұрғыдан жинақтады, мәдени-тарихи портреті жасалды. Көрнекті мемлекет қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза: «Жалған дүниеден із-түссіз кеткен жаман. Өмірде қанша зор болсаң да, артыңда іздерің, сұрарың қалмаса қор боласың.



Тіршілікте зор болдың,
Өлдің, Мамай, қор болдың, -

деген содан қалған. Иманжүсіптің артында қалған немере қызы Раушан бар екен. Оқымысты кісі. Соның талмай ізденіп, талпынуының арқасында таяуда жарыққа Алматыдағы «Қайнар» баспасынан «Иманжүсіп атты кітап дүниеге келді.

Мағлұматы бай, деректі құжаты мол, Әбділда Тәжібаев, Жұмабай Орманбаев, Зейтін Ақышев, Ілия Жақанов сынды ақын-жазушы, композитордың естеліктерімен, зерттеулерімен байыған бұл кітап, Иманжүсіп туралы сырдың бастамасы болар.

Иманжүсіп – Балуан Шолақ, Қажымұқан есімдерімен қатар тұратын қасиетті халық мақтанышы. Ұлт намысының үлгісі. Қазіргі, бізден кейінгі ұрпақ бұл есімдерді ардақтай білсе, халқымыздың мерейі өсе түспек. Ел үшін, теңдік үшін, бостандық үшін жанпида болған ерлер алдында халық қарыздар. Оның өтемі: ерлер есімін өшірмеу»,- деп баға берген батыр есімінің қазақ әдебиеті мен мәдениеті, тарихында орны айтулы ерекше. Дара тұлғалардың есімін әйгілеп, асқақтату, насихаттау – ұрпақтық парыз.

Иманжүсіп бойынан батырларға тән қасиеттерді танып білеміз. Елінің бүтіндігі, тыныштығы мен тәуелсіздігі үшін, әлідеттілік үшін шайқасқан. Қазір біз тәуелсіздіктің ақ таңында бейбіт күн кешіп жатырмыз. Ол үшін Иманжүсіптей аруақты ерлер мен батыр бабаларымызға парыздармыз. Жас буын, бүгінгі жастар Иманжүсіптей сегіз қырлы, бір сырлы қасиетті бір бойына сіңіріп өссе, ел тәуелсіздігі мен ұлт айбыны асқақтай түсері сөзсіз.

Бүгін бостандыққа қол жеткен тұста, қола мүсіндері өздері туған жердің төрінде төбесі көк тіреп тұруға лайықты Алаш арысының тағдыр-тарихы, мәдени-тарихи портреті осындай. Әлбетте, Иманжүсіп Құтпанұлының тұлғасы айрықша бөлек, асқақ биік көрінетіні сөзсіз. Өйткені оның атасы, әкесі, өзі – үш бірдей ұрпақ туған елінің еркіндігі жолында қатерге бас тігіп, өмірлерін құрбан етті. Ал азаттық құрбандарын ұмытқан ұлтта келешек жоқ.

Иманжүсіп Құтпанұлы - қазақ халқының бостандық алуы жолында өзіндік үлес қосқан азамат. Оның келер ұрпаққа қалдырған мұрасы да жетерлік. Тек оны әлде де зерттей түсу қажет. Жас ұрпақ осынау тұлғаны пір тұтып, өмірлік идеалына айналдырса, қазақ деген халықтың өсер тұғыры содан бастау алуға тиіс.

Ел-жұртының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін өмірін қиған «нағыз дала көкжалы» Иманжүсіп Құтпанұлына қатысты телегей-теңіз мәселені толығымен зерттеп, игеру, жас буын өкілдеріне насихаттау – алдағы күннің еншісінде.

# МЕН ҚАЛАЙШАЖАЛҒАНДА ТҰРАҚТАЙЫН...



**Ерейментау**

Ішім өлген дүние-ай, құр сыртым сау,
Маған десең көз жасым жаңбыр боп жау.
Бүркіт ұстап басыңа шығар ма едім,
Көзіме бір көрінші, Ерейментау.

Қатар-қатар салынған тастарың-ай,
Мұнарланып көрінген бастарың-ай.
Еске түссең, қайтейін, Ерейментау,
Тия алмадым көзімнің жастарың-ай.

Мен елімде жүргенде жұрттан астым,
Менменсіген талайдың көңілін бастым.
Жаныма ерген жігітке олжа салып,
Бір түнде сегіз қызды алып қаштым.

Екі жағы дарияның қалың шұбар,
Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар.
Бір түстеніп аттанған ауылының,
Қыздары болушы еді маған құмар.

Несібемді жазған екен менің түзден,
Қойыпты күдер үзіп ел-жұрт бізден.
Қайран ел, оқта-текте еске түссең,
Жасымды тия алмаймын екі көзден.

Жазылмастай жүрекке түсті жара,
Ісіне тәңірім қылған бар ма шара?
Бет алып Ерейменге шыққанымда,
Алдымда тұрушы едің, Ботақара.

Мен қалайша жалғанда тұрақтайын,
Өрт тиіп лаулап жанған құрақтайын?
Аузы түкті кәпірдің талайларын,
Бақыртып бауыздаушы ем лақтайын.

**Қараөткел**

Жас күнім
Жағалтайдай желең тастан
Іліп өттің бе ау, қайран жастық?

Айналмастан күні өткен
Айдын көлден қаршағадай шіркін-ай
Ғашық жармен майдандасқан

Қайырмасы:
Лилляй, лилляй -күляй
Сары-Арқа менің жерім-ай,
Сауықшыл қайран елім-ай,
Ит жүгіртіп, құс салған
Айдын да шалқар көлім-ай.

Көкшетау
Бауырың жазық, басың биік,
Ойнаған баурайыңда құлжа киік.
Құмарым құрт ішкендей тұрар едің ау,
Ауызынан жан сәулемнің алсам сүйіп.
Қайырмасы:

**Әкем Құтпан**
(Ақмола түрмесінде)

Әкем Құтпан болғанда, ағам Шоңай,
Адамзатта жан тумас мендей құмай.
Төрт стражник, переуәтшік және ауылнай,
Бәрін сойдым бақыртып қойдан оңай.

Шідердің үш балағын атқа салдым,
Иманжүсіп атымды хатқа жаздым.
Ата-бабам дәулеті арқасында,
Жұдырықтай басымды отқа салдым.
Асыл тұқым алдырдым Қызылжардан,
Өңшең жүйрік шал құйрық, қызыл нардан.
Таң мезгілі болғанда тас буынып,
Болыстардың ауылына ойран салғам.
Зая кетті дұшпанға қылған ерлік,
Жасап едім жасымда көп есерлік.
«Мың асқанға-бір тосқан» деген сөз бар,
Соның бәрін ақыры көзбен көрдік.

Күшім қайда баяғы таңдай атқан,
Қараөткелдің көшесін дабырлатқан.



Бидайықтай ілуші ем аққу, қазды,
Жарғанат болғаным ба бұғып жатқан?

Есіл бойын ауылым жаздай қонған,
Иманжүсіп бұл күнде қандай болған?
Қазы-қарта жемеуші ем  үйімде,
Қара наны түрменің балдай болған.

Абақтың іші тар, темірленген,
Қайғыменен бұл көңіл семірмеген.
Жан-жағыма қарасам, ылғи солдат,
Көзім талды тесікке телмірумен.

Қыпшақтың баласымын Иманжүсіп,
Абақта жатқан жерім жалғыз тесік.
Мұндар естек қапыда қолға түссе,
Алар ем ойланбастан басын кесіп.

**Сарымойын**

Жапалақ жарбаңдайды жар басында,
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас қылғаннан сақта, құдай,
Қасқырда қас қылмайды жолдасына.

Түйенің жығылуы қойдан да оңай,
Қорыққанға қос көрінеді жалғыз құрай.
Қоңынан бейнеттінің тартса қасқыр,
Оны да сақтайтұғын жаппар құдай.
Ер емес, қатын екен болыс Шәріп,
Мен болдым осы күнде тірі ғаріп.
Бір қағаз жандаралға жөнелтер ем,
Аяқсыз қалмас еді жетсе барып.

Айдауымен тағдырдың кетіп барам,
Көрмеген талай жерді араладым.
Естекке қарсы адам табамын деп,
Қайратты, қажырлыны жағаладым.

Тізесі мұндар естек батқан екен,
Құдай мені дос санап атқан екен.

Еңбегім текке кетіп жалғыз қалдым,
Алпыс жігіт бір жанға санамадым.

Сол үшін аударылды біздің қоныс,
Соңыма поштабай мен түсті болыс.
Мың шақырым шыққанда ел шетінен
Жаяулап айдап келеді екі орыс.

Дәурен сүрдім бір кезде құстай ұшып,
Тоты құстай сайраған сайға түсіп.
Тел өскен ормандағы айдаһар ем,
Аяндадым жаяулап жолға түсіп.

Ата жауын жіберіп жер аударып,
Отыр ғой мұнар естек көңлі толып.
Ұзақ жолда жалғыздық жаман екен,
Келе жатыр батырың құса болып.

Барады ауылым көшіп Қараөткелден,
Қонбай  ма көшкен ауыл әр өткелге,
Сағындым Тұрсынбай мен Дәулетханды,
Айдауда ағайынның зары өткенде.

**Сарымойын**

Жапалақ жарбаңдайды жар басында
Немене жоқтың күні бар қасында.
Дос болып қас қылғаннан сақта, құдай,
Қасқырда қас қылмайды жолдасына.
**II**
Сарымойын, айналайын бәрі бөтен,
Тағдырға амалын не, сабыр етем.
Қырық жыл қырғын болса, ажал да өледі,
Тәуекел бұл істің де, шіркін-ай артын күтем.
**III**
Тағдырдың тез келтірмей ақпанына,
Қарамас егіліп мұң шаққаныңа.
Аяулы алтын басың қор болады-ай,
Тал болсаң жалған достың, шіркін-ай, қақпанына.
**IV**
Түк емес, мінген атың жүрмес шабан,
Мін емес, алған жарың сала жаман,



Өтпейді шапсаң қылыш, атсаң оғың,
Дүниеде достан шыққан, шіркін-ай, дұшпан жаман.

**Батыр-ау**

Ойласа қайда кеткен Исекеңдер?
Батырың оңбай кылды-ау мына келген.
Жас жаным атқа байлап аламын деп,
О дағы тумай күйген бір бәйтерек.

Ай, бұл атпен шаптың-ау уақытында,
Жәйіміз екі дүние арасында.
Дүние-ай, жалын шашқан қайран шағым,
Жәудіреп екі ай көзің қаласың да.

**Бұғылы Тағылы**

Жел сөзге болып өстім ауызым епті,
Ел кезіп, жас басымнан көрдім көпті.
Тастайын қалың көптің ортасына,
Көз көріп, ол ұстаған біраз кепті.

Қысырақтың үйірі жирен ала,
Орыс, қазақ байлары жапты жала,
Сүйіндікке бет алып шыққанымда,
Көрінуші ең алдымнан, Ботақара.

Ботақара, Шағантау қаласында-ай,
Ереймен мен Бұғылының арасында-ай.
Тоғыз жасар Дәулетхан жетім қалды,
Тірі жүрген қасқырдың баласындай.

Бұғылы мен Тағылы бүркіт салған,
Ұйпалақтап қып-қызыл түлкіні алған.
Ақтау, Ортау, Сарысу - жүрген жерім,
Көзімнен бір-бір ұштың дүние жалған.

Ақтау, Ортау, Қаратау, Көктің көлі,
Жаз болса жайлаушы еді көшіп елім.
Сағынғанда көзімнен бұлбұл ұшты,
Ақ тауы ата-бабам тіккен жері.

Сарғайып ғарып таңнан азған жүзім,
Бүгіліп тартқан сымдай қайран белім.
Қаздай қалқып, үйректей жүзіп жүрген,
Қуандық пен Сүйіндік, қайран елім.

Ауылым Күйгенжарға қона алмайды,
Өткен күн қайта айналып оралмайды.
Толғатып тоқсан қатын ұл тапса да,
Бірі де Иманжүсіп бола алмайды.

**Болған жастан**

Болған жастан жел сөзге ауызым епті,
Жас та болсам өзгеден көрдім көпті.
Қалың топтың тартайын ортасына,
Артық-кемі жайымның, ахау, біраз кепті.

Жастайымнан болған екен нәсібім түзден,
Күдер үзіп тұрған жоқ ел-жұрт бізден.
Еске түсіп туған жер, Есіл суы,
Жас домалап кетеді, ахау, екі-ау көзден-ау.

**Сары бел**

Абылай аспас Арқаның сары белі,
Есіл бойын жайлаған қазақ елі.
Қырық мың жылқы су ішсе ылайланбас,
Аюлы мен Нияздың Қаракөлі.
Күнбатысқа көлденең аққан Нұра,
Тұс-тұсынан оған құяр өзен-жыра.
Исі аңқыған Арқаның сай саласы,
Бірің - нәр, бірің - қорек, бірің-шипа.

Есіл аққан тау-таудың арасынан,
Тасқыны асып төгілген шарасынан.
Аюлы мен Ереймен, қош, есен бол,
Бет жылыған барғанда панасынан.

Қош, аман бол, Сары Арқа, өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.



Тартысып ертелі-кеш ұлықтармен,
Шұбырып маңдайымнан аққан терім.

Япыр-ай, нем бар еді көлге барып?
Дұшпаннан кек алмадым, сайран салып.
Барамын ішқуса боп, амал бар ма,
Теңбілкөк пен ақ сауыт үйде қалып.

Сауысқан ұзын құйрық бөрі алдында,
Дау-даулар батырсынып төре алдында.
Шешендік, батырлық зая кетіп,
Қолында дұшпандардың мен қалдым ба?

Атам қойған шын атым - Иманжүсіп,
Дұшпандардың қолына қалдым түсіп.
Жарық дүние, күніңді көре алам ба,
Махфузда бір перiште жазса несіп.

**Сейфіл-Мәлік**

Қолыма қалам алып аяңдайын,
Перизат, білсең керек сөздің жайын.
Мен сізге бір көргеннен болдым ғашық,
Бадығұл Сейфіл-Мәлік-ау Жамалдайын.
Баласы патшаның Сейфіл-Мәлік,
Неше жыл ол да жүрген отқа жанып.
Сары алтын сабыр түбі деген анық,
Мұратқа ол да жеткен-ау жарын алып.

Мұратқа іздеген жан бәрі жеткен,
Зылқия, бізден бұрын Жүсіп те өткен.
Пейіште - Гүлжазира шаһарында,
Дойырдың зайыбы үшін басы кеткен.

Өмірін қорлықпенен қиды жанын,
Зылқия көрді орманда ғашық жарын.
Әркімнің өз теңдесі өзіменен,
Құдайым қоссын сондай-ау мәһірбанын.

**Сарыарқа**
(І түпнұсқа)

Ауылым Ақмоланы жаздай қонған,
Жасымда, дүние-ау, Иманжүсіп қандай болған.
Қою деп қойдың сүтін ішпеуші едім,
Орыстың қара наны балдай болған,
Әгәгу, гигигәй...

Қайырмасы:
Сарыарқа менің жерім-ай,
Сауықшыл қайран елім-ай, ахау,
Ит жүгіртіп, құс салған-ай,
Пай-пай!
Көл-ай, көл-ай, көлімді-ай!

Жүруші ем Сарыарқаны қоныс етіп,
Адасып, қиыр қонып, теріс кетіп.
Күнде той, күнде думан, қайран елім,
Барады-ай, ыстық исә сана түтіп,
Әгәгу, гигигәй...

**Сарыарқа**
(ІІ нұсқа)

Сарыарқа, салқын дала, көгал қайда,
Кең байтақ, айдын шалқар көлің қайда?

Үгә-гәй, ге-геу, ги-гәй,
Ай-ги, гә-гәри, гену-гәй.

Байландым кетерме едім жерден алыс,
Жібермей дәмі ауа мұндай жайда.

Үгә-гәй, ге-геу, ги-гәй,
Ай-ги, гә-гәри, гену-гәй.

Қайырмасы:
Сарыарқа менің жерім-ай,
Сағындым қайран-ау елімді-ай.
Оу, елім-ай!



Ит жүгіртіп, құс салған-ай,
Айдын да шалқар көлім-ай!

Үгә-гәй, ге-геу, ги-гәй,
Ай-ги, гә-гәри, гену-гәй.

Жүруші ем Сарыарқаны қоныс етіп,
Адасып, қиыр қонып, теріс кетіп.

Үгә-гәй, ге-геу, гигәй,
Ай-ги, гә-гәри, гену-гәй.

**Сарыарқа**
(ІІІ нұсқа)

Сарыарқа сарқыраған суың қайда,
Күнде той, күнде думан шуың қайда?

И-гә-гә-гәй, и-гә-гәй,
Оу, ги-гә-гәй.

Найзағай жел тұрғанда жарқ-жұрқ етіп,
Көктемде нөсерлеткен жауын қайда?

И-гә-гә-гәй, и-гә-гәй,
Оу, ги-гә-гәй.

Қайырмасы:
Сарыарқа менің жерім-ай,
Сауықшыл қайран елім-ай.
Ой, елім-ай,
Ит жүгіртіп, құс салған,
Айдын да шалқар көлім-ай!

И-гә-гә-гәй, и-гә-гәй,
Оу, ги-гә-гәй.

**Сарыарқа**
(IV нұсқа)

Жүруші ем Сарыарқаны қоныс етіп,
Адасып, қиыр қонып, теріс кетіп.

Күнде той, күнде думан,
Қайран елім, барады-ай,
Ыстық исі сана түтіп, елім-ай.
Сарыарқа, қайран жерім-ай,
Ит жүгіртіп, құс салған,
Айдын да шалқар көлім-ай.

Сарыарқа, сағындым ғой туған елді,
Сырым еді, кіндік кесіп туған жерді.
Ойласам, екі көзден жас келеді-ау,
Асыр сап көбелегін қуған жерді.



# Я поэт и правду искал в словах... (переводы песен Иманжусупа)

***

На коня водрузил походный треножник,
Имя Иманжусуп записал на бумаге…
Душу бедную бросил, как муху, в тревожный
Мир сатрапов, где мало мест для отваги.
Мне легко удается ладное слово,
Много видел, усвоил я жизни основы,
Я слова назиданий оставлю народу,
Испытаниям я подвергался суровым.
Я на родине превзошел всех напрочь,
Гордецов и нахалов дергая за нос,
А джигитам, друзьям своим дал добычу богатую,
Восемь девушек выкрал для них я за ночь.
С Акмолою рядом аул, средь степей,
Акмола же меж двух крепких крепостей,
Сто коней и восемьдесят крупных телок
Веришь, нет, с любимой пришло моей.
Вот к Жамбаю аул мой откочевал,
Кто же Иманжусупа каким был он знал?
Из-за вкуса особого молоко овечье не пил,
Хлеб тюремный, как мед, сладок нынче мне стал.
Мой аул откочует, свое место найдет,
А письмо мое до Караоткеля дойдет?
Я соскучился по Даулетхану и родичам,
Кто в изгнании не был, не поймет меня тот.
Мне отец дал имя Иманжусуп,
В заточенье лежу, мой дом – эта дверь,
Нету рядом родственников ни одного,
Что же будет со мною, кто скажет, теперь!?

***

Дни проходят, скользя, словно караван,
Вспоминаются сотни нанесенных мне ран,
Много женщин родили сынов от кыпчаков,
Но как Иманжусуп не рожден великан.

В океан не поместится моя голова,
Как подумаю, слезы сдержу едва,
Сколько лет я сражался с начальством тупым,
В Акмоле о величье моем ходит молва.



Я не трусил перед ружейным огнем,
Много было стоянок-ночлегов в походе моем,
Вот пригнали сюда меня, наконец,
Предстоит мне здесь жить, в окруженье чужом.

Не противьтесь, джигиты, воли божьей нет строже,
Нет батыра, судьбы развернувшего вожжи,
Голова человека – мяч в ногах у Аллаха,
Чего не повидала голова моя, Боже.

***

Сто чубарых у Караоткеля пасутся в тумане,
Кокмойыну на шею нацепил я свои талисманы,
На обед останавливался в ауле, и девы
В том ауле влюблялись в меня, как в дурмане.

Есть у каждого местность своя, степь или дувал,
От Аблая остался на память нам его перевал.
Пусть пять тысяч коней погружались в Аюлы и Нияз,
Не мутнели озера мои, там, где я ночевал.

Поперек заката протекает родная Нура,
Много речек сливаются в ней, приходит пора,
На лугах и лощинах Сарыарки чудесные запахи трав,
Травы пахнут, как мед, хоть стоит золотая жара.

Много видел я мест интересных и очень красивых,
Много раз испытала жизнь мою волю и силу,
Но всегда перед глазами стоит родная земля,
Табуны лошадей чубарых, пятнистых и сивых.

Только память о ней я ношу, как великую тайну,
Связи родственные прервались, а память все тянет…
Встану-лягу, а в голове моей мысли о ней,
О могучем Есиле, реке моих воспоминаний.
Протекает бурно, выплескиваясь из берегов,
Между гор протекает Есиль, средь степных лугов,
Вы прощайте, Баянаул и Кызылтау,
Вы спасенье мое средь беспощадных годов.

Эти камни как-будто кто-то выложил в ряд,
А вершины под солнцем золотым минаретом горят,

Саят, Бирлан, вспоминается мне родная земля,
Льются слезы из глаз, обо всем они говорят.

Внутри все сгорело, в оболочке пустой обретаю…
Мне б с орлом на вершину взойти, об этом мечтаю.
Пусть же слезы льются дождем, пусть сквозь слезы
Показался б глазам моим, о родной Ерейментау!

***

Одинок твой дом, негодяй Рахымжан,
Кровь из рта твоего брызжет, рыжа…
Ты у многих кыпчаков скот отнял и сожрал,
Красноротый предатель, подлец Рахымжан.
Белый царь охраняет твой подлый обман,
О тебе я заботился, дар заботы мне дан,
Но вот в сердце моем закипела кровь,
Ты при встрече меня не жалей, Рахимжан!

***

Отец мой Кутпан, старший брат Шонай,
Такого лихого, как я, не знает весь край!
Зарвавшегося почтового, аульную власть
Заставил кричать, как козлят, так и знай!
Потому я отправлен в далекую ссылку,
Почтовик, не стыдясь, меня продал с ухмылкой,
И на тысячу километров удалили от края родного,
И за мною охрану – 60 стражников - чую затылком,
Если б руки мне развязали, тогда бы я…
Но дела мои плохи, это чувствую я.

***

Боже мой, зачем я поплелся к озеру этому,
Врагам отомстить не сумел безответно,
Поплелся пешком, как проклятьем гонимый,
Оружья, коня Кокмойына рядом ведь нету.
Я с юности сотворил очень подвигов много,
Врагов не щадил, пути не зная иного,
«Одно ожиданье – тому, кто вскипел сотню раз», -
Руками держа, очевидно все стало для глаза родного.
Прощай, Акмола, прощай же, родная земля,
Пуповину обрезала мне, на руки взяла,



Сражался с врагами лютыми днем и вечером,
Кровь и пот здесь я пролил, пролил я их без числа.
Теперь прощайте, Батал, Биял, Кулжанжан,
Совсем молодые еще Турсынбай и Даулетхан,
Скот я не крал, не убивал людей, ни одного,
За чьи преступленья ответить суд мне дан?
Когда-то меня вопрошали: «Как дела твои, Иманжусуп?»
Теперь же народу станет хуже, страшную участь ему несут.
Крошечной птичкой стала судьба моя,
Была же Жар-птицей, держащей крылом весь мир на весу.
Когда-то я был цветком, что играл в красивых руках,
Врагов не щадил, не зная, что есть он – страх.
Когда же счастье минует тебя, бывает такое,
Враги могут праздник устроить в твоих головах.
Верблюду легко упасть, легче, чем овце,
Курай вражьим войском покажется в самом конце,
Когда за бедро хватает несчастного волк,
Спасет тебя только бог, заботясь о молодце.
И не мужчина, а баба, оказывается, волостной Шарип,
Я жертвой интриг его стал, живьем мы его бы могли б…
Письмо написал я в губернию, но ответа нет,
Чем кончится это все, мы сказать не смогли б.
Сова развлекается над самым обрывом, а он крутой,
Пусть потомки твои будут рядом с тобой, дорогой.
Спаси нас бог от друзей, ставших вдруг врагами,
Даже волки не трогают волка из стаи другой.

***

Много раз испытывала меня судьба,
Побывать пришлось во многих местах,
Как в тумане была моя голова,
А кругом одна беднота, голытьба,
Я ж поэт, и правду искал в словах…
Дорогая моя Акмола,
Ты обмыла меня, с земли подняла,
Одинокий, скитаюсь по белому свету,
Чей герой завещал мне планиду эту,
Закипает во мне огнем страшным кровь,
И на многих врагов я бы бросился вновь,
С тьмой сражался один до рассвет а…
Я размахиваюсь и бью по пустоте…

От родной земли вдалеке, налегке…
Вокруг люди чужие, и они ведь не те,
И занятье мое – в слове, в древней строке…

**Орынбай ЖАНАЙДАРОВ**

Тексты переведены по изданию «Антология казахской поэзии»,
из-во «Галым», 1993 г. Стр. 148 - 153

**Ерейментау**

Я жив еще, хоть и мертва душа моя,
Обида и тоска во мне бушуют ливнем...
О, Ерейментау! Сейчас увидеть бы тебя
И с беркутом моим подняться на вершину

Как из камней Всевышним сложенный дастан,
Прекрасен ты сквозь утреннюю дымку...
Здесь, в дальней ссылке, ты в памяти восстань
И излечи тоску, Ерейментау, родимый.

Когда я молод был, на родине моей
Я многих гордецов мог осадить словами ...
Однажды, восемь дев увел во тьму ночей
И пир степной отваги праздновал с друзьями.

В зеленых камышах на берегу реки
Повесил я тумар на шею Кокмойына,
Как званый гость аулов, был весел и речист,
И наслаждались девы песнями моими.

Теперь по воле злой живу в краях чужих,
Давно не видели меня в родных аулах...
Горючая слеза тоски в глазах моих,
Терзает сердце мне жестокая разлука.

Ничем не излечить моих душевных ран.
И лишь всесильный Тенгри знает меру горя,
Но как надежда светит мне Балтакара
И в памяти встают мои родные горы.

Как в бренном мире мне пристанище найти,
Горит душа моя, пылая как сухие травы...



О, сколько негодяев мне встретилось в пути,
Но всех я уничтожил своим словом правды

Мне б на закате лет увидеть край родной,
Вдохнуть всей грудью вольный дух Ерейментау,
Лишь так я обрету блаженство и покой
И вновь счастливым человеком стану.

**Сары-Арка**

О, вольное пристанище мое, Сары-Арка!
Из всех скитаний возвращаюсь я сюда.
Здесь ждет меня всегда веселое житье,
Пьянящий запах трав твоих - вино мое...

Тревога о тебе гнетет меня порой
И я печалюсь о тебе, мой край родной.
Как мне озер твоих красу пересказать,
Здесь, как огонь во мне охотничий азарт

С тобою кровью пуповины породнен,
Я мальчиком беспечным был рожден.
Ты словно мать мне и отец, Сары-Арка,
С тобой в разлуке сокрушит меня тоска...

Иманжусуп, твой беззаветно верный сын.
С тобою связан я всем таинством судьбы.

**Дюсенбек НАКИПОВ**

**Сарыбель (отрывок)**

Беспредельны просторы твои, золотая Арка!
Куандык, Суюндук - эти роды живут здесь века
40 тысяч коней если в воду войдут
Не замутят Караколь твоих вод в Аюлы и Нияз.

**Отрывок из дастана**
**Мансура Бекежанова «Письмо Иманжусупу»**

Ты тулпара могучего след на земле,
Скакуна, обогнавшего время в байге
Ты тенистой чинары стройный побег
Острой сабли клинок, закаленный в огне

**Раушан ИМАНЖУСУП**



# ТАҒЗЫМ ЕТТІМ ТҰЛҒАНА... (АРНАУЛАР)

**Иманжүсіпке хат**

Құрмәтлу сәлем сізге, Иманжүсіп,
Жібердік өлшеп үлгі, сырттан пішіп.
Бабаңнан қазылған жол, қалған өрнек
Қағазға алдыңызда тұрған түсіп.

Сәлем айт Ақшабайға Шоңайменен,
Зат емес сіздер шыққан оңай жерден.
Бабаңнан қалған өрнек, пішкен үлгі
Сіздерге өлшеп көрсек, қолай келген.

Есен-сау отырмысың уақытың құт,
Саламат жайлы болып, жақсы тұрмыс?
«Жазған хат - жарты дидар көрмек» деген,
Сонда да келмей тұрмас асылы жұмыс.

Көп сәлем Молдабайға халқымыздан,
Барша жұрт - қария мен жасымыздан.
Тілеулес төртеуіңе ғайыбыңа –
Ағайын, үлкен-кіші жалпымыздан.

Айрықша көрінеді аздың міні,
Жігіттің жеке тумақ – бәзбір мұңы.
Болады тоқсан екі баулы қыпшақ,
Аңлатып ата жолын жаздым мұны.

Үш жүздің аты қоғам бабасынан,
Орта жүз толық екен әммасынан.
Тарықты, Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман,
Керей, Уақ – аты бұл баласының.

Туыпты Арғын, Қыпшақ бір анадан,
Қоңыратпен бір анадан мына Найман,
Орта жүз жеті рулы ел, ойлап тұрсам,
Тарайды жеті арыс боп бұл арадан.

Бұл жерде қоя тұрып басқаларды,
Қыпшақтың айтылады дастандары.
Ой Қыпшақ, он таңбалы қыр Қыпшағы –
Толық жұрт қатарынан асқан бәрі.



Қыпшақта Бұлтың болған ноқта ағасы,
Ақиқат – бұған жұрттың жоқ таласы.
Жаз жайлап Сарысуды мекен еткен
Торының Сырда жатқан төрт баласы.

Китаба, Түйішке боп екеуі өтті,
Көкмұрын, Шашты бұған тете жетті.
Баймырза атаң марқұм осы халықтан
Айрылып үш жасында жеке кетті.

Жеті ата Шашты Қыпшақ бөлінеді,
Бәрі де Сырда түгел көрінеді:
Айдарғазы әм және Малай, Құтым,
Байсары, Бошай, Шағыр, Шегір еді.

Тұрғанбай – сол Шаштының Құтымынан,
Сен соның, Иманжүсіп, тұқымынан.
Бабаңның ілгергі өткен жайын айтып,
Жаздырды хикая етіп жұртың мұнан.

Бар еді Өтеп, Жақып – жақыныңнан,
Ермек, Түйме, Кенбай бар ата ұлынан.
Жаназар – Шағыр Қыпшақ бір жүз басы,
Қазақтың найза ұстаған батырынан.

Сардарда жүз басылар осы айтылған,
Осындай өңшең нарға қос артылған.
Жақыптың мұнан басқа салтанаты
Көбісі шамаменен бос айтылған.

Болыпты бес жүз жігіт, бес жүз қыран,
Көбінің нәмі Қыпшақ, Ойбас – ұран.
Ат қылып айдаһарды мінер еді,
Қолына қамшы орнына ұстап жылан!

Бәрі де болат шайнап, мұзды бүріккен,
Жау көрсе жігіт емес тізгін іріккен.
Секілді Шәмбілдегі Көрұғлыдай,
Нәсілі қайсар қайтпас мүсілім түрікпен.

Солардың бәрі аттанып елден кеткен,
Жау шапқан оңашада келген шеттен.
Майбике Тұрғанбайдың бәйбішесі
Данышпан әйел еді ерден өткен.

Жау шауып түскен кезде елге қай,
Бәйбіше кетпек болған жерге жай.
Үш жаста Баймырзасы - өз баласы,
Бес жаста Басықара – кенже қай.

Қайнысын салып алып арқасына,
Ертіп жүрді Баймырза қалқасында
Жау тиіп малды олжалап жатқанында
Бір таудың шығып кетті жартасына

Айналып асқан таудың бөктерімен
Апта, күн арада өтіп жетпей жүрген
Бір өзі екеуін де көтереді,
Ересек ешқайсысы жоқ еріп жүрген.
Ақыры әбден шаршап болдырады,
Адасып таба алмайды жолды тағы
Бойынан қуат кетіп жүдеген соң,
Бәйбіше былайынша ой қылады:

«Амалсыз тастайыншы өз баламды
Бір жұмыс бізге осындай кез болғанды
Бұйырған бала болса, ел кездесер,
Алдыртармын жіберіп тез хабарды

Өлмесем, өзіме де құдай берер,
Қайнымды алсам, халқыма ұнай берер
Баласын ап, қайнысын тастады да
Датқаға сөз келтірер былайғы елдер

Баласын бір төбеге отырғызып,
Бәйбіше тарығады көңілін бұзып.
Бетінен сүйді дағы жүре берді,
Тұрса да жүрек-бауыр, іші іріп.

Малбике кете берді қайнысын ап,
Бір елге әрең жетті әбден шаршап.



Жиналды ауылдағы үлкен-кіші,
Бейшара келіпті-ау деп арып-ашып

Халайық бәйбішеден сұрады сөз:
«Не түрлі ғаламатқа келдіңіз кез?»
Бәйбіше айтты сонда:
Ат мініп екі жігіт аттансын тез.

Айрылмай жүрсін менің ізімменен,
Осылай жүрсе жетер түзу жолмен.
Үш жасар балам қалды, соны әкеліп,
Содан соң жөн сұраңдар түбі менен».
Кідірмей екі жігіт мінді де атқа,
Жүріп кетті бәйбіше келген жаққа.
Баланың жатқан жерін тауып алды,
Көз салып қарап жүріп атырапқа.

Бала жоқ айтқан жерде, орны жатыр,
Дағдарды «қайда екен – деп бұл мүсәпір?»
Екі аттың ізін тапты көп ұзамай,
Айнала төңіректі қарап ақыр.

Бар екен сол арада бір кәтта жол,
Жақында өткен екен керуен мол.
Баланы солар алып кеткен екен,
Алланың әзалдағы лайығы сол.

Баласы бәйбішенің табылмайды,
Есітіп қапаланып қайғырады.
Баламды таппасам да, аман қыл деп,
Құдайға мінәжатпен жалынады.
Бәйбіше қолын жайып етті дұға,
Дұғасын қабыл көрді жаппар құдай
Сол тілек қабыл болып, сексен жылда
Есітіп дерегіңді тұрмыз мұнда.

Осылай қабыл болды тілегіміз,
Басылмайды қуанған жүрегіміз.
Жатырмыз хат-қағазбен хабарласып,
Көрісіп айқасқандай білегіміз.

Болып тұр ашылғандай көмілген жол,
Қобыланды туысындай көрінген сол.
Естіп алыс жерден хабарыңды,
Қуаныш, қуат құйдық көңілге мол.

Бір сөзді енді айтайын болсын дерек,
Қыпшақта датқалар көп неше бөлек.
Ақмешіт, Түркістанның арасында
Қорған бар Қоқан салған деген Жөлек.

Сол жерді мекен етіп Қыпшақ халқы,
Тып-тыныш жүрер еді бәрі жалпы.

Үлкені Балаби ғой датқалардың,
Басында аруақ та, бақ та қалың.
Бетіне өлгенінше жан келмеген,
Қамысқа от түскенде қайтпас жалын.

Босаға болған алтын Бұлтыңдағы,
Арғанбай – бидің көшкен жұртындағы.
Еркінсіп хан мен биге өткен ол да,
Қорған боп бұқараның сыртындағы.

Бошайдан шыққан екен Торғай датқа,
Адам жоқ кеңес тапқан ондай халықта.
Ел қамын есіл ерлер ойлап өткен,
Мастанып һауаланбай қонған баққа.

Ақылдың Торғай датқа кені болған,
Тақ тұрған қысылғанда елі де оған.
Жол тауып адасқанға, сасқанға да,
Артықша жүйріктердің белі болған.

Үшінші, Баубек датқа болып еді,
Белгілі Қыпшақтағы орын еді.
Ақыл, қайрат үстіне бақ пен дәулет
Айрықша бір басына қонып еді.

Төртінші, Досбол датқа – бұл белгілі,
Байқалмас сөйлегенде тілден міні.



Үш жүздің баласына үлгі шашқан,
Оқымай, көрмей танып ілгергіні.
Халқына Досекеңнің үлгісі бар,
Еліне болған сая, бұлбұл шынар.
Адамда бұдан асқан жүйрік болмас,
Әм тұйғын, әм қаршыға, дұлдұл шығар.

Бесінші, датқа болған Тұрсынбай бар.
Дабысы Бұқар, Қоқан, Қыр – Сырда бар.
Қашқан жау қарсы тұрып көрген емес,
Суырса қынабынан қылышын әгар.

Алтыншы, өткен екен Мыңбай датқа,
Болған жоқ палуан адам ондай жатта.
Бір өзі қырық кісіні байлап алған
Ертеде ерлер ұрыс қылған шақта.

Осындай, азаматтың қайраттары,
Болыпты арыстандай айбаттары.
Төрт датқа төрт мың үйге иелік етсе,
Тұрғанбай пансат екен сол уақтағы.

Осындай бекзатымның нәсілісің,
Шамшырақ гәуһарымның асылысың.
Сол шамның жарығынан пайда болып,
Көрінбей басың қалай жасырынсын?

Ақ балдақ алмасымның сынығысың,
Шынардың көлеңкелі шыбығысың.
Бәйгі аттай жұрттан озған заманында,
Арда емген арғымақтың құлынысың.

Ұшырған сұңқарымсың таппай дерек,
Білмеген хабарыңды хақтан бөлек.
Сені айтсам халқым, сірә, бөтен көрмес,
Басқаны жараспайды мақтай бермек.

**Мәнсұр БЕКЕЖАНОВ**

**Иманжүсіп**
**(поэма)**

Сонымен Иманжүсіп Ақмолада,
Түске жоқ тас түрмеге таққа бола,
Жаққан жоқ ешқашанда аққа қара,
Жапқан жоқ жәбір жасап жоққа жала.

Барымта жасаған жоқ ұрлық-қарлық,
Тімтініп жамау-жасқау түндікті аңдып.
Бәйек боп көрген емес шені үлкенге,
Бойында болмыста жоқ кіріптарлық.

Тік қарап, тура қарап, тік сөйлеген,
Жан емес бүгежектеп, бүкшеңдеген.
Даланың серісі еді білмейтұғын,
«Не нәрсе басына іс түскен деген».

Бай да емес, көрген емес кедейлікті,
Жаратпас иі жұмсақ төмендікті.
Байлардың басынғанын көре-көре
Көзсіз де жасайтұғын көп ерлікті.

Бай-ау, - деп,
Шонжар-ау, - деп,
Ұлық-ау, - деп,
Төре-ау, - деп, ақсүйектің сынығы-ау, - деп,
Ешкімнен ылыққан да, ыққан да емес;
- Іс түссе, күнім қараң... құрыды-ау, - деп.

«-Сол, - деді, - өлең айтып ел адақтап,
Талайды білеп, сыбап, балағаттап.
Талайды іреп-сойып, ұрып жығып,
Жайына жүре берер жаланы аттап.

-Сол, - деді, - домбырасын долдана ұрып,
Домбыра қолындағы ол да бүлік.
Қазақтың тойларының шырқын бұзып,
Талайды шырқыратқан жолда жүріп.

«Мен елімде жүргенде елден астым,
Менмендсінген талайдың көңілін бастым».



-Сөзінің кеудемсоғын көрдіңіз бе:
«Жаныма еріткен жігітке олжа салып,
Бір түнде қыздың қойнын аштым».

Мінеки көрдіңіз бе сөздің дөйін,
Көзақы қалдырмайды көз көргенін.
Жүйрік ат, сұлу әйел, сұңқар көрсе,
Кетеді иемденіп кез келгенін.

Болыстың атшабарын қойдай сабап.
Бір сабап, екі сабап... қоймай сабап.
Ол-ол ма,
Қараөткелдің көшесінде
Ішіп ап, опыр-топыр ойран салад...

Біреудің әйелі әйел бола ма оған,
(Осылай сөйлей ме екен адал адам).
«Қараөткелдің кіргенде көшесіне
Маржалары көрем деп қамалаған».

Сонда олар секілді оған өліп-өшкен,
Көрдің бе, көкірегі, көңілі үстем.
Кәдімгі көрсеқызар көкжал дерсің
Қанағат нәпсісіне жегі түскен.

Өзіндей әуейлерді елден жиып,
Базардың бар екенін келген біліп.
Қараөткел көшесінде көлбеңдеген,
Қайсыбір осынысы көргенділік?..»

Бұл өсек, бұл ғайбатты Иманжүсіп
Естіген.
Оған бірақ иі түсіп,
Қорқа ма, имене ме... ары таза,
Біледі өш екенін сүтке мысық.

Біледі бұл өсектің қайдан тарап,
Баратын бағытын да қайда анталап.
Халқы ғой Қараөткелдің болыстыққа
Ұсынып жоғарыға қойған талап.

Сол халық сенбес-ау деп бұл ғайбатқа,
Жанталас Жайықбаев сірә ойлап па?..
Білетін иісі қазақ Иманжүсіп
Өз ұлы өзекжарды бұл аймаққа.

Бұл өлке, бұл өңірде оның атын
Қазаққа қадірлейді жаны жақын.
Өйткені ол қашан болсын, кімге болсын
Халықтың болмысымен жолығатын.

Болмысы – мінездігі кесектігі,
Ептіні, ұнатпайды есептіні.
Болмысы – тимей жүрмес бір адамға
Не көмек, не себесін, не септігі.

Болмысы - ән мен жыры, сөз бен сыры
Таусылмас таусылғанша көзден нұры.
Бір өмір – жұтқан ауа, біреуі өнер,
Соңғысы артта қалар өзге өмірі.

Болмысы – ала қойды бөле қырықпай,
Ауасын бір аспанның бөле жұтпай,
Адамға болса екен деп тілейтіні,
Көңілін еш пенденің және жықпай.
Ақыры аңға шықса жолаушыға
Қалды ма қанжығасын ол ағытпай.

Пушкинді, Крыловты және Абайды
Жатқа айтар, айтылмаған жаңалықтай.
Әрине, орысшасы аздау болар,
Ойлары бірақ бір-бір қаралықтай.
Сыйлайды Қараөткелде орыс-қазақ
Жанардың ішіндегі қарамықтай.

-Иман, - деп, ал біреуі «қара Иван» деп,
-Тамыр деп, нағыз тамыр табылған деп.
Шақырып той-томалақ, пасхасына,
Төрінен орын беріп, дәмін дәмдеп.
Шаруа орыс, жұмысшы орыс, кедей қазақ
«Түбінде дейді саған тәңір бермек».
-Ә, тәйірі-ай, - дейді де бұл әнименен



Әп-сәтте жібереді көңіл демеп.
Содан соң шақырады Күйгенжарға
-Теп-тегіс бірің қалмай бәрің кел, - деп.

Жол түсіп Қараөткелге шыққан сайын,
Зейнептің сәлем-сауқат, құрт пен майын
Жүреді ала келіп, ала кетіп
Берееген алаған ғой жұрттан дәйім.

Захардың, Василийдің, Николайдың
Үйінде қона жатып ол талай күн.
Естіген «революция» деген сөзді
Түйінін кедей жұртқа ортақ ойдың.

Естіген Ресейде бір дүмпу барын,
Патшаға қиын-қыстау күн туғанын.
Сол жылы Күйгенжарға келе жатып,
О, ғажап жүрегінің бұлқынғанын...

О, ғажап, жүрегінің бұлқанғаны-ай,
Бұнысын байқамаған шіркін, қалай?
-Азаттық, азаттық, - деп тамырлары
Болады шыр-шыр етіп, шыр-пыр қалай?..

-Азаттық, азаттық, - деп күбірлеген,
-Азатпын! – деді ол іштей, - тірімде мен.
Біреуден қорлық көріп, қорықтым ба,
Жүректің кезі бар ма дірілдеген.

«Азатпын, мен азатпын» деген іштей
Ер жігіт өмір сүрмес ерегіспей.
Ондайда жеңілгем жоқ, жеңдім ылғи,
Бірақ та шын азаттық ол еместей.

Кең дала, еркін дала, кең елімде,
Кемсің деп айтқан бар ма мені елімде.
Басымнан сөзі асқан жоқ, ақылы да,
Байдың да, болыстың да, төренің де.

Халқыма кезім бар ма сыйсыз болған,
Жұртыма жырсыз барған, күйсіз барған.

Бұғылы, Тағылының тауларының
Жұттым ғой бір адамдай иісін, жалған!

Басына салдым бүркіт, алдым түлкі,
Қыран ба?..
Құс болғанмен әркімдікі.
Талайлар айып-жала жаққанымен,
Кісеніп сала алмады тағдыр – құлпы.

Өнерсіз сегіз қырлы сиқырымен,
Мінездің кеңдігімен, сүйкімімен.
Пиғылдың тазалығы, аяулы жар
Зейнептің күтімімен, күйтіменен.
Кейін қап көрген емес заманынан
Қор болып күйбеңменен, күйкіменен.

Әулеті – кіндік емес көп тараған,
Дәулетті «қолдың кірі» деп қараған.
Көрген жоқ көптен озып, көштен қалып,
Халқы жоқ кеудесінен қақпалаған.
Маңдайын тауға да ұрып, тасқа да ұрып,
Талай сын өткелектен өткен аман.
Өмірге налыған да кезі болды,
Жалтақтап жолаушыдай жоқ қараған.
«Азаттық» деген сөзді ойламапты-ау,
Япырай, киіп жүріп ноқта-заман.

Азаттық алыста екен...
Бұлың-бұлың,
Көзіне елестейді бүгін мұның.
Отыр ол – тас түрмеде, енді біліп,
Сондағы санасының бұлыңғырын.

Отыр ол тас түрмеде, тас шеменде,
Басқа ойда, басқа дүние, басқа әлемде.
Кешегі сейіл-серуен, бас бостандық
Кей-кейде көтергені босқа кеуде.

Дегені: «Сөзім азат, өзім азат»,
Дегені: «Жауға бермес мені қазақ»
Секілді бәрі өтірік, бәрі мазақ,
Неғылған кереғарлық бәрі ғажап!



Отыр ол тас түрмеде ойда осындай,
Жүрген жан кең самиян жайға симай.
Жалаған өз жарасын жолбарыстың
Шарасыз айласы бар айласындай.

Ызадан ыңыранады... уһілемей,
Кейімей, өзін-өзі сілкілемей.
Көкжалдай іші-бауырын тартып алып,
Жауына атылмайтын бір түлемей.

Сырықтай ұзын бойлы, сәл бүгіңкі,
Тұтасқан сақалымен шалғы мұрты,
Жанардың тереңінде от ойнайды,
Жандырған күйзелістен жанның ырқы.

Бура сан борша-борша, қадау сүйек,
Еті жоқ, еңсегейді қалай сүйеп
Тұр екен деп ойлайсың, бір қарасаң,
Жараған жорықтарда жолаушы деп.

Бойынан боркеміктік байқалмайды,
Тұтқын деп әлі де ешкім айта алмайды.
Шарасыз қалдырмақшы тергеушінің
Шалдуар сауалына шайқалмайды.

Ай өтті. Сұр түрмеге бұл түскелі,
Ертең сот. Бұл болса сот қылмыскері.
Келді үкім. Құтпановты сол өлкенің
Билері соттасын деп білгіштері.

Ертең сот. Билер соты. Дала соты.
Бөлінген Қараөткелдің алашы екі.
Біреу – Жайықбаев жағында еді,
Байлаған шаужайына шамасы, еркі.
Қалың топ – Иманжүсіп жанашыры,
Халқының азаматы, сана-серті.

«Бұл соттың осы өлкеге бетін бұрған,
Адвокат Михеев қой,
«беу, антұрған!»
Дос деген, тамыр деген жақсы екен ғой
Дәл бұлай жасай алмас бірге туған».

Деп іштей
Иманжүсіп езу тартып,
Жанашыр жақсылыққа өзі балқып.
Ойлайды: «Қиямет те, құдырет те сол
Адамның тууы-ау, - деп, сезімі артық».

Дос шықпас жалынғаннан, табынғаннан,
Жүрек қой Михеевке әмір болған.
Омбыға Ананышев Василиймен
Бір барып, бауырласып тамыр болған.

Адвокат қыр қазағын іштен сынап,
Бұл-дағы елпілдемей күш қамшылап.
Омбының зиялысы Құтпановқа
Әйтеуір бір көргеннен түскен құлап.

Ұнаған ниеті ме, пиғылы ма,
Әйтпесе өнері ме, күй-жыры ма.
Екеуі төл боп шықты түйдей құрдас,
Тағдырдың не айтарсың бұйрығына.
Дегені «беу, антұрған» ырзалығы
Құрдастың қысылғанда қимылына.

Біледі ол дала даусыз болмайтынын,
Қалың топ Құтпановты қорғайтынын.
Жүз жерден Жайықбаев болыс болсын,
Біледі сөзге келсе «оңбайтынын».
Жекпе-жек тезге келсе тағы да оның
Біледі тіресуге бармайтынын.

Сондықтан бұрды осылай соттың бетін,
Аударып азабынан кетті індетін.
Омбыға Қараөткелден хабар беріп,
Атқарды тамырлары көп міндетін.

Жасаған Жайықбаев алашапқын,
Арада бәрін жасап аласаттың.
Сайланып болыстыққа алғаннан соң,
Өштескен «жауларына» және шапты.

Болыстан болмай жатып «келсін» деген,
Хабар кеп, Иманжүсіп менсінбеген.



Одан соң суыт хабар тағы келді,
-Салығын кешіктірмей берсін, - деген.
Қайыра Иманжүсіп жауап берді:
«Ешкімге бересім жоқ еншімнен мен».

Слдан соң бір шабармын тағы келген,
Тақм бұйрық әкелгендей тәңірінен.
«Сый болсын, - депті маған Сейілторы,
Артық па ағайындық қадірінен?
Арада бір қылқұйрық жүрмей ме екен,
Жылқы затын бұл қазақ бәрі мінген.
Бермесе өзі білсін...
Құтылмайды
Ақ патшаның әділ заң - әлібінен».

Бұл сөзге Иманжүсіп қаны қатып,
Шашырап көздерінен жалын атып:
«-Сәлем айт Рақымжанға, - деді ол сонда, -
Есіне сақтап жүрсін әр уақыт.
Намысын Иманжүсіп аттатпайды,
Құдайы қор қылмаса, өлі жатып.
Торымды бере алмаспын бас берсем де,
Кетсе де ақ патшаның әмірі атып.
Ұсынса болыстыққа ел ұсынды,
Мен оның тиген жоқпын арына түк.
Болыс боп сайланды ғой, енді менің
Соңымда не өші бар сабылатын?
Арыма тие берсе, құдай болсын,
Айтып бар, мен емес деп жалынатын».

Содан соң Қараөткелге тойға барған,
(Кезі жоқ айтқан сөзден тайғанаған).
Серісін халқы көптен сағыныпты
Жиналып қырдағы адам, ойдағы адам.

-Иманжан, сағындық-ау дауысыңды, - деп,
Жан-жақтан әншісіне салсын міндет.
Әнші де ағыл-тегіл қозды арқасы
Дегендей «қалсыншы бір халқым гулеп».

Ұйыды ел. Әнші неден алаңдайды,
Еліндей ешкім қорған бола алмайды.

Халқының жүрегіне кіреді үңгіп,
Жүректен ешкім тартып ала алиайды.
«Қазақтың бар қатыны ұл тапса да,
Бәрібір Иманжүсіп бола алмайды».

Мейірімнің көлшік – көзде оты жүзді,
Ән шіркін шыдатпайды-ау нәтіңізді.
Сол кезде есік жақтан шықты дауыс:
-Ағажан, әкетті – деп, атыңызды.

Суық тер мұп-мұздай боп кетті жоны,
Кеудеге қадалғандай кектің оғы.
Қашқынның біреуінің тізгініне
Омыраудан оқ бойы озық жетті қолы.
Аударып тастай салды аттан оны,
Бұл өзі орғыл құмның қапталы еді.
Орғылдың турасынан қиып алып,
Қашқын топ қарсы алдынан соққан еді.
Қашқын топ қарсы алдына жетті қарпып,
Біреуін ұмар-жұмар өтті тарпып.
Көзіне қан толмайтын әдеті еді,
Тегінде қасиеті-ау тектің артық.
Торысын аударып ап мінді дағы,
Ештеме болмағандай кек қыларлық.
Иттерге қыңсылаған қарамастан,
Ауылы Күйгенжарға кетті тартып.

Ал бірақ ертеңіне Күйгенжарға,
Сау етті сары ала қол... иман бар ма?
Алтауы рассыльный, ал төртеуі
Сұп-суық стражник, иланғанға.

Соңында отыз солдат осылардың,
Селт етпей,
Сері оларды тосып алды.
Зейнептің жыламауын өтінді тек
Және де жау алдында жасымауды.

Зейнеп те әйел еді мықты асыл тек,
Шыдайтын «шықпа жаным, шықпашы» деп.
Сондықтан абысындары әзілдейтін



«Бүгінгі Қобыландының Құртқасы» деп.
Ішіне ащы ызасын жұтты деммен,
Жыламай қалды қатып – мықты дәрмен!
Сері де сертке берер сере қолын
Кісенге тоса берді ықтиярмен.

Мінеки, тас түрмеге түсті осылай,
Кешегі ұзын қолдың қысқасын-ай.
Ертең сот. Еркіндікке енді жетсе,
Қап, бәлем! Түспес жұмсақ тіске осылай.

Қап, бәлем! Түспес жұмсақ тіске осылай,
Көп ойдың көкірекке тұстасуы-ай.
-Қап, бәлем, қап, бәлем, - деп қаны қатып,
Кірді ол сот залына, ішке осылай.

Өкілі сегіз болыс. Жүз қаралы.
Төбе би төрде отырған сызданады.
Сескенбей ештеңеден Иманжүсіп
Сотта тұр – Қараөткелдің мұзбалағы.

Ол неден жалтаңдайды, жасқанады,
Қабарып тас түюлі қас-қабағы.
Бідірді бір-екі би жақсы ишарат,
Бұл оны құлдық ұрып қоштамады.

Ешкімге бәйек болмас бас сауғалап,
Кетсе де төбесінен аспан құлап.
Ар таза, жүрек таза, терге, тексер,
Айтпайды Иманжүсіп бос сандырақ.

-Ал кәне, сөйле! – деді төрдегісі, -
Дейді ғой осы өңірдің сен бөрісі?
-Ол рас, - деді сері, - сол бөрінің
Қор боп тұр кештеу түлеп көнтерісі.

Қор боп тұр кештеу білеп азуын да,
Әйтпесе Жайықбаев жазымымда
Жоқ болып баяғыда кетер еді,
Таба алмай тұғырын да, қазығын да.
Бұл қазақ білмейді екен, бәстесі кім,
Тағдырдың маңдайында жазуында.

Қалың топ қатысушы дүрлігіп қап,
Бір-бірін емеурінмен, ыммен құптап.
«Ә, бәсе, батыр солай сөйлейді ғой»,-
Дейді іштей қыбы қанып, қыпылықтап.

-Рас па,
Бір ай бұрын тап осыдан,
Болысты жұлқылапсың жағасынан?
-Бәшағар! – деп біреуі ыршып түсті –
Шыққан ғой шариғаттың шарасынан.

-Жә, - деді сонда сері, мақам еппен, -
Қиянат жасаушы ма ед атағы өктем.
Атымды алып қашқан біреулерді
Ол рас, қуып жетіп таптап өткем.

Болыс па, ұлық па деп қарағам жоқ,
Ұрыны адам ғой деп санағам жоқ.
Солардың арасында болса болыс
Сыяпат сыйлаппын-ау шамадан көп...

Қалың топ қатысушы мырс-мырс күлді,
Төбе би төбедегі бір түшкірді.
-Жәрәкүмалла, - деді өзіне-өзі, -
Қорқыту қиын екен бұл түскірді.

-Әй, - деді бүлік биі Атбасардың, -
Ел сені тектіміз деп топқа салды.
Сен болсаң, текті болмай, тентек болдың,
Тұрады басыңдағы бақ қашанғы...

Түскен жоқ саған құрық, әлі жүген,
Ісің жоқ елдің қарыз, парызымен.
Енді сен атағыңды әнмен емес,
Шығардың әйеліңнің арызымен.

-Әйелім губірнатырға арыз жазды,
Басымнан ығыстарды бар ызғарды.
Не істейді сауатты әйел сөйтпегенде,
Құранды құран екеш оқымап па ең,
Некелі бір-біріне қарыз мәңгі.



Ерінің дақ түсірмей ұранына,
Тағдырдың төзсіз әйел сынағына.
Сенем мен әйелімнің керек болса,
Алдынан ақ патшаның шырағына.

Секемшіл бір-екі би үрпиісіп,
Ұқпады кімге мынау тұр тиісіп.
Сақ олар сауысқандай... үйренген ғой
Бір шоқып, екі қарап тімтініп.

Ол айтты:
-Текті, тексіз деген сөз бар,
Айырмас мағынасын кей арсыздар.
Тал түсте ұрлық жасау тектілік пе,
Біліп ап... сосын сауал қоярсыңдар.

Ұстап ап сол ұрыны жетсе де әлі
Ұрмады, ең болмаса жасқамады.
Айыбын өзіне арту тексіздік пе,
Ашпай-ақ алты алашқа масқараны?

Қалың топ қатысушы қатты күлді,
Қол соқты лапылындай оттың ілкі.
«Жарайсың, қайран сері-ай, жарайсың!» - деп,
Билерді билеп кетті топтың ырқы.

Қараған ел-халықтың аңдысына,
Омбының осал еді заң мысы да.
Ұсынса кеше халқы болыстыққа,
Ұсынды разы болып болмысына.
Сол халық бүгін қалай бере қояр
Шығарған соттың үкім қаулысына?
Билер де біле қойды: Иманжүсіп
Биліктің көнбейді үстем шарғысына.

Елеңдеп Қараөткелдің елі тегіс
Серіге көп тілектес болды сірә!
Сері де сезді соны, ерік берді
Шындықтың семсері мен шалғысына.
...Сот бітті. Серісі азат. Ұшты Зейнеп,
Серісі құшты жарын сәл қысыла.

Қаусырып кетті халық құшағына,
Бала еді ол жаңа бұл шағында.
Түсінді дүние – фәни, өзі – сәби,
Екен-ау халық – ана құрсағында.

Көп адам Күйгенжарға келіп жетті,
Серінің өкінішін жеңілдетті.
Көңілді бөлісті олар, көңілдегі
Көп ойлар лықсып, толқып бөлінбепті.

Қайта ол қоюланып күннен күнге,
Жасатып шолу-шолғын күллі өмірге.
Түйінін таба алмайды ұтыстырған
Тағдырдың заңдарының бірді-бірге.

Бір адам Сарыарқада «менмін» десе,
Мен деуші ед Иманжүсіп ел білмесе.
«Мен елімде жүргенде жұрттан астым,
Менменсінген талайдың көңілін бастым».
Осы ән, осы жырын кім айтады,
Тағдыр мен мінезіне тең келмесе...

Ал сонда мына мені басынғанда,
Заңына бұл заманның басу бар ма?!
Мына мен зәбір көрсем, жапа шексем,
Не жорық бас-көз жоқ тасырларға?

Мен неге зәбір көрем?
Себебі не?
Халқымның қажет болсам керегіне.
Сол халқым төбесіне тік көтерген
Батырып жауларымды тереңіне.

Сесі бар, сол халықтың, жоқ билігі,
Билейді – қолдың кірі, көптің бірі.
Омбыда адвокат дос айтушы еді,
«-Халық, - деп көтеретін кек - дүмбіні».

Сол қашан, сол күн қашан, - деп ойлайды,
Түйінін ойлап-ойлап таба алмайды.



Қолға алып домбырасын, мұңын іштен
Сыртына шығарады заман жайлы.

Шыққалы тас түрмеден аз-ақ күнде,
Түсті бір алмағайып ғажап күйге.
Айтпайды бұрынғыдай «азатпын» деп,
Немесе «көрдім деп те тозақ - түрме».

Ән салып, күйін шертіп... көп үндемей,
Сері едім, Иманжүсіп едім демей.
Өнерге тапсырғандай сөздің бәрін
«Өлеңнен көрінер деп көңіл – көмей».

Арқаға Күйгенжардан бір ән тарап,
Қағып ап туған топырақ, туған тарап.
Кешегі ноян сері тас түрмеден
Шыққандай ой арқалап, мұң арқалап...
Қалғанмен болыстыққа жасы жетпей,
Отыздың қақ ортасын тұр орталап,
Ол кеше намыс қуды, отына оның
Білмепті-ау керектігін шыдар тағат.
Ойлапты қолымда – құс, көмейімде - ән,
Астымда болса болды қыран – торы ат.
Білмепті  халық қамын ойлау деген
Көтермей қайғы-мұңын сыңар талап.
Халқына өнер арнар перзент туса,
Өтеді жүрегімен жүк арқалап.

Жүр еді осы ойлардың толғағында,
Таяуда Омбы жаққа жол қамында.
Адвокат Михеевтен хат алған-ды,
Бұл талант! Зиялы дос талғамында.

-Кел, - депті – таныстарым Петербордан
Бағы бар біреу келді бармағында.
Ал бұған жетпейтіні бір түйір бақ,
«Аллаға» өкпесі жоқ қалғанына.

Бармақ та, таныспақ та, алмақ соны,
Сөйтіп бір халқына сеп болмақшы еді.
Сөйткенше Қараөткелден хабар келді,
«Қайтадан абақтыға алмақ сені».

-Е, неге... Әкесінің құны бар ма,
Жүр ме екен қар таппай ұрынарға?
Жауызы Жайықбаев өшін алып
Бітпеп пе? Бітетұғын түрі бар ма?

Бітпепті... Басу айтты тамыры оған, -
Жаласы – мірдей тиген әнің оған,
Даланың бунтары деп дәлелдепті,
Бүлікшіл, ақ патшаның заңына әмән.
Және де қарақшы деп қаралапты
Құрығы еш адамның дарымаған.
Топ жиып, топар сайлап өткен жолы
Сот-ау деп билер сотын танымаған.
Жасауыл бүгін шықты... ал жасырын!
Бастығы Жантасов қой... залым адам.

-Қап, бәлем! Келсін, - деді ол, -
қолында өлем,
Көп болса, біткен шығар өмір деген.
Бірақ та жастығымды алып өлем,
Қанымды жуып өлем қанымен.

Зейнепке: - Қайда – деді, - қосауызым?
Шетінен жамсатайын жасауылын.
Еңіреп етегіне жығылды жұрт:
-Біз үшін бір жақсылық жаса, күнім!

-Қайтесің, қаш пәлекет машайықтан,
Ел болып құтылармыз осы апаттан!
Жауласпа, от басың бар, өз басың бар,
Болмайды бәрін бірдей қоса жұтқан.

Одан да бой тасала, қара нарсың,
Шыдарсың, зіл-залаңың назары аусын.
Заман да, заң да өзгерер деуші едің ғой,
Жайықбай тұқымының заманы аусын.
Аға да, кәрі шеше, жұбайы да
Жалынды. Бұл солардың райына
Көнді де, амалсыздан атқа мінді,
«Тілегім болмады-ау, - деп, құдайым, ә?»



Сол екен, сау ете қап жасауыл да,
Қиғылық салды дейсің осы ауылға.
-Тап та тап!
-Қайда кетті?
-Қашан кетті?
Дігірлеп шешесін де, қосағын да.
Жантасов жалаңдайды сап-сары ала,
Келгендей жан алуға, бас алуға.
Жанында жиырма-отыз солдаты бар,
Қос-қостан қаруы бар қосарында.

-Тап, - деді ол ағасына – Ақшабайға, -
Тап деймін, кетті қайда, қашты қайда?
Көрейік қалай-қалай тантығанын,
-Кім еді ол бағынбайтын еш құдайға?!

-Білмеймін, - деп Ақшабай үлгергенше,
Ақи көз, алаңғасар бір дембелше.
Дүмімен мылтығының салып өтті,
Қамшысы Жантасовтың сілтегенше.

Басынан Ақшабайдың қан дірдектеп
Кәрі ана жетті ұлына зар еңіреп кеп.
-Не істеп ек, не жазып ек?.. – жайды қолын,
-Құдай-ау, қарғысыңда бар ма едік? – деп...

Зәре алып, иман үйіріп, зар қақтырып,
Ұлардай кәрі-жасын шулаттырып.
Сыйғысып бір тарының қауызына
Түндігін, туырлығын турап, тіліп,
Жасауыл Күйгенжарды илеп өтті
Ұйпалап шаңға көміп, құм қаптырып.

Қырда ауыл құр сүлесоқ қалды иіні,
Қазақта «мал күйігі – жан күйігі».
Иіріп жүз қаралы жылқысын да
Кетті айдап, осы болды бар қиыны.

Қорғансыз ауыл сонда зар еңіреп,
Қорғанын қорғап қалды... керегірек.
Зорлыққа, зомбылыққа іш қайнайды,
Төзетін, шыдайтұғын себебі жоқ.

Бұл кезде жонда жортып Иманжүсіп,
Қапа боп қалың оймен жүрді алысып.
Соңында оңды-солды орағытып,
Із кесіп жасауыл да жүр қарысып.
Ол бірақ қырда-сағым, құмда-сынап,
Ешқашан қолды-аяққа тұрмасы хақ..
Аң аулап, елге олжасын үлестіріп,
Өз-өзін осылайша жүрді асырап.

Құмдағы отырықшы ел некен-саяқ,
Серіні көрген емес бөтен санап.
Жасауыл төбесінен түсер сәтте
Көрсетіп жібереді төтен сорап.

Көрген жоқ қуғын-сүргін, жаудан сасып,
Шайқасып, мылтық атып, майдандасып.
Қолма-қол көз жазып қап қуғыншылар
Қалатын «ойбайласып, бай-байласып».

Ол өзі көз мерген де, қол мерген де,
Адамға оқ атпайтын жан-дәрменде.
Және де оқ қағары бар сияқты
Тайқитын ажалы да дәл келгенде.

Осылай құба-түзді ай паналап,
Көңілге алуан-алуан ой тағалап.
Оралды Күйгенжарға, шыдамады,
Туған жер бітірердей қайта қанат.

- О, сұмдық! Көп екен ғой көрмегені,
«Шыққыр көз, таба қылдың сен де мені,
Жұртымды зар еңіретіп жылатқанша,
Қу тағдыр кіргізсейші жерге мені!»

Бұл сөзді Иманжүсіп іштен айтты,
Әрине, тілін қыршып, тістене айтты.
Не істейді, не істейді енді,
не істеу керек?
Дәрмен жоқ. Қолы құрғыр қысқа, қайтті?

Не пайда қуатыңнан, қайратыңнан,
Не пайда алтыныңнан ойда тұнған.



Не пайда – адалдықтан азап көрсең,
Не пайда – шыққаннан соң қайғы ақылдан.
Тартты ол «Жайықбаев, қайдасың?» деп.
Қан тамса көрейін-ақ айбатыңнан.
Әйтпесе, жылқы үйірін алып қайтпақ,
Жандайшап Жантасовтар пайда қылған.
Ажалдан қорықпайды...
Ұят күшті,
Әйтпесе келмейді өлім қай қапылдан.
О, тағдыр, бақытты екен, - деді ме екен,
Арыстан мерт болса да Айға атылған...

***

Арыстан Айға атылған мерт болған жоқ,
Мәрт мінез сеніп келген ақтаған жоқ.
Қолына темір кісен түсті тағы,
Өлім жоқ, құныкер жоқ, аққан қан жоқ.

Бұл жолы шынжыр кісен, сұр түрмеден
Қорықпаған,
именбеген, іркілмеген.
Тек қана тас түрмеге кіре беріп:
-Дүние-ай, тар екенсің шіркін! – деген.

Омбыдан жетті үкім де тәулік аса,
Зиянын, қаупін айтқан «жаудың» аса.
Бас бұзар, тентек қана емес депті,
Егерде өлең жазып, ән құраса...

-Айта бар,
Жайықбаев дәл аңғарған,
Әні ғой – пиғылына дәлел болған.
Халықты ылықтырып кетпей тұрып,
Ондайда әдемісі жер аударған.
Айта бар, -деді ояз шабарманға,
Сібірге... мейлі тіптен одан да әрмен...

***

Тайғанап тар қапастың көк тасынан,
Шыққанда сұр түрменің қақпасынан,
Қаратпай алды-артына айдап алып,
Жөнелді сүйрегендей ноқтасынан.

Келгендер  Күйгенжардан зар еңіреп,
Ана да, ағайын да, бәрі еңіреп.
Құшақтап құйттай ұлын Зейнеп ана:
«Құдайға не жазығым бар еді» - деп,
Және де сол «құдайдан» жәрдем тілеп,
Жасаған жаппар аллаң жар еді деп,
Бір дәурен бұлбұл ұшты сонда көзден
Дүние құбылысынан бөлегірек.

...Дүниені  Иманжүсіп енді көрді,
Астасқан көкжиекпен белді көрді.
Қоштасқан, қол бұлғаған көлді көрді
Көк аспан көз ұшында қалықтаған
Құр-құйттай қанаты бар меңді көрді.
Алдында жатқан таныс жолды көрді.
Аймақтан туған-туыс елді көрді,
Қолында шынжыр кісен, саудыр-саудыр
Дүние көз алдында дөңгеленді.

Шаңытып санасына сан ой келді,
Қия алмай, жан-жағына қарай берді.
Қош, - деді, - Уа, туған жер!
Бір ауыз сөз,
Бір ырғақ тілдің ұшын орай берді.
Көкірек қарс айырылды:
-Қош, туған жер!
«Абылай аспас Арқаның сары-ай белі...»

**Кеңшілік МЫРЗАБЕКОВ**

Қазақтың бұлбұлысың асыл туған,
Бойына ән мен өлең тасып туған.
Елжіретіп естіген адамдарды,
Көңілін қуанышқа ашып туған.

Әнің бар естігенді сағындырған,
Тыңдаушыны ерiксіз бағындырған.
Елін сүйген ерке едің заманыңда,
Ақын, әнші, батыр ат тағындырған.

**Нүркей ҚАЛЖАНОВ**



**Арнау**

Туған ғой бұл қазақта неше дарын,
Ел үшін «шүберекке» түйген жанын,
Соның бірі атақты - Иманжүсіп
Ерен күштің иесі «Қара нарым».

Ерте жетіп, тартыпсың аттың жалын
Ағайын, туыстардың ойлап қамын
Жер жанаты аталған сұлу көлде
Алтыбайда тамыпты кіндік қаның.

Иманжүсіп болыпты сегіз қырлы,
Айттыма, атылған оқ сөзге тұрды
Әрі алып, әрі әнші, әрі ақын
Жүрген жерін той қылып, думан құрды.

Егеменді ел болдық етек жинап
Көп нәрселер жүруші еді көңіл қинап
Еске алып атақты бабаларын
Отыр міне ұрпақтары сарай сыйлап

**Қаршыға ШАЯХМЕТОВ**

**Иманжүсіптің монологы**

Жасымнан адал өсіп ем,
Ақысын жемей кісінің.
Сарыарқа Сайран жерінде
Қызығын көрдім армансыз,
Даланың аң мен құсының.
Адалдарға – кішімін,
Арамзаның – сұсымын.
Есіл, Нұра – қос өзен,
Ерейментау, көл Баян
Көз алдымнан кетпейді
Ерке сұлу мүсінің.
Енді міне қарасам,
Қол-аяғын шынжырлап
Темір кісен салдырған
Алтын басын ардақты
Абақтыда қалдырған

Уа, ағайын, мен болам,
Өзіңнің – Иманжүсібің!

**Серік ТҰРҒЫНБЕК**

Қараөткелдің бауырында қалың шұбар,
Көкмойынға үкілеп тақтым тұмар...

**Иманжүсіп**

Қараөткелдің бауырында қалың шұбар,
Басымдағы бұл-дағы бағым шығар.
Сағың сынар сәтке де
жаның шыдар.
Жалған-дүние жалт еткен сағым шығар,
«Қараөткелдің бауырында қалың шұбар».

Толғауымен тірліктің тоналды ай, жыл,
Бота болып боздады Боралдай-жыр,
Аққу-қазым айдынға оралмай жүр.
«...Талай қатын қазақта ұл туғанмен-
Бәрібір Иманжүсіп бола алмай жүр».

Жауын барын сезгесін
Дауыл барын,
Алашым деп аян ғой ауырғаным...
Сары белдің сарғайтпай сауырларын.
Бауыры бүтін елміз деп басын қосты –
Қараөткелдің бауырында...
бауырларым.

Шырайына нұр ойнап шығады күн,
Шырайлысы-ай сол маңның шұбарының,
Тұнығында тұнады тұма жырым.
Қарашаңырақ,
Қараөткел,
Қара қазан –
Қазақ үшін болғалы бір-ақ ұғым.

Өткен күннен айтады өлең дерек,
Өлең барда ойламан өлем бе деп,



Иман аға,
біз қашан төмендеп ек?
Көкмойынға үкілі көз сап тұрмын-
Мойныңдағы тұмарың көрем бе деп...

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ**

**Ақын ағаға сыр**

Сарыарқасына сыймай бір өткен,
Иманжүсіптей қайраттым,
Арыстанбаптай айбаттым.
Маңғыстаудағы қатепті Қаранар болсаң,
соңыңнан ерген тайлақпын.
Қызыл заманда жалтақтамаған қоғамға,
Сендей ағаны ана дүниеден табам ба?
Өттік біз қанша қаһарлы есік, қақпадан,
Алдыңда сенің несіне бүгін ақталам.
Қатерлі кезде қара көздердің
ақ махаббатты сақтаған.
Тек солар ғана қиын сәттерде сатпаған.
Сыр сұрап барып мұң алып қайтқан аршадан,
Жүрегің бүгін барлығын сезген, шаршаған.
Жан аға, сенің асау да асқақ жырыңа,
Басын иген күн, ізгі ниетті барша адам.
Аққан бір судай сабырлым, жеранадайын төзімдім,
Жастарын көрем жырыңнан
жасаурап тұрған көзіңнің.
Қабырғаларым қайысты, мағынасынан сөзіңнің,
Алдымда шатқан асылым,
ардақтай алар өзімнің,
Ойлардан ойлар бұл түнде,
талықсып барып көз ілдім.
Сахара мұңы, сазыңмен ұйқымды менің ұрлаңдар.
Түсіме енді мәңгілік мола боп үнсіз тұрғандар,
Өткен ғасырда елім деп еңіреп өткен құрбандар.
Ескі елестерді елжірей ескі мақаммен жырлайды,
Соңыңнан шыққан достарым
Бауыржан, Ғалым, Нұрландар.
Асау ем мен де ол жылдар, үйренді бойым азапқа,
Өсек пен жала, озбырлық,

төздім мен қалай мазаққа.
Қара шалдарым көп айтқан,
түскендей болдым тозаққа,
Жаныммен жазған жырыммен араларында
жүріп мен,
Жете алмай келем әлі күн ақ пейіл қалың қазаққа.
Тағдыры біздің халықтың бармақтай ғана
бақта тұр,
Ақыны қаңғып, әкімі суытып түсін тақта тұр.
Анамның аппақ күмбезді сағанасына шағынған,
Не дейсің маған кешегі асық ойнаған ақ тақыр.
Таза еді арым, сеніңіз, бұл сөзге кәміл иманым,
Кеш білдім кеше жақыным қиянаттарға қиғанын.
Сыйғанмен, аға, қайтейін көкірегіме бар ғалам,
Алматы менен ауылға ес жиған шақта сыймадым.
Ең жақын деген досым да
теріс айналсын, жалтарсын.
Жаман ініңе түбінде бар сеніміңді артарсың.
Жырлы додада осынау, айырып тұрып езуді
Қапталдай шауып атыңмен
жүгенімнен кеп тартарсың.
Суырылып шықсам сол сәттен
аспанға шапшып байқармын,
Жаңбыр боп жауып, дауыл боп,
дүниені сілкіп шайқармын.
Сауықшыл, мұңсыз әкімге ауылдар жайлы
барып мен,
Барлық ойымды бетіне қасқайып тұрып айтармын.
Келеді күндер арайлы, әлі де талай бақ сынар,
Ұлы Абай айтқан кешегі
қайрат пен намыс ап шығар.
Еліміз сеніп бізге де күрделі істер тапсырар,
Бағамды беріп мінбеден мен жайлы айтар пікірлер,
Қасқалар мен жайсаңдар, лебізі уәлі жақсылар,
Осылай дейді түсімде ауылда көрген бақсылар.
Солай да солай, ағажан, біз туған жерді еске алдым,
Ұрпағы едік кешегі
сыйласып өткен бес шалдың.
Дұшпан мен досты бір жүрген
ажырата алмай көп жылдар,
Талай нәрседен қайтейін



бармақты тістеп кеш қалдым.
Көп шайырларға бүгінгі көңілі ұрғыр толмайды,
Сондықтан ба екен жүректі
алапат қайғы торлайды.
Ақылсыз адам болса да сенбейтін мөлдір сырыңа,
Ғұмырда мынау ешқашан ажалсыз адам болмайды.
Арғымақ аттай алшаңдап бәйгеге бірге барармыз,
Арманда қалған, ауылдар, әжетіңе де жарармыз.
Алыста – жұлыс қызығың көрген бір түстей опасыз,
Хан Кене сынды қоштасар, мұңды бір әнге салармыз.
Жұлдыздардайын жарқырай,
аспаннан сосын ағармыз.
Ұмытса-дағы Астана, Хандармен қатар-қатар боп,
Түркістанымда мәңгілік, қос көше болып қалармыз.

**Қасымхан БЕГІМАНОВ**

**Толғау**

Ассалаумағалейкум Сырдан келген ағаларым,
Түлкі ішек, құндыз бөрік бауырларым-ей
Алтыннан көмкерілсін жағаларың-ей.

Намысты қолдан бермес ұрпағымыз
Біз дағы сол жақсының жұрнағымыз-ей
Сұрасаң ат-жөнімді мен айтайын
Көңілдің ой пердесін мен тартайын-ей.

Танысып білісумен жарасармыз
Жылы сөз жақсы-ау көзбен қарасармыз-ей
Баласы-ау Нұртазаның атым Хамит
Халқымның ортасында айдарлымын.
Доска сыйлы-ау, дұшпанға арыстандай айбарлымын-ей.

Жақсыға жақын жүріп жанасамын,
Жамандар жол таба алмай адасады-ау
Жауқазын жаңа шыққан жалбыр едім
Мен қалған бір шаңырақтан жалғыз едім-ау.

Ағайын көре алмаған күндейді ғой
Жібекті ау түте білмей жүндейді ғой

Сүрінсең әлде қалай табалайды
Қасыңа жан жолатпай абалайды-ау.

Білсеңіз біздің жайды солай деймін
Жел сөзге бір-екі ауыз тосылмаймын
Арамза-ау күншілдерге қосылмаймын-ау.

Сөйлесе-ой жақсылар жорғалайды
Жамандар сөз таба алмай қорғалайды-ау
Жақсыдан жаттық болмас деген сөз бар
Танысып біліскенге айып болмас-ей.

**Хамит Нұртазин**

**Сәкен мен Иманжүсіп**

Ауылы Иманжүсіп – «Күйгенжарда»,
Шарапат – шапағаты тиген жанға.
Әуенін әуелетіп ел айтады,
Арналған – «Қалқатайға», «Сүйген жарға».

Халықтың қиссасындай қалыптасқан,
Айтады ән мен жырын жалықпастан.
Ғажайып бір аңыз бар ел ішінде:
«Бір түнде сегіз қызды алып қашқан».

Батырмен Балуан Шолақ бақ асқанын,
Қарысып Қажымұқанмен тақасқанын.
Бақыртып бір орыстың шашын жұлып,
Түрмеге түсіп әбден шатасқанын.

Ішінде қашып шығып үш аптаның,
Тасада тұрып алып кісі атқанын.
Тағы да толып жатқан істері бар,
Айтпай – ақ қояйықшы ұсақтарын.

Сармойын тұлпар мініп тулатқанын,
Төбеден жасын ойнап зулатқанын.
Қаратып «Қараөткелді» талап алып,
Ел-жұртын түн ішінде шулатқанын.



Қасына қорқып бармай «сар жағаның»,
Есілді өрлей өтіп – шарлағанын.
Бір түнде қойдай тізіп әкеткенін,
Аршын төс – Қараөткелдің «маржаларын».

Аң қоймай кең даланың қиырынан,
Айрылған жылқысынан, сиырынан.
Түрмеге тоғыз түсіп босатылып,
Бес рет атылуға бұйырылған.

Қорықпаған басын байлап бір өлімге,
Қылы бар қаймықпайтын жүрегінде.
Ояздың басын жарған
Бұрын – соңды
Болмаған мұндай сұмдық қыр елінде.

Баспайды ауылында саяқ қадам,
Барғанды бас-көзіне таяқталған.
Имекең осы күні үйінде отыр,
Қырандай тұғырында тояттаған.

Түп-түгел ауылының мал мен басы,
Бар ептеп баяғыдан қалған кәсіп.
Дүниені дүрліктірген
Сол Имекең,
Бұл күнде Сейфолланың жан-жолдасы.
Бөрідей Иманжүсіп даладағы,
Талайды,
Кейде өзі де таланады.
Болса да қашан қырғын,
Қанша сүргін,
Бөлініп көрген емес аралары.

Табады бірін-бірі сағынысып,
Бұйырған несібені қағып ішіп.
Жүрсе де бірі – Қырда,
Бірі – Сырда,
Бас изеп,
Бір-біріне бағынысып.

Домбыра тартып – бірі,
Бірі - ән салып.

Бебеулеп биігінде тұрар шабыт.
Сонан соң,
«Бұғылыны» бетке алады,
Түз жортып,
Түлкі қуып,
Қыран салып.

...Сәкен де жүрмек болып сол ізбенен,
Атаға сәлем берер жол іздеген.
Ауылдың баласы ғой
Адал ниет,
Дәстүрден әлі күнге қол үзбеген.

«Күйген жар» естуші еді талай жер деп,
Ол жаққа қалай барып, қалай келмек.
Әкесі Сейфолла да еске салған:
-Жүсіпке жол түсіріп – сәлем бер деп.

Жүсібі- кәдуілгі Иманжүсіп,
Қайтуға сәлем беріп, қолын қысып.
Бір күні іргедегі «Күйген жарға»,
Сәкеннің келіп қалды жолы түсіп.

-Ассалаумағалейкум, Иман- аға,
Өлең-жыр жүрегіне жиған аға.
Сәлемнің сәті түсіп келіп қалдым,
Тағдырдан бұдан артық сый бола ма?!
-Мынау кім?
Тақылдаған қай баласың,
Сөйлеске кім болсаң да сай боларсың.
-Сәкенмін.
Сейфолланың баласымын,
Арнайы іздеп келген сайлы ағасын.

Әп-сәтте ұшып тұрып Иманжүсіп,
Сәкенді құшағына ап,
Сүйді құшып.
Амандық сұрасқан соң,
Айтты әңгіме:
-Қайтасың қонағым боп, дәм-тұз ішіп.



Сәкен де басқа уәж айта алмады,
Көңілін атасының қайтармады.
Үйінде Имекеңнің басын қосты,
Ауылдың өңкей жақсы-жайсаңдары.

Біреуі – күй тартады,
Біреуі -ән сап,
Қалыпты сағынысып жүрек аңсап.
Үйіне Имекеңнің кешке қарай,
Жан-жақтан тыңдаушылар келді самсап.

Имекең шаттанбасын енді қайтып,
Ән салып,
Арасында әңгіме айтып.
Бар және ел білетін батырлығы,
Көрмеген тау мен тастан беті қайтып.

Имекең аяна ма ойлы жастан,
Осылай аз отырыс тойға ұласқан.
Қызықтап әңгімесін айтып берді,
«Бір түнде сегіз қыздың қойнын ашқан...»

Әуені барған сайын ұнап дәйім,
Қойылар айтушыға сұрақ дайын.
«...Кәпірдің аузы түкті талайларын
Бақыртып бауыздаушы ем, лақтайын!»

Дегенде, сөздің бағын жандырғандай,
Айызын тыңдаушының қандырғандай.
Бірінен бірі кейін шалқып жатты,
Па, шіркін, көкелері әннің қандай?!

Жаралған өлең шіркін жан бауырдан,
Қыранның бір кем емес самғауынан.
Екі-үш күн
«Күйгенжарда» жатып қалды,
Кете алмай бала Сәкен әлгі ауылдан.

Байқады Иманжүсіп бала жанын,
Бойында ақыл барын, сана барын.
Сәкен де айналшықтап жүріп алды,
Қасынан бір шыға алмай жан Ағаның.

Қылт етіп көңілінде алғаш үміт,
Күтті ол түні бойы таңды асығып.
Қос атты ерттеулі дайындатып,
Ертесін қайтамыз деп аңға шығып.

Бала да баса алмады қанша аптығын,
Жүректе жасыра алмай, жан-шаттығын.
Семізі сергек, дана Иманжүсіп,
Сәкеннің байқап қалды аңсақтығын.

Сәкеннің байқап қалды жан құштарын,
Аралап ен жайлауын,
Бар қыстауын,
Бұғылы – Тағылының бұғып жатқан.
Қайтпаққа дүрліктіріп аң-құстарын.

Ертесін тартып кетті Ерейменге,
Жол салып қалың арғын, керейлерге.
Сәкенге бәрі қызық,
Тізілген тау –
Қызығып,
Қарайғанға, серейгенге.

Таулардан әрі қарай ашыққа алып,
Әуелден қалған кәсіп – машықтанып.
Мылтығын ұмсынады Иманжүсіп,
Көзіне қылт еткенді басып қалып.

Құтқармай қасқырын да, түлкісін де,
Дәл бұлай көздей алмас бір кісің де.
Қыраннан қашып шығып,
Қаршығаны –
Бұлаңдап бара жатқан бұлт ішінде.

Құлатты,
Құс мылтықпен бір-ақ атып,
Талайын киіктердің тұралатып.
Аңшыға қанжығасын қандап қайтса,
Болмас-ау бұдан артық, сірә, бақыт.

Куә ғып, ашық күнді, жарық айды,
Кей аңға атқан оғы дарымайды.



Әйтсе де, даладағы қанды қасап,
Сәкенге әрі қызық, әрі қайғы.

-Апыр-ай,
Қандай қатал аңшы жаны,
-Сәкеннің таусылғандай жан шыдамы.
Ақбөкен жаңа ғана атып алған,
Аққан жас – жанарынан тамшылады.

Кеудеде алай-түлей ойы мына,
Көзінің шыдай алмай мойылына.
Атынан қарғып түсіп,
Бала Сәкен
Жармасты ақбөкеннің мойынына.
Жас келіп жанарына,
Жаны жасып,
Қалған кез –
Қара түнге таң ұласып.
-Қайтайық!- деді Сәкен атасына,
Дауысы діріл қағып, қаны қашып.

Көңілі алып ұшқан кішіргендей,
Қай сөзбен дәлелдемек ісін нендей.
Сәкенді бауырына басты Атасы,
Баланың нәзік жанын түсінгендей.

Бұл жайды Атасы да аңдағандай,
Аңшының бүгін бағы жанбағандай.
Естілді шаңқ-шаңқ еткен қыран үні,
Тап келген бір соққыға әлдеқандай.

Тағдыры тап келгендей атқан оққа,
Тигендей қақ жүрекке, нақ қанатқа.
Тіксініп қарап тұрды,
Бала Сәкен –
Түнерген тау ішіне,
Шатқал жаққа.

**Иманжүсіпті аңсау**

Дауылпаздай қаққанда дабыл үнің,
Баурайынан Бұғылы, Тағылының.
Еркесі деп Хан Кене сарбазының,
Серкесі деп сүйінді ел сақ ұлының.

Сүйінді елің көргендей нұсқа алыптан,
Шырқағанда әніңді құстар ұққан.
Сыйға тартса Сарыарқа серілігін,
Ерейменің бойға ерен күш дарытқан.

Жазираңа жеткенде қиырдағы ән,
Құлазыған көңілді күй ырғаған.
Бірақ, бірақ шара не,
ізгілердің
Маңдайына жайлы өмір бұйырмаған.

Зор тұтқанмен аймағың таңданып кең,
Жолын кесіп жақсының жан дәніккен.
Дұшпаныңды көбейтті дүрдараз ғып,
Батырлығы бабаңның қанға біткен.

Тірлігіңде ту етіп арды ұстадың,
Зомбылығы пенденің – тартысқаның.
Жораларға жазығың дүлдүл мініп,
Сұлуынан арудың жар құшқаның.

Тағдырыңа таусылма
таба қылған,
Әкені елден айырған, ананы ұлдан.
Қайда барсаң Қосабаң тұрса күтіп,
Оза туған жазығың заманыңнан.

Дүр сілкініп
еңсеңді басқанда мұң,
Шаршы алаңда ширығып асқан бағың.
Нақағына найза ғып намысыңды,
Дүлейінен дүбірдің жасқанбадың.

Танытқанмен түздіктің дүр үлгісін,
Қапы қалдың дос та ұқпай



сырыңды шын.
Жайсаңына жаратқан тарлық етіп,
Жарылқаса не дерсің жырындысын.

Сергелдеңді өткеріп сан басыңнан,
Көресіңді көргенсің қандасыңнан.
«Қара наны түрменің балдай болып»,
Жырларыңмен жебедің жанды ашынған.
Абыржыса ағайын құр амалдан,
Сылаң қағып Есіл мен Нұраң алдан
Қарсы алғанда, қайран-ай,
құйғытып кеп,
«Көкмойының» көлденең тұра қалған.

Елге сүрен – ерге сын, жарға сүргін –
Айналғанда заңына зар ғасырдың.
Салқарыңның саздары сеңін бұзып,
Арналары бұрқанған Арқа, Сырдың.

Додасына қосылған тағы лектің,
Арысына айта алар лағнет кім?!
Дойырларын даланың дүрліктіріп,
Айбынына айналдың әділеттің.

Шара қанша дүние кеңдігінде,
Шағынарсың шарқ ұрып енді кімге:
Сахараңа сыйдырмай сан соқтырып,
Теперішін тартқызған «теңдігің» де.

Бұл өмірдің ұғарсың қай ағысын,
Абақтыңа айналса аян ісің.
Дал күйінде дағдарып далаң қалған,
Таударың да бола алмай таянышың.

Сауырынан саулатып етіктен қан,
Тіледі екен тексіздер не тұтқыннан?!
Тұлғаларын тап қылған талапайға,
Тамұғында түбіңе жетіп тынған.

Үн қата алмай безінген «үнсізге» ардан,
Тағылықтан түңіліп түн сыздаған.

Күйінгеннен не қайыр, қаралы елге
Мүрдеңді де қимаған мұңсыздардан.

Шара қанша құй ашын, құй ашын ба,
Налаңа енді халқыңды қиясың ба?!
Рухыңмен табысып кеткендейсің,
Қырандайын мерт болған қиясында.

Өтті қанша кезеңдер, нөпір ағын,
Қайдасың сен, мұңлығым, о пір-әнім?!
Тәніңді әлде тіл-көз бен тексіздіктен,
Жатыр ма екен жасырып топырағың?!

**Мұрат КҮЛІМБЕТ**

### Иманжусупу

Ты проложил дорогу к аруахам
Стихами из свой любви и слез
И подарил надежду всем казахам,
Что станем мы побратимами звезд.

Как на горизонте степь и небо
Неразделимы будто мать и сын,
Ты соединил с народом бедным
Свою судьбу-горчащую полынь.

И был пронизан словом Биржан-сала,
Ахан- сере с Мади- учителя твои,
Ты братом стал Жаяу Мусе , Естаю
И музыка степей жила в твоей крови

Народу своему певец ты и заступник,
И правду защищал, как слабую вдову,
В изгнании своем постиг ты мудрость,
Как в песне растворить любовь-тоску.

Иманжусуп! Мой брат по ветру,
И по траве, и по реке Иртыш-
Ты верил в наше возрожденье,
И мы теперь свободны для мечты.



Иманжусуп! Моя высокая звезда!
Над степью будешь ты светить всегда!

**Дюсенбек НАКИПОВ**

### Иманжүсіп құтпанұлының рухына

Жаратқанның Қаламынан құйылған,
Сөз маңызы маңдайыңа бұйырған,
Өн самалы таңдайыңа бұйырған!
Мейірім нұры тарағанда миыңнан,
Әр деміңе мың періште жиылған!
Әр Өлеңің қиысқанда қиыннан,
Мынау Елің нәпсісінен тиылған!
Әлемдерді хикметіне құмартқан,
Әл-Илаһқа жүрегімен сыйынған –
Иманжүсіп,
Иманжүсіп – Қайран Қазақ Рухы,
Мен сендей дүние-мүлік, бұйымнан,
Қашып шығып сыңғырлаған тиыннан,
Жан мен тәнді тастап шығып жалғаннан,
Кәпірлерге Рухымды арланған,
Нұрмен жуып арманымды қорланған,
Алып шығып шайтан жетпес зау көкке,
Саған айтсам мұнарланған мұңымды,
Саған айтсам шідерленген шерімді,
Уаһ, арман-ай,
мұнарланған мұңым күндей ашылып,
шідерленген шерім менің шешілер ме,
жалған-ай?!
...Уа, жатырында жатқан кезден анамның,
шүкір, тәубе, Мүмін болып жаралдым!
Мүмін болып жаралдым да Қазаққа,
Мен де сендей Рух болып оралдым!
Тәңір құты – түн жауғанда төбемнен,
Әр бір сөзім хақиқатқа бөленген.
Қайран Қазақ қасіретіңді көрем мен,
Қасіретіңді ұшықтаймын Өлеңмен!
Ұшық,
ұшық,
ұшық...

Отар-отар қойдай саған ен салып,
Отар қылып үйірген,
Отарынан шығармай,
Мұрнын көкке шүйірген –
Қорс-қорс еткен қорс еткен,
Доңыздардың ұшындың ба демінен?!
Бақыт көрген мына бір боқ дүниені,
Қоңыздардың жиіркендің бе көңінен?!
Уа, тұншықтырған үніңді,
Сөйлетпеген Тіліңді,
Көк көздерді көкірегіңе сарытқан,
Ей, бақырайған түріңді...
Үрейің,
үрейің де ұлттық емес қайтейін!
Жас өскенше жанарымды жасытпан!
Мынау бір кезеңнен
ұшық,
ұшық,
ұшық...
Бүлініп жатқан Тегіңді,
Таланып жатқан Жеріңді,
Қан сесімен шешейін,
Ар жасымен жуайын..!
Жараланған Діліңді,
Иманыммен жуайын,
Қараланған күніңді,
Ожданыммен жуайын..!

Қайсар жанды Қазағым-ай – киелім,
Сені ойласам сырқырайды сүйегім.
Қара жүрегім қақ айырылып мен сені,
Жанарымнан жасын ағып сүйемін!
Алқымына алқа тағып арманның,
Көкшіл түнде көк тұйғындай толғандым.
Тағдырыңа тамырыммен жалғандым,
Көкжал мінез Иманжүсіп секілді,
Азуымды Ай жалаған Мен бармын!

Уа, Иманжүсіп батырым,
Орыстарға жағынған болыстарды еңіретіп,
Болыстардың сасық сесін өлтірген!



Ай, Алланың асқақ ақыны,
Көкірегінен кернеп ұшқан жасын – сөз,
Тексіздердің тентіретіп тағдырын,
Тәубесіне келтірген!
Мен де сендей шерлімін,
Мен де сендей шерлімін!
Өресіне екі дүние деміккен,
Рухында Раббымның әділеті бар өрелім!
Ата салтын сүрмеген,
Ана тілін білмеген,
Мына бір бүгінгі атшабарын әкімнің,
Мен де сойсам деп едім!
Ұлт қадірін білмеген,
Ұлдан нені көремін?!
Жат қойнында түнеген,
Қыздан нені көремін?!
Осыларды дәл сендей бауыздасам деп едім!
Уау, жүрегі – Сарыарқадай кең Ерім,
Тілегі – Көкшетаудай көрікті,
Кемеңгерім не дейін?!
Қарлығады-ай құсаланып көмейім!
Иманжүсіп, жараланған жан бүгін,
Бұлдыр-бұлдыр сол қалпында тағдырым.
Рухыңа Рухыммен күңіреніп,
Мұңым шақтым, саған айттым барлығын.
Мына жақта құлақ өлген, сөз өлген,
Ұлттық Рух шөлдеп, семіп, кезерген.
Үмітімнің қос көзінен май ағып,
Болашақтан бір бақытты сезем мен!
Қадіріңе жетпедік қой барыңда.
Қазақ үшін шаһит кешкен жолыңда,
Өлең қалды, Рух қалды...
Ал қазір...
Үндемейсің, дұрыс шыған оның да...
Жан жұбатып жасыл шөптің үнімен,
Оңашада ойға айналып түнімен,
Жылатарсың, уатарсың даланды,
Жаңбыр жуған боз жусанның тілімен!

**Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ**

**Иманжүсіпке**

Қылмыстарын арқалап бөтен елдің,
О дүние төріне кете бердің.
Бұл өмірге өшпестей із қалдырып,
Берік ұстап тізгінін екі өнердің.

Сен үшін қымбат емес көрінген бел,
Сен келгенде анаңнан төгілген тер.
Керекудей киелі құтты мекен,
Иманжүсіп есімі берілген жер.

Жастайынан байқатып даралығын,
Лезде өткенін-ай саналы күн.
Серілердің үніне үн қосам деп,
Әншілікке арнаған балалығын.

Қанады қасиетті халықты олар,
Қалтасын қара жұрттың анық тонар.
Жігітке жеті өнер де аз емес пе,
Тағы бір өнері бар алып соғар.

Куә оған жер, суым, аспан, күнім,
Кең даланы тербетер асқарлы үнің.
Сендей дарын табылмас бұл жалғаннан,
Кең даладан дауысы асқан бүгін.

Ешкімге намыс бермей қарысқан
Қазағым деп бәрімен де жарысқан
Көз алдымнан жатсам тұрсам бір кетпей
Сағым болып елестейсің алыстан.

Алтын сөзің түссе менің қорыма,
Гауһар тасты түсіргендей қолыма.
Менде қалмай қара қапас заманда,
Түсейінші Иманжүсіп жолына.

**Ерғанат БАЙБОЛАТ**



**Иманжүсіптей ер қайда?**

Көтектей біткен білегін, тағадай тастап көкірек,
Қыздырып батыр жүрегін соғуға қайта еріткен.
Пырақтай мініп тұлпарды найзағайдан қайраған,
Алмас қылыш қолға алып, уа жұртым деп деміккен.

Имекеңнің ұраны рухтыны елітіп, ұлы іске еріткен.
Тек жеңіс деп айқасып, айырылған еркте.
Жау қалдырмай жайратып, асау мініп ойнатып,
Белдескенді бүк қойып, жеңіс күйін шерткен.

Әйел басына іс түссе, ақылдасып сөз болар,
Ер басына іс түссе, каруын сайлап қолға алар.
Ел басына іс түссе, сүйген құлын құрбан қып,
Батыры аттанып майданға, халқына алла жар болар.

Иманжүсіптей ер қайда, темірдей мықты бел қайда?
Жүрісіндей жорғаның бүлкілдеп шерткен күй қайда?
Айналайын, бабам-ай, жаныңды еттің айырбас, рухың тұр туында,
Ақ таңымыз атты ғой сіздерді бізден айырмас, иншалла, енді құдайда!

Желкенді елдің ескегі жас бауырым тыңдаған,
Талмай өрле жартасқа шың басында болмас түн.
Сәуле жисаң жұртқа шаш, ақ жүзіңде нұр ойнап,
Имекеңдей ғалым боп теңізден жаса бір айлақ.

**Қайып ДӘМЕТКЕН**

**Иманжүсіп бабама**

Сен кешкен күндердің, бәрі де азап күн,
Еліңе күрестің болсын деп азат күн.
Қазақтың бар мұңын, сыйдырған жүрекке
Алланың күші ме, не деген ғажапсың?!

Сен өткен көрмедік, қыстау бір уақытты,
Өзіңмен мақтанар жас ұрпақ бақытты.
Ажал кеп жеткен де, қойнына алған бір
Қара жер бізден де, одан да бақытты.

Қалпында барлығы өзің бір көз көрген
Ауылың сен туған жоқ әлі өзгерген.

Құмының шаңында ойнауда балалар,
Шауып жүр асыр сап, сен жүрген іздермен

Төсінде шыңдалсам, қылыш боп ұстаның,
Өшпейтін мәңгілік, бар мен де ұстаным.
Ертістен көргендей бейнемді айнымас,
Ақынға өзіңдей келеді ұқсағым.

Бұл ғасыр білмейсің қандай бір кейіпте,
Барармын бұйырса сен жатқан бейітке.
Тарихтың ашылмай қалды ғой сырлары,
Құпия саны жоқ тұрғандай сейфте.

Қалдырдың мол мұра, өсиет артыңа
Алтынмен қаптаған сәйкес қып затыңа.
Алланың үйі бар салдырған әспеттеп,
Бұ халқың арнаған, тарту ғып атыңа.

Өзіңдей қыраннан, бекиді қанатым,
Шоғың бар кеудемде, алаулап жанатын.
Сен ішкен бұлақтан басамын шөлімді,
Атқылап сулары гүлдерге таматын.

Дұға ғып еліңе, Тәңірден жатар да,
Алла деп ояндың ақ таның атар да.
Жан сала қорғадың еліңді, жеріңді,
Дұшпанның тигізбей, залалын Отанға.

Жырымды жазамын, босатып күрмеуден,
Сөйлеймін бабалар сөзіндей сүрленген.
Рухыңнан өнгенмін, өсемін, өрлеймін
Болмаса ол егер болар ет құр кеудем.

Құранын бағыштап, жолаушы жүз өткен,
Көріңде арқаннан шығар-ау сыз өткен?
Аспанға, бұлттарға, жұлдызға мың алғыс
Меңіреу түндер де моланды күзеткен.

**Серік НҰРТУҒАН**



**Иманжүсіп**

Ғұмырының барлығын кіл түгесіп,
Еркін желге ақсиып тұр егесіп.
Сірілікті аңсаған серке мінез,
Мойынқұмда мұнаяд бір төбешік.

Бұлттай кезіп жер жүзін, желдей есіп,
Буырқанып, бұрқанып, селдей көшіп,
Таусылғанын үшін де риза шығар,
Өсіп-өнген ұрпағың көрмей бесік.

Басып-жаншып жатқанын көтермедің,
Айдауына көнбедің бөтен елдің.
«Көт» сүйгенін ұрпақтың көрсең егер,
Құбыладан бет бұрып кетер ме едің?!

Әуелгі ел мұндай ел емес еді,
Іргесі жоқ ұрпақ кіммен кеңеседі.
Иманжүсіп атылған сол наурыздан
Имансыздық ызғарлы желі еседі.

Жел өксігі тағы мұң, тағы нала,
«Иманжүсіп!»-деп зарлайд сары дала.
Қалың елім айрылып қарашықтан,
Жаутаңдайды көзінің ағы ғана.

P.S.
Ғұмырының барлығын кіл түгесіп,
Еркін желге ақсиып тұр егесіп.
Сірілікті аңсаған серке мінез,
Мойынқұмда мұнаяд бір төбешік.

**Ерболат ЕДРИСОВ**

**САҒЫНЫШ**
**I**
Дінге жақын,
елге етене есімі,
Ділге жақын,
елден келген несібі.

Түбі Сырдан – күні қырда өткенмен,
Ерейментау құндақтаған бесігі.

Тау тұлғалы,
Дала – жүрек,
Өр – көңіл.
Бір бойына тоғыстырған көркем ұл.
Сендей батыр, ақын туған ерке дүр,
Ерейментау – ән сіңірген өлке бұл.

Адам болып жаралғалы рас, Хақтан
Ел қорғауды үйренгенбіз һас Сақтан,
Сенде өзіңнің дұшпаныңа бек тұрып,
Тар жолыңда табаныңа тас батқан.

Қарашаға келе алмассың оралып,
Орныңдағы елің келеді оңалып.
Сен сағынған Ерейменнің таулары,
Сағынышқа жатыр әлі оранып.

Өзгерседе ел, өзгерген жоқ өлке түк,
Өлең жазам өзегімді өрт етіп.
Ерейменді менде сендей сағынам,
Жанарымнан жалғыз тамшы мөлт етіп.

**САҒЫНЫШ**
**II**

**...Жаныма ерген жігітке олжа салып,**
**Бір түнде сегіз қыздың қойнын аштым.**

Бұлдырап бара жатыр бөрі-жалған,
Көсе шалдар көсемнің төрін алған.
Ерлік кетті еркектен, ең болмаса,
Бір үйден он баланы көру арман.

Алпыспай да жоқ бүгін, Елубай да,
Көксегені бәрінің тегін пайда.
Сегіз қыздың бір түнде ебін табар,
Сегіз қырлы, бір сырлы ерің қайда?!

Сал-серілер басқанда төрін күз кеп.
Сарыарқа елегізиді ерін іздеп,



Желөкпе, босбелбеулер мастанып жүр,
Жезөкшеге барғанға серіміз деп.

Шабады ойға, қырға шабан кердей,
Бес бала таптыруға шама келмей.
Сөйте тұра күлеміз өткендерге,
Дәуіріне лайық баға бермей.

Үйлер көп аңыраған аландай құр,
Бала ғой үй қызығы, аландай біл.
Сегіз қыз «серілердің» түсінде жоқ,
Бір әйелдің қалауын таба алмай жүр.

Белсіздік, беделсізге тұзақталып,
Мұнша неге барамыз ұсақталып?!
Кесірін белсіздіктің көрген ана,
Бесігін еңірейді құшаққа алып.

Ерлер аз, елім дейтін қоғам да анық,
Бабамның айтқаны-ау деп жобаладық.
Бар шығар өлгендерде тең келетін,
Тіріміз Иманжүсіп бола алмадық.

**Құрмет ҚҰРАЛХАНҰЛЫ**

**Иманжүсіппен сырласу**

***«Бір көрінші көзіме, Ерейментау!»***

...Жанымның құты қашып, иманы ұшып,
Кеудемді, қу дүние, қинар қысып.
Сырымды саған ғана ақтарайын,
Бір көрінші көзіме, Иманжүсіп...

Есіл ер,
Иманжүсіп Құтпанұлы,
Құтпанның топты жарып шыққан ұлы!
«Бір түнде сегіз қызды алып қашып»,
Жасыңнан атағыңды жұрт таныды...

Ер едің!
Еркек едің!

Алып едің!
Әніңді әуелетіп салып едің.
Әндерің әлі күнге ел есінде –
«Ерейментау», «Сарыарқа», «Сарыбелің».

Шырқалса ел ішінде ару-әнің,
Бір аунап түскен шығар аруағың.
Қазақ қалай ұмытсын, хас батырын,
Әнші-ақынын, серісін, балуанын?!

«Бұл жалған екі айналып-ай келмес...» - деген,
Шер бар ма, шіркін, дүние, сен кешпеген?!
Арқалы аға көріп, арқа тұтып,
Өзіңмен Қажымұқан да белдеспеген!

Жұртың үшін жұмсалған қара күшің,
Ар алдында болса да адал ісің.
Алпыс сегіз жасыңда, қайран ерім,
Атылып кете бардың, қазақ үшін!

«Өткен күн, өткен тарих – елес» дейді,
Еліктер ер болмаса, ел өспейді.
Иманжүсіп бабамның өр тұлғасы,
Ерейментау тауындай елестейді.

Шалбарын да кие алмай бұтындағы,
Қанымды қайнатады, құтырғаны.
Ортамызда әлі жүр, сен сабаған,
Пәлеқор поштабайдың тұқымдары!

Қазақ бар ма сырымды ұғатын бұл,
Бұның бәрі жанымды жылатып жүр.
Аузы түкті кәпірлер... сен атысқан,
Бұғылы, Тағылыда бұғы атып жүр...

Оязды ойбайлаттың, ауызға ұрып,
Болса егер, сендей болсын нағыз жігіт!
Сыр шертер Сырдың елі өзің жайлы,
Атыңды Арқа жұрты аңыз қылып.

Сені ойласам, көзіме толар қайғы,
Есімің ел есінен жоғалмайды.



...Қазақтың жүз ақыны жыр жазса да,
Бәрібір, Иманжүсіп... оралмайды!

**Аслан ҚАЙРАТҰЛЫ**

**Иманжүсіптей Ер қайда?!..**

***Ел азаттығы үшін күрескен батыр, ақын,***
***халық композиторы, әнші, сері***
***Иманжүсіп Құтпанұлының (1863-1929)***
***150 жылдығына арнаймын.***

**I**

Жалынды жігерін...
Жұртына арнаған асылым!
Рухымен жаңғыртқан жаңашыл ғасырын!
Ешқашан шығармай ездерше жасық үн!
Айбыны тым асқақ ержүрек – ғашығым!
Ғұмырдың жолында әділдік арқалап,
Ұлтыңның бағы үшін өзендей тасыдың!

Сұңқардай көздері...
Дұшпанға сүзіліп!
Жасқаншақ әлсізге көңілі бұзылып!
Әнінен, жырынан еркіндік түзіліп!
Кеудеден халқына ыстық дем үзіліп!
Даламды толқытып сазымен, назымен,
Жүретін қазақтың көңілін жүрекпен ұғынып!

«Қазағым!» деп өткен...
Халқымның қайсарлы қыраны!
Әлемді тербетіп жаққтты жыр-әні!
Ұрпаққа қалдырып рухани мұраны!
Бүгінде...
Әр үйде жырларың желбіреп тұрады!
Кең Дала төсінде еркелеп күн кешкен,
Ұлы Ақын!..
Ұлы Әнші!..
**Қырағы!..**

Тектілік тегіңнен!...
Әкеңді көргенде талайлар шегінген!

Жан еді ол-дағы қазаққа берілген!
Жауынан тайсалмай асаудай тебінген!
«Ұлтым!» деп үстіне ақ сауыт киінген!
Хан-Кене бастаған ұранға қосылып,
Көтеріліс көгінде бүркіт боп түйілген!

Сол бабаң!...
Әрдайым жолыңды қолдаған!
Қазақтың намысын қызғыштай қорғаған!
Ұлықтан жасқанбай ұрандар жолдаған!
Ызғарлы кезеңде азаттық толғаған!
Иманжүсіп деп қойып атыңды,
Саған да тіледі табысты оң қадам!

Тағдырың сан қырлы!..
Қыспаққа мың алып төзімді сарқыды!
Таусылмай «үштіктің» үмітсіз қарқыны!
Төмендеп сол шақта адамдық, ар құны!
Адалдық - жігерсіз жалын боп қалқыды!
Жаныңа жақының жат қылық жасап ап,
Уақытша сезімнің уына балқыды!

Жала да жабылды!..
Сан түрлі сөздер кеп кеудеңе тағылды!
Белсенді көп топтар билікке жағынды!
Тұтқындап, таптады барыңды!
Айдауға салды да қинады жаныңды!
Көзіне жас алып Табиғат-Ана да...
Ақтауға тырысты ақ ниет, арыңды!
Жат болып жақының!...
Тар жерде қысылды тақымың!
Халықтың жауындай себепсіз сатылдың!
Алыстан біздерге естілді дат-үнің!..
Жүрегің лүпілдеп ақырын!..
Тордағы арыстан секілді...
Ақыры атылдың!..

**II**

Тәуелсіз таң күлді...
Періште жебеп жүр ақ көңіл халқымды,
Тарихтан сыр ұғып дұшпандар тартынды.



Жер жүзін тамсантып жасадым салтымды,
Көркейіп күн сайын, дамыдым қарқынды.
Әлемнің төрінен қасқайып орын ап,
Елім тұр жарқырап алтынды!

Көк байрақ желбіреп!..
Тәуелсіз жүректер елжіреп!..
Алапат, асқақ рух кемелі көк тіреп.
Ақындар тамаша жырларын төкті кеп.
Еркіндік самалы бойымды өпкілеп!..
Көгімде айналып бақыт-құс ұшып жүр,
Ғасырдың ақ нұрын төккілеп!..

Сонда да жатталдың!..
Уақыт-тарих сахнасында сақталдың!
Талай жырдың бақшасында бапталдың!
Ұлттық Рухтың қызметін атқардың!
Жақсылықтың жаршысы боп жақталдың!
Иманжүсіп есімің қайта жаңғырып,
Бүгін, міне, толығымен ақталдың!

Ұлы Дала сағынды!..
Бір кездері әніңнен алқа тағынды!
Көмейіңнен жыр саулады, ағылды!
Өнеріңе жүрегімен табынды!
Сені іздеп шарқ ұрды, сабылды!
Туған жерге үніңмен сіңіп кеткен,
Жырларыңның барлығы да табылды!

Есіміңді ел көтерді тұғырлап!..
Өнеріңді дәріптеуде ән құрап!..
«Иманжүсіптей ерлерім бар ма екен?!» -
Дейді маған...
Табиғат-Анам құлағыма сыбырлап!..

**Нұргүл НҰРБАЙҚЫЗЫ**

# ОЙ ТОЛҒАЙМЫН НАР ТҰЛҒА ӨЗІҢ ЖАЙЛЫ...



Сөйлесе - сөздің шешені, бастаса - елдің көсемі Имекең аруақты, сұсты адам еді. Туысы қандай төтем болса, жаратылысы, қасиеті өнері де сондай төтем еді Иманжүсіптің.

**Әуелбек ҚОҢЫРАТБАЕВ**

Форма жоқтау неоднократно использована акынами – композиторами. До нас дошли песни «Кулагер» акына Ахан Сери о любимом его коне, «Ерейментау» акына Иманжусупа, в которой он находясь в ссылке, прощается с Орлиной охотой и любимым орлом.

**Мухтар АУЕЗОВ**

«Сармойын» әні бейопа тағдыр кешкен Иманжүсіптің әні. Операға із-түзсыз жұтылды да кетті. Сол операның төртінші актісінде Иманжүсіптің «Сармойын» әнімен Бекежан өзінің кім екенін танытып, аза бойды қаза етеді.

**Ахмет ЖҰБАНОВ**

Я в долгу перед памятью Иманжусупа. В своих работах о казахской музыке я, к сожалению, не мог говорить о нем. А ведь это значительная фигура в казахском искусстве. О его вкладе в казахскую музыку можно судить хотя бы по одной его песне «Сары мойын», которая вошла в оперу «Қыз Жібек» и как бы потеряла своего автора.

**Ахмет ЖУБАНОВ**

Своего рода герой, силач. Перечисленные качества соединяет в себе с несомненной музыкальной талантливостью.

**Александр ЗАТАЕВИЧ**

Сол күні көзім жетті, Иманжүсіп қиын тағдырлы әнші боп шықты. Мен оның бұғылы-тағылы «Сармойын», «Сары-Арқа» әндерін білетін едім. Енді ол әндердің де жағдайы мүшкіл, жетімсіреп жатыр. Онымен ешкімнің жұмысы жоқ. Менің де қабырғамды қайыстырып, оған мен де кінәлі сияқтымын.

**Жүсіпбек ЕЛЕБЕКОВ**

Иманжүсіптің әрекеттерінің бірі – отаршылдыққа қарсы екпін. Шынында, қай салада болмасын Иманжүсіп өзінің өрендігін, ерендігін таныта білген, қазақ өнерінің ұлт-азаттық қоғалысының, қазақ мәдениетінің ірі тұлғасы екеніне күмән тудырмайды.

**Манаш ҚОЗЫБАЕВ**

В любой ипостаси Иманжусуп сумел выразить полно и ярко свою индивидуальность и уникальность, и по праву занимает особое место и в казахском искусстве, и в истории народно – освободительного движения.

Не вызывает никокого сомнения то, что Иманжусуп является значимой и весомой фигурой казахской культуры.

**Манаш КОЗЫБАЕВ**

Иманжүсіп – Балуан Шолақ, Қажымұқан есімдерімен қатар тұратын қасиетті халық мақтанышы.Ұлт намысының үлгісі. Қазіргі бізден кейінгі ұрпақ бұл есімдерді ардақтай білсе, халқымыздың мерейі өсе түспек.
Ел үшін, теңдік үшін, бостандық үшін жан пида болған ерлер алдында халық қарыздар. Оның өтемі: ерлер есімін өшірмеу.

**Шерхан МҰРТАЗА**

Халық композиторы, әнші, ақын, ел мұраты үшін замана зорлықшыларымен арпалысып өткен есі ер - Иманжүсіп Құтпанұлының аты аталғанда оның ерекше туысына сүйініп, озбырлық пен қиянат құрбаны болып арманда кеткеніне өкінбейтін жан табыла қоймас.
Ал Иманжүсіптің жігер мен намысқа толы өлең, әндері азаттықтың ұранындай қазақ даласына кең таралып, батырдың бастан кешкен істері ел аузында аңызға айналғаны ғажайып құбылыс. Халқымыздың қажырлы ұлы, ерлік пен өнер туын қатар ұстаған, қауымның санасына өшпес із қалдырған Иманжүсіп мұрасын талдау мен бағалаудың күнге жеткенімізге шүкіршілік етеміз.

**Рахманқұл БЕРДІБАЙ**

Иманжусуп – поэт, композитор, менестрель, батыр, ставший легендой казахского народа. Судьба одарила его необыкновенными качествами. К высочайшему песенному дару присовокупив еще и необыкновенную жизненную физическую силу, тонкий пытливый ум, интеллект и дерзкий, буйный нрав...
Образы, чувства и мысли, высказанные в его мыслях, можно сравнить разве что с океаном – то величественным, безмятежным и спокойным, то бурным, клокочущим, сметающим все на своем пути, разбивающим в щепы коробли и суда.

**Рахманкул БЕРДЫБАЙ**

Иманжүсіптің ата-бабасы сыр елінің көсемі, батыр болған ірі тек екен. Оның ұлы атасы Тұрғанбай датқа Түркістанды билепті. Өз әкесі Құтпан Кенесары – Наурызбай бастаған ұлт-азаттық қозғалысының жаужүрек ерлерінің бірі болған. Ал Иманжүсіптің өзі патшалық тәртіпке де, кеңес өкіметінің саясатына да жан - ділімен қарсы боп өткен батыр, азат ой, асқақ әннің иесі!

**Ілия ЖАҚАНОВ**

... Бұдан соң Нұр-аға Ерейментау туралы Иманжүсіптің өлеңін оқыды. Мен болсам, жерге кіріп ұялдым. Ұялған себебім – әдебиетші бола тұрып, осы жырды жатқа білмегенім.

**Оралхан БӨКЕЙ**



Об Иманжусупе я впервые услышал от внука Саккулака Турсынбая Ергалиева. Был покорен поэзией Иманжусупа, через личные свои переживания он затрагивает общие проблемы. При этом его очень страстная, эмоциональная, высокохудожественная поэзия и его песни всегда подкупают слушателя.

**Музафар АЛИМБАЕВ**

Өткен ғасырымыздың руханият әлеміндегі қаһарман тұлғалардың бірегейі - Иманжүсіп. Ол бар болмыс бітімімен ұлы суреткер, асқақ рухты күрескер, кемел композитор.

**Әбіш КЕКІЛБАЕВ**

Иманжусуп – одна из романтических и героических личностей недавнего прошлого. Он по признанию художник, творец, композитор, великий музыкант. По натуре – настоящий степной рыцарь. Он совершал абсолютно неповторимые, незаурядные подвиги, которые до сих пор живо отзываются в сердцах людей. Своим благородством, непризнанием любого насилия, резким протестом к проявлению любого социального зла он будет подкупать представителей, наверное, многих поколении всех времен.

**Абиш КЕКИЛЬБАЕВ**

Иманжүсіп қазақ өнерінде ерекше орыны бар тұлға. Оны халық өнерінің шыңы дәрежесіне көтеріп тұрған ақындық, сазгерлік, әншілік дарыны. Осы үш қасиеттің бір адамның бойында тоғысуы, оған қоса туған жер мен ана сүтінен, ата сүйегінен енген дарын Иманжүсіпті халық өнерінің шыңына айналдырды.

**Ғарифолла ЕСІМ**

Тарихта бағы жанған, бағы жанбаған тұлғалар бар. Солардың бірі – Иманжүсіп, қазақтың бір туар, ержүрек ұлы. Оған қоса – атақты әнші, сазгер, сері. Иманжүсіптің әндерін айтпайтын, жадында сақтамаған қазақ болмаған. Иманжүсіптің қазақ әдебиетінің, өнерінің музыка тарихында орнын жарқыратып көрсету - біздің парызымыз.
Баяғыда Сәкен Сейфуллин 27-ші жылы арнайы іздеу салып, Иманжүсіпті тауып, кездесіп, аса құрметтепті. Ал егер Сәкен Сейфуллин іздеп жатса, кейінгі біздер қолымызға шам алып іздеп жүруіміз тиістіміз ғой. Иманжүсіпті ардақтау елге сын болып отыр.

**Тұрсынбек КӘКІШЕВ**

Есть известное высказывание Виктора Гюго, что величие человека не в его росте, а в том, что он оставил народу, и в его отношении к народу. А величие народа не в численном количестве, а в том, как этот народ защищает свои земли, помнит и чтит свою историю и хранит уважение к своим предкам. И вот одна из таких личностей, одна из фигур, которая помогает нам воспитывать уважение к родному краю и

формировать историческое сознание – это Иманжусуп Кутпанов. Народный батыр, композитор, поэт, оставивший неизгладимый след в истории и литературного, и музыкального искусства в истории народно-освободительного движения, чьи песни широко популярны до сих пор, и в общем-то были популярны даже в те времена, когда его имя было предано забвению. Для народа его песни, его жизнь – это бесценное наследие.

**Толен АБДИК**

Бабасынан әкесіне дейін бүкіл бір әулет Қоқан басқыншылығымен арпалысып, одан ардагер батырларының ұрпағы Иманжүсіп те әділетке жете алмай, отаршылдық пен қиянатқа қарсы тұрғаны үшін ақ империядан да, қызыл империядан да қуғын көрген, ақыры коммуннаның қапас камерасында коммунистердің қолынан жазықсыз мерт болды.

**Қалихан ЫСҚАҚ**

Тарих ақтаңдақтарын ақтау үшін біз қаншама уақытты жоғалттық. Көзі аршылмай, көміліп жатқандары әлі бар. Құдайға шүкір, ата – баба аңсаған Тәуелсіздігіне қолымыз жетіп, кешегі қылышынан қан тамған «жақтым жала, жақтым күйе» сұмырай заманды келмеске кетірдік.
Алайда, айтып – айтпай не керек, әлі күнге дейін отарлаушылар санамызға егіп тастаған үрей, «әлдеқалай болады» деген қорқыныш халқымыз үшін жанын пида еткен боздақтарымыздың есімін көкке көтеріп, лайықты орнын белгілеуге тосқауыл болып отырғанын жасыруға болмас.
Бұл тұрғыда, меніңше, тез арада ұлттық сауықтыру шараларын кешенді түрде қолға алмаса болмайтын сияқты. Ол үшін әрісі Иманжүсіптей батырларымыздың, берісі Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қаһарман ұл- қыздарымыздың ерліктерін жас ұрпаққа үлгі ету керек. Елдің рухы көтерілмей, ертеңге сенім қайдан болсын?

**Оразбек СӘРСЕНБАЕВ**

Бүгінгі таңда тәуелсіздігіміздің арқасында кешегі тарихи ақтаңдақтарымыздан арылып,ардақты тұлғаларымызбен қайта қауышып жатқан шақта халқым деп көкірегі қарс айырылып, сол үшін жазықсыз жапа шеккен, ұлтымыздың адал перзентінің бірі Иманжүсіптің де есімін қастер тұтып, ел жадында қалдырудың шараларын жасар кез жеткені даусыз. Иісі қазақ үшін Балуан Шолақтың орны қандай болса, Иманжүсіп те сондай тұлға.

**Әнапия ЖҮНІСОВ**
**Арзұлла МОЛЖІГІТОВ**

Өзі кетсе де Иманжүсіп есімі халық жадында сақталып қалды. Оның әндерінің әуені өшкен жоқ. Кезінде Иманжүсіпті Балуан Шолақ пен Қажымұқан, Мұқтар Әуезов пен Сәкен Сейфуллиндер құрметтесе, еске алса, кейіннен ол ақталмай тұрып-ақ Иманжүсіптің өмірін Зейтін Ақышев, Кеңшілік Мырзабековтер шығармаларына арқау етті, Әбділда Тәжібаев, Әуелбек Қоңыратбаев естелік қалдырды, Ілия Жақанов әндерін жаңғыртты, ғалым, батырдың немересі Раушан Иманжүсіп мұрасын, Иманжүсіп дүниетанымы мен көкжиегін зерттеп, терең талдап халқына қайтаруда.

**Қайдар АЛДАЖҰМАНОВ**



Дастархан үстінде күзен әңгімесін батыр Имекең жалғастырды.
Жігіт шағын, аңшылықты жақсы көретінім қандай.. Атым, итім, құсым, мылтығым қашан да дайын тұратын қолда, - сөзге сараң, әсірелемей баяу сөйлейтін, қапсағай зор денелі, ат жақты, құба сұр жүзді, қиян мұрат, шоқша сақалды кісі еді ол.

**Жұмабай ОРМАНБАЕВ**

## О Турганбае и его пропавшем сыне

К уезду Акмечеть относится в наши дни 4 улуса кипчаков. Проживают они на побережье Сырдарьи и чуть вглубь выше Акмечети до Шиели. Летние выпасы их – на Сарысу и Каратау. Большинство называют их торттобе кыпшактары (4 вершины, 4 холма). В период Кокандского правления они, как и остальные казахи, были под властью хана Коканда. В те времена народ возглавляли лучшие из лучших. Обладавшие недюжинными способностями, волей, незаурядным умом. Они проявляли себя на народных собраниях, произнося зажигательные речи, увлекая толпу за собой, в битве первыми бросались в бой на врага. Турганбай еще с юных лет выделялся среди своих сородичей и необыкновенной силой, тонким умом и вскоре стал признанным воеводой (датка). Поскольку Туркестан, хотя и был под властью кокандцев, находился на земле казахов, правитель вынужден был жить в городе. Но постепенно бразды правления в Туркестане взял в свои руки Турганбай. И правил людьми, имея ханские полномочия. У ворот Туркестана, что носили название Култобе, он самостоятельно вершил суд над провинившимися. И никто не смел ослушаться его. Как водиться в таких случаях его сородичи держали себя заносчиво, задиристо, пользуясь огромной властью Турганбая. Вместе с кипчаками проживали в Туркестане и конраты. Один из них, натерпевшись от забияк-кипчаков, как-то сказал в сердцах: если кипчаки и дальше будут вести себя как петухи, то недалек тот день, когда и у конратов кончится терпение. Безраздельная власть и непоколебимый авторитет Турганбая воеводы заключался в том, что он был образованным грамотным человеком. Конечно же, у него было много завистников и недоброжелателей, которые придумывали всякие уловки и хитрости, чтобы убрать его с пути. И первыми врагами его без сомнения были другие воеводы-датки, которые завидовали его положению и славе. В 1850 году казахи объединившись, обратились к Ташкентскому эмиру Нармамбету с жалобой на правителя Туркестана Имамберды. Тот выслушав казахов, сместил с должности Имамберды и назначил на его место Ырыспека. Отправляя его в Туркестан вместе с казахами, Нармамбет дал новому правителю такой наказ: «поступай так, как скажет

Турганбай. Это наш мудрец, он тебе плохого не посоветует». По дороге казахи стали уговаривать Турганбая: «до каких нам быть под игом кокандцев, кланяться им в пояс на родной земеле? Изберем Вас правителем, а Рыспека убьем. Пусть кокандцы покажут свою силу, а уж мы им ответим». Турганбай сказал, что это невозможно, что плетью мол обуха не перешибешь. Тогда все наперебой стали уговаривать его, поминая былую славу батыров, историю кипчаков. В общем дело закончилось тем, что под дружным напором собравшихся датка дал согласие. Один из его сподвижников и близких родичей, по имени Ермек, отговаривал Турганбая от этой затеи. Но как говорится, и на старуху бывает проруха, так и Турганбаю в этот раз отказала его прозорливость, и он не внял советам друга.

В местечке Жолай шак Турганбай поставил шестикрылую юрту, приготовил угощение. Убийство бека запланировано на ночь. Заговорщики в тайне от Турганбая пришли к Ырыспеку и предупредили его о замысле датки. Когда кавалькада приблизилась к юрте бек со своими сарбазами, вскинув винтовку, поскакал к Туркестану. Удивленный датка, заподозрил неладное и потребовал ответа у свиты. Те притворно, пожимая плечами, отвечали: «не знаем, господин, мы верны своему слову». Что было делать? Турганбай собирает воинов и осаждает Туркестан. Но вскоре обнаруживает, что большая часть повстанцев сбежала. Вместе с горсткой преданных ему людей он отступает. У местечка Жеты тобе (7 холмов) их догнали люди Ырыспека: «Бек вызывает тебя к себе. Он прощает твою вину, для него главное – мир и спокойствие народа. Нармамбет эмир наказывал ему слушаться тебя и потому Ырыспек готов забыть обиду, он предлагает тебе прежнее место своего заместителя». Турганбай не верит словам Ырыспека, но понимая, что из-за него могут пострадать простые люди его соплеменники, отправляется в Туркестан. Связанного по рукам и ногам его привозят к беку и после нечеловеческих пыток придают мучительной смерти.
Предчувствуя недоброе, оставшиеся без датки кипчаки скрываются в песках, ни на минуту не переставая верить, что Турганбай жив.

Остались позади родимые места,
И ханское жайлау Косщы ата заросло лебедой,
Но верим, что настанут лучшие времена,
И ты, Туркестан, не теряй веры в нас.

Младший брат Турганбая – Басыкара, прослышав от кого-то, что – де воевода жив. И за него просят выкуп в 1000 золотых, собирает деньги и приезжает в Туркестан. Бек милостиво принял дары, а Басыкару бросил в темницу. Узнав об этом, Ордаба и Тленши, младшие братья воеводы пытаются откочевать в Сары-Арку, но по дороге на них нападают головорезы из банды Ак кошкара и Сайдалы, и полностью уничтожают кочевье. Спастись никому не удается.

У другого датки Турсынбая, проживавшего в Торт тобе вместе с Турганбаем, был сын Досбол, прославившийся своим красноречием. После гибели Турганбая они откочевывают в Торгай. Там известный поэт Есберген приглашает переселенцев в гости. В пригласительном письме он пишет: «Турганбай был львом среди кипчаков



Сырдарьи, когда же пламя пожара охватило его, то искры долетели и до Досбола. Спасаясь от пожара, беженцы Торт тобе добрались до Арки».

Правитель Кудияр хан, услышавший к сожалению, слишком поздно о убийстве Турганбая был разъярен и в гневе казнил эмира Ташкента. Освободил томящегося в неволе Басыкару и передал ему титул старшего брата. Но в 1854 году Басыкара погиб в перестрелке с русскими солдатами у подножия Каратау. У Басыкары был единственный сын Ахмет, но в 25 лет он погиб. У Турганбая детей не было, но говорят, что в одной из первых битв с кокандцами, еще в молодости его жена в месте с трехлетним сыном и восьмилетним деверем Басыкарой убежала от погони в пески. Выбраться из песков с двумя детьми было невозможно, и она оставив сына добирается с деверем до ближайшего кочевья. Жигиты, приехав на место указанное ханшей, ребенка не нашли. Так вот, пропавший бесследно ребенок недавно нашелся, им оказался казах по имени Кутпан из аула Сарытерек Акмолинского уезда. Оказалось, что ребенка в песках нашили кипчаки-караванщики из Кустаная. И привезли в дом влиятельных людей своего рода Ералы и Шокая. Как раз в это время у Ералы и Шокая остановился бездетный батыр Дайрабай, женатый на их сестре. Дарабай, устав от расспросов и упреков родственников, решает поселиться у родни жены. «Это хороший знак, значит найденный ребенок должен быть твоим сыном. И пусть он будет тебе достойным приемником. – сказали Ералы и Шокай». Мальчика нарекают именем Кутпан, а прежнее его имя было Баймырза.

Когда Ибрай Жаикпаев становится ага-султаном Караоткеля, Дайрабай перекочевывает с берегов Ертыша в Куйгенжар, что под Акмолой. Через много лет благая весть о том, что у Турганбая есть потомки дошла до всех. Пришла она и к нам в Торттобе. В 1911 году в Куйгенжар был отправлен с письмом близкий родственник датки. И вот осенью 1913 года самый младший из сыновей Кутпана – Иманжусуп, приняв наше приглашение, приехал в Шиели. В наших краях имя Турганбая у всех на устах. Помнят сородичи о былой его славе, и у каждого его образ. Кто бы мог подумать, что отыщется семя Турганбая, что мы будем иметь счастье лицезреть его внука? Вот потому-то приезд Иманжусупа для нас – значительное событие, это праздник для всех казахов, и вот почему из наших глаз льются следы радости и нет человека кто остался равнодушным к этому событию. «Пусть умрет отец, но до тех пор пока живы те, кто знал его, он будет среди нас, как живой», гласит казахская пословица. И в самом деле, Турганбай жив в нашей памяти, пока живы мы, хранящие память о нем, и наш долг передать эту память его прямым потомкам. Внук Турганбая приехал к нам на паре лошадей, а возвратился в Куйгенжар с целым табуном. «Истинный тулпар найдет в конце концов свой косяк, каким бы долгим и трудным не был путь к нему», - говорится в пословице. И заметим вполне справедливо, ибо прошлым летом Иманжусуп переехал к нам навсегда, на постоянное место жительства. И на этот раз его встречали с не меньшим почетом и радостью. По традиции новоселам полагается всемерная помощь со стороны аулчан, ерулик. Сородичи наполнили двор Иманжусупа скотом, следуя традиции, привели и верблюдов, и баранов, и лошадей.

Иманжусуп оказался достойным преемником славного деда своего Турганбая датки. Теперь мы ждем приезда старших братьев Иманжусупа, чтобы устроить торжества по всем правилам. Будет ли это желание воплощено в жизнь, время покажет.

